

Қәкімбек Салықов



# Даналыққа тағзым

Hyppelmini Traiber!

---

Жаңа қосарлық Рұтты  
Елест. Аталық ақ  
миланнан

Мәселі

10-02-2004.

Қосарлық.

Кәкімбек САЛЫҚОВ

# ДАНАЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ

(Өлеңдер мен поэмалар)

«*Шың* АЛМАТЫ  
2003 *Қыял*»



С 18 САЛЫҚОВ Кәкімбек.  
**ДАНАЛЫҚҚА ТАҒЫМ.** - Алматы: "Үш Қиян",  
2003. - 296 бет.

**ISBN 9965-565-34-1**

*Бұл жинақта қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың қазақтың ұлы ғалымы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, академик Қ.И.Сәтбаевқа арнаған өлеңдері мен поэмалары топталған. Ақын атағы жер бетіне өйгілі ғалымның өмірі мен еңбектерін зерттеп, талай шығармаларын ел қолына жеткізсе, бұл жолы өлеңдері мен де поэмалары Қаныштың өскен ортасын, өнеге алған ұстаздарын, қатар өскен қанаттастарын сипаттап, шәкірттерімен сырласа білген. Қаныштың ата, анасы мен бүкіл әулетін қамтып, ел перзентінің өз бейнесін толық қамту жолында бұрын-соңды айтылмаған ақпаңдақтарды да ретті ашқан. Қызғылықты өлеңдер мен поэмалар өлемге аты шыққан гүлама ғалымның сан қилы дарындылығын жатық тілмен айқын суреттеген. Кітаптың композициялық құрлымы тартымды жасалған. Келелі ой мен келісті поэзия өз мақсатын өбден орындап тұр. Оқушы қауымының жүрегінен бұл жинақтың жылы орын аларына еш күмән келтірмейміз. Сөт тілейміз.*


52774

**ББК 84 Қаз 7-5**

С 4702250202  
00 (05)-03


**ISBN 9965-565-34-1**

© Салықов К., 2003



# ӨЛЕҢДЕР





## МАҚТАНЫШ

Жаманды жақсыменен өлшетуге,  
Екеуін жалғастырып көрші етуге  
Қаныштар келген екен  
Жер бетіне,  
Өресін кісіліктің көрсетуге.

Көп зерлеп тауларым мен ойпатымды,  
Тудырды кен болжағыш ой татымды.  
Кейбіреу аруағымен арпалысса,  
Ол көкте жұлдыз болып қайта туды.

Тағдырдан талай кеткен есем толды,  
Паш етті кен тасыған көшем жолды.  
Гомердей Элладаны айғақтаған,  
Қазақтың ғылымына көсем болды.

4

Бір сырлы сансыз қырлы туыпты ірі,  
Ел мен жер сүйді заңғар біліктіні.  
Ғылымның Гималайын  
Орнатты да,  
Болды өзі Эверестей биік шыңы.

Қолында кен мен мұнай зор табысы,  
Туған ел мәңгі есінде қалды арысы.  
Сарқылмас бай қазына үйіп, төккен,  
Қазақтың Қаныш-аға мақтаньшы.

## АҒАЛАР ҮШІН АЛҒЫСЫМ

О, тоба, жүзіміз ашылды,  
Жаңалық бұрқанған күн жетті.  
Оңалдық бір сілкіп ғасырды,  
Жаңқалап астамшыл індетті.

Сәкен мен Евней, Қаныштың,  
Аттары бұлт жарып жарқ етті.  
Шашқандай ақ сәуле жаны ұшқын,  
Жас қыран басты ескі тәлкекті.


Басталды ақжолтай жақсы ісі,  
Оқысақ “Правда” газетін.  
Біздің ел бүгінгі басшысы,  
Сынапты ескілер ғадетін.


Қос ғалым, ақ иық ақынның,  
Қуғында болғанын айтты анық.  
Ақ қайнар шығарды батыл үн,  
Үшеуін халқына қайтарып.

Қаныш пен Сәкеннің тойлары,  
Елдіктің еңсесін көтерді.  
Дес келіп ақ тілек ойдағы,  
Бар қазақ күткені өтелді.

Университет - өзінің төл ісі,  
Евнейдің атына берілді.  
Жан аға өркендеп өрісі,  
Тарқатты көкіректе шерімді.

Жыр құмар жасымнан салтым бар,  
Толтырып қойыппын дәптерді.  
Айта алмай жүруші ем сан жылдар,  
Бір парыз ақтайтын сәт келді.





Осы өлең алғысым Нүреке,  
Үш жұлдыз, үш-аға атынан.  
Әр ісін тапсын зор береке,  
Ел, жұртты бірлікке шақырған.

19.01.2003 ж.

## ҰЛЫЛЫҚТЫҢ МЕКТЕБІ

Білмек болсан  
беу, достарым Қанышты,  
Ол барлады көкірегі зар істі.  
Жезқазғанның  
Мыс жарқылын ту қылып,  
Әлемде бар кеніштермен жарысты.

“Жақсы”-деген - ұлылықтың дұшпаны,  
Ол “жақсы”-дан биік деңгей ұстады.  
Қыран-дала,  
Қыран-ұлы аспанға,  
Көзге ілінді зор қарқынмен ұшқаны.

Ұлы жеңіс - тетігі ұлы арманда,  
Ұлытаудан көз салды ол әр манға.  
Туған елін кенелтуге құлшынды,  
Шынды тесіп  
Шынырауға барғанда.

“Жоқ” - дегенге  
оқ боп тиіп қарысты,  
Кен жолына бағыштады бар істі.  
Абай атам айтқандай-ақ бір кезде,  
Қаныш-аға “мыңмен жалғыз алысты”.

Құштарлығы тұсау салу асауға,  
Демеу берді алға қадам басарда.  
“Жақсы” кеніш  
Қай құрлықта болмады,  
Ол ұмтылды ұлы кеніш жасауға.

Қажырлы еді  
талмай құлаш созатын,  
Елдің атын, паш етті ол өз атын.  
Атады “Үлкен Жезқазған” - деп ақыры  
Жаһанда бар алыптардан озатын.

Әлек салса Мәскеу көнбей теп, тегін,  
Мөжбүр етті  
Өр дауысты өктем үн.  
Қаныш жеңді,  
Түптен түсті айтқаны,  
Өркениет ашты өрелі мектебін.

9.01.2003.  
Алматы.


### ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШ-АҒА ЖЕР ИЕСІ

Данаға не тілесек келер бейім,  
Толғанып әнге қосып тереңдейін.  
Қазақтың Қаныш-аға жер иесі,  
“Сүлеймен - су иесі” дегендейін.

Танданса беу, қазағым! Ғасыр саған,  
Кен қайда, кең даламда ашылмаған.  
Кестелеп алтын, жезді дестелеген,  
Кім қалды атағыңа бас ұрмаған.

Көз салсақ теңіз, дала бел, белеске,  
Көш құрған көшпелілер жері емес пе?!  
Жайнаған арасынан жез кемедей,  
Жезқазған Қанышты айтсаң келеді еске.


Іргенді Темірғаулап беріктетті,  
Балқашқа алқа тағып көрікті етті.



7



Ғажайыптық Сағандар



Нарыққа қарық қылар мұнайды да,  
Сарқылмас ырыс етіп беріп кетті.

Тамыршы жан бітірер жерде кенге,  
Жасады зерлі кесте сенбегенге.  
Қордасын асыл тастың атап кетті,  
Көрсетіп періштелік пенделерге.

Басында Баянауыл тына қалмай,  
Самғады қарт Ұлытау сынағандай.  
Ордалы ғылым төрін жасап кетті,  
Тағдырдан бүкіл қазақ сұрағандай.

Табылса Жер-Анадан бар керегі,  
Байтақ ел әлденеді, сөнденеді.  
Қаныштың атын айтсаң барын ашып,  
Жер-Ана кеншілерге өл береді.

Кен шөккен тау мен тастың ізін тапқан,  
Ғұлама шыққан өрі биік тақтан.  
Жарқырап ел шетінен Күн шыққанда,  
Елестер Қаныш-аға күлім қаққан.

1997.



Беу, муза! Ен шабытқа бөледің бе,  
Бармасын ел сырынан бөлек үнге.  
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,  
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,  
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.  
Үйлендік іске обыр, тілге сараң,  
Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп.

Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,  
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.  
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп,  
Білгені, бітіргені тілінде деп.

Түспесін титім нұқсан ар - намысқа,  
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.  
Аралдың айқасында шаш ағарды,  
Жүрмей ме арқалы ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,  
Телегей болып кеттім өзім өлең.  
Қыздырып ішкі намыс сай, салаға,  
Қарадым ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,  
Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.  
Шіркін-ай, арман еді, ұқсап қалу,  
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Осыны демес достар - бекер еді,  
Жер тілін білу ынта еселеді.  
Сырым сол: Қаныш-аға зор атағы,  
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.



## ҚАНЫШТЫ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕ

Аңсаған туды сәтті сағаттарым,  
Талай жыл күткен тапты тағат жаным.  
Ішінде көп қаршыға  
Көрінді ол,  
Қырандай еркін жайған қанаттарын.

Тау жота тізбегінде дара шыңдай,  
Жарқ етсе, жүрек қайтсін аласұрмай.  
Мың кісі арасынан көз тартады,  
Кең маңдай Ұлытаудың даласындай.

Симай тұр басы екі иығына,  
Бұйра шаш қызығасың құйынына.  
Сәулелі ақ жүзінен нұр тамып тұр,  
Көз тартып күлкі қонған миығына.

Күдірет берген екен бар ғажабын,  
Атына сай туыпты нар қазағым.  
Күн сүйген Жасыбайдай келбетінен,  
Сезесің адам сүйгіш жан назарын.

Құлшынып кеткендей боп ақын жаным,  
Қасына көппен бірге жақындадым.  
Жылытты бөрімізді бір, бір сөзбен,  
Қазақы қарапайым асыл дарын.

Қай ақын ғаламатқа арқаланбас,  
Бар қырын бірақ, тегіс байқай алмас.  
Таңданса Черчилль мырза Қанекеме,  
Ол заңғар мың жылда бір қайталанбас.

Құйылды нелер сезім көкірегіме,  
Өсті еңсем,  
Құштар болып еңселіге.  
Өзі де, ісі де ұлы ғұламаның,  
Әр сөзі ғибрат болды ертеңіме.

10.01.2003.  
Алматы.

Құлагердей тұрған өрде тынығып,  
Қарапайым көрінеді ұлылық.  
Кең даланың қақ төсінде тау жатыр,  
Атын айтсаң кетер жаның жылынып.

Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты,  
Шақырғандай ұлар құсы тіл қатты.  
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,  
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Баурайында Қорқыт үні еседі,  
“Абылай” - лаған Ағыбай дүбір көшеді.  
Ақын Тайжан сырнайлатып ән салса,  
Тілдеседі Қаныш-аға кешегі.

Киелі тау ел қиялын телітті,  
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.  
Бабаларым басын қосып үш жүздің,  
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қасиетті қорған сырын ел ұқты,  
Қыран - тауға, ұран - тауға сеніпті.  
Барлық таудың көне көзді атасы,  
Ұлытауға тағдыр қуат беріпті.

Қара - Кеңгір, Сары - Кеңгір, көп Кеңгір,  
Көсем таудың етек, жеңі көктембіл.  
Осынау жерде көрінеді ерекше,  
Күн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Кең төскейде бір көтеріп көңілді,  
Алаша хан кесенесі көрінді.  
Арғы бетте Жошы хан мен Домбауыл,  
Қос иықтап көтеріп тұр өңірді.



Сандыбаймен, Кәдір, Шегір, Бабырды,  
Еске салып Ерден жатыр сабырлы.  
“Төрт босаға” - төрткүл дүние елестеп,  
Бола түсті бүкіл аймақ қадырлы.

Ер Едіге асыл рухын қолданыз,  
Көш құрастық ел боларлық жолда біз.  
Қарт Ұлытау кіндік төрі қазақтың,  
һәм табиғи, һәм тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,  
Жаралыпты тау бірліктің батадан.  
Ұлытауды жөн болады ардақтап,  
Қазағымның жер ұраны атаған.

1993 ж

## ТӨРТ БАҒАН

12

Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш - төрт баған,  
Төрт тірегім, төрт мұнара, төрт данам.  
Қазағымның кім екенін білмейді,  
Төртеуіне тағзым етіп соқпаған.

Шоқан шықса жиһанкез боп әлемге,  
Абай, Мұхтар қанат жайды сан елге.  
Жер-Ананың  
Кен байлығын паш етті,  
Қаныш туып сол байлыққа зар елде.

Қазағыма берсе қазына құдайым,  
Қаныш ашты байтақ өңір шырайын.  
Озық елдер қолын созып ұмтылса,  
Қызықтырды қисапсыз кен, мұнайым.

Төрт заңғардың жаңғырығы кең еді,  
Дүйім елге ой тастады келелі.  
Ардақтады олар Абылай әруағын,  
Сабақтасып арттағыға өрелі.

Қорқыт-баба, Асан-қайғы бар зарын,  
Құрманғазы, Төттімбеттің арманын.  
“Арқау етіп” жетесіне жеткізді  
Қазақ деген ұлттың барша салмағын.

Туған елге құтты күндер орнап тұр,  
Тебіренемін біршілікке толғап сыр.  
Дер кезінде демеу берген заманым,  
Төртеуінің көксегенін қолдап тұр.

1998 ж

### ЖАС ҚАРАҒАЙ


Тасқа шыққан тамаша жас қарағай,  
Желкілдеп тұр бұйра шаш жас баладай.  
Елдітінді мейірбан нұрлы жүзі,  
Еркінді алды күлімдеп шашқан арай,  
Өте алмайсың қасынан жалт қарамай.

Ойлы кейпі өзінше сыр ақтарып,  
Жалындап тұр жап-жасыл  
шырактанып.  
Тасқа құмар жасынан тауға құмар,  
Елеңдетті мінезі ұнап қалып,  
Ғабдұл-Ғани көрінді сияқтанып.

Бақылап тұр Баянтау қыраныңды,  
Көкірегі сезеді-ау тың ағынды.  
Жас қарағай бар сырын айтқандай боп,  
Сыбдыр қақты жел тербеп бұлақ үнді,  
Түре бердім еріксіз құлағымды.

Төмөмдар деп жас кезін арыстың көп,  
Сандықтасқа ұмтылдым танысқым кеп.  
Жас қарағай ойланып жас баладай,  
Жатырқамай көрмеген алыссың деп,  
Қолын созды мен бала-Қаныпшын деп.

5.07.1999 ж



13



У.Жанбек Сатыбаев



## ҰЛЫТАУҒА БАРДЫҢ БА

*“Ұлытауға бардың ба,  
Ұлар етін таттың ба?”*

*халық аузынан.*

Жезқазған жаққа маған дөп,  
Басталды өмір жол басы.  
Баурына тартты балам деп,  
Ұлытау - ұлттың ордасы.  
Өтті көп жылдар танытар,  
Қайтейін бәрін ежіктеп,  
Кен қазып елді байытар,  
Қанышқа келдім еліктеп.

Ұлытауға бардым да,  
Ұлар етін таттым да.  
Ұлағат сепкен алдымда,  
Едіге шыңын таптым да.  
Тобылғы арша, сән құрған,  
Жұпарлы жұмақ тау іші.  
Есімде қалды жаңғырған,  
Ақын Тайжан дауысы.

“Алтын астау” алқабын,  
Сүйсіндім саспай аралап.  
Қанықты нұрға жан, төнім,  
Қыз-қайындар қамалап.  
Кісідей тірі тау, тасы,  
Балбалдар жүрді аралас.  
“Қыз емшек” қызық жартасы,  
Жатқандай ару жалаңаш.

Аттылы, жаяу көп кездім,  
“Арғанаты” маңайын.  
Ата, баба мен сездім  
Асыл ізі талайын.


“Қос көлге” барсам қарсы алды  
Аққу - құстың патшасы.  
Мен келді деп жар салды,  
Жол кескен киік қаншасы.

Көрдік қой талай таңырқап,  
Абылай ханның алаңын.  
Тұру жоқ енжар жабырқап,  
Жыр төгіп, желді қаламым.  
Осынау төрден ғаламат,  
Ұлытау жаққа қарасаң.  
Көнеден қалған аманат,  
Көнермес белгі орасан.

Қара, Сары кеңгірлер,  
Алаша хан жайлаған.  
Мазары тудай желбірер,  
Алыстан көзді байлаған.  
Өзенге тақау төбеде,  
Жошы хан мен Домбауыл.  
Ақ үйлер таққан дөдеге,  
Көз тартар сайда қойлы ауыл.

Қос қала қызған намысқа,  
Сәтбаев пен Жезқазған,  
Шақырып тұр ғой алыста,  
Жолдарға сілтеп кен қазған.  
Жайдары Күн, сылқым Ай,  
Самал жұтпай жүдерсің.  
Осының бәрін, шіркін-ай,  
Сағынбай қалай жүрерсің.

22.10.2002.  
Алматы.



15



Усманбек Саттаров

## ЖАНЫМ СҮЙГЕН ЖАЛҒАНЫС

Қанышты айтсам есіме алам Гетені,  
Онсыз көңіл түгенделмес өтемі.  
Даналардың межешамдай жол ашты,  
Құлын күннен құлшындырған жетегі.

Абай атам жақындатса алысты,  
“Ұлы неміс” бар қазақпен табысты.  
Қос данаға ұқсастығын сезем де,  
Дана деуге жалықпаймын Қанышты.

Толғандырмай қоймас терең ойлылар,  
Содан туды талай жырым ой құмар.  
“Қайнаған шер ән салғанда басылар”,  
Деген сөзі болды маған бойтұмар.

Сергек сезім үміт жалғап арманға,  
Қанға сіңіп, ойға тұнып қалған ба?!  
“Қаранғы түнде тау қалғыпты” тебіреніп,  
Мерей өсті ғалым өнге салғанда.

Таң сіберлеп көрінгендей араймен,  
Көкіректен көшті шулы талай сең.  
Сол бір сәтте кетті ұласып Қаныштың,  
Көңіл назы Гете және Абаймен.

Ақын Гете ғалым болса атақты,  
Қанышты өмір ақынжанды жаратты.  
Қазақ әнін келістіріп айтумен,  
Жүрген жерде елді аузына қаратты.

Сан қырынан үлгі, өнеге алғанбыз,  
Жан нұрынан ел жаттаған қалды аңыз.  
Жасайды екен даналардың өмірі,  
Мұхиттардай мәңгі тынбас жалғаныс.

18-01-2003 ж.  
Алматы.

## ҚАНЫШ ЖӘНЕ СҰЛУ САЗ

Мәскеуде еді білгір маман жас кезі,  
Затаевич іздеп келіп тапты өзі.  
Қазақ әнін зерттеп,  
Хатқа түсірген,  
Өнерпаздың сергек, ұққыш сақ кезі.

- Көріп едім,  
Кезінді бір ән салған,  
Тыңдаушыңмын сонда еріксіз тамсанған.  
Қаныш-достым,  
Әсем ырғақ әуресі-ау,  
Жалықтадым сені іздеп аңсаудан.

Құлағымда екі ішек наз күмбірі,  
Естілгендей Жасыбай толқын сынғыры.  
Барша әніңді айтып берші,  
Кітаптан,  
Ноталарын көзің шалар бір күні.

Көкірегіме сұлу әндер шалқыған,  
Ұя салу болды өмірлік салты заң.  
Сенен асар естімедім еш әнші,  
Көңтерлі айтқыш,  
шықпас түпкі қалпынан.

Қиял еткен  
Арманның құлы - бұл адам,  
Көптен де көп жаным менің құмар ән.  
Есен болсам қазақ халқы бар әнін,  
Әлем тілі мәнерінде шығарам. -

Деді солай сұлу саздың зергері,  
Жиырма бес ән салып Қаныш терледі.  
Жиырма бес ән мәңгілікке жол тартса,  
Қос ғұлама ол ғажайып еңбегі.

13-01-2003 ж.  
Алматы.

## “БҮРКІТБАЙШЫЛ” БОЛҒАНЫМ

Бала жастан болды жаным ән құмар,  
Тау жайнайтын тарқағандай көк мұнар.  
Маған ән боп естілетін самал жел,  
Әнші қыздай елестейтін көк шынар.

Ән базары арасында өскенім,  
Перзенті едім ерке Есіл, Көкшенің.  
Қандыратын сағыныштың назына,  
Қош айтысып, құстар күзде төккен үн.

“Гәккушілмін” Үкілі бабам салтымен,  
Біржан Салша “жамбас сипап” шалқып ем.  
Ақан Сері естен мәңгі кетпейді,  
“Қараторғай”, “Құлагершіл” даңқымен.

Балуан Шолақ “Ғалиясына” үйірмін,  
Талай топты мәз күлкімен иірдім.  
“Бір сүйгізші қалқатай” - деп қақсаумен,  
Қара көздер жанарына түйілдім.

“Бүркітбайшыл” дерт те жылдам жабысқан,  
Сәтім қызық қанатты әнмен танысқан.  
Жаттап алғыпш,  
Жұтынып тұрған кезімде,  
Жезқазғанда естіп едім Қаныштан.

Таң қалдырды озық білім тарланы,  
Ғажап екен баппен өнге салғаны.  
Қоңыр дауыс, барқыт үні балқытса,  
Құштар етті есте мәңгі қалғаны.

“Бүркітбайсыз” тынбастай бір ісім де,  
Бүркіттендім кенші достар ішінде.  
“Жүз теңгелік жүзін көрген айнамен”,  
Ауыл қызы ұйқы бұзды түсімде.

“Бүркітбайшыл” достар жайлап төрімді,  
Қаныш нұры шапағат боп төгілді.  
Қашан салсам осынау әнді  
Күлімдеп,  
Асыл аға өз бейнесі көрінді.

1-01-2003.

Астана.

## ГРИГОРИЙ ПОТАНИНГЕ


*“Әл бітіп, жаңа ғана аяқ басып,  
Іліндік біз де жетіп мерекеге.  
Тойына шашу арнап шаттанамыз,  
Білдіріп жүрек лебін Грекеңе”.  
Ахмет Байтұрсынов.*

Греке, елім сүйген асыл затың,  
Шоқандай досы болдың батыл жастың.  
Мұса мен Шорман ұлы ой бөлісіп,  
Имантай Сәтбаевпен жақындастың.

Потанин деген жастай атқа қандым,  
Оны айтсаң  
Шоқанды айтып мақтанармын.  
Қалың мұрт, қауға сақал  
келбетін де,  
Мәттақы бала күнде жаттап алдым.

Төбіреніп көкірегіне нұр түскенде,  
Пушкинше тіл табысты “Түнғұс” пен де.  
Аралап біздің елдің ой мен қырын,  
Табысты Уәлиұлы Шыңғыспен де.

Тарихтың талай сырын ақтарыппын,  
Ақтарып  
Жыр жалғасар хатқа алыппын.  
Обручевпен достығыңа қайран қалам,  
Ұстазы біздің Қаныш Сәтбаевтың.



Мінеки, тың хабарға сабақтастым,  
Туыпты зор жүректен ғажап тасқын.  
Құттықтап Ахмет-аға  
Сексенінде,  
Сыйлығын паш етіпті қанаттастың.

Есіме түсуші едің Шоқан десе,  
Үңілдім дөріс алып саған неше.  
Греке, жанарымда жарқ етесің,  
Салғандай сені есіме Ахан кеше.

Грекең біз білетін ұлы ғалым,  
Сарқылмас сан ғасырлар сыры қалың.  
Бірі емес сары орыстың  
Нар орыс қой,  
Ұлтымның сүйген талай ұлыларын.

28.11.2002.

Астана.

20

## ЕР ЕДІГЕ

*“Тарихи Едіге түріктің Қоңырат руынан шыққан”  
Қаныш Сәтбаев.*

Баба түкті Шәшті Әзіздің баласы,  
Ер Едіге қазақтың дүр данасы.  
Елін ойлап еңіреп туған батыр деп,  
Дәріптеді сан ұрпақтың санасы.

Атын ұран аңыз етіп мақтады,  
Едіге боп елестейтін ақ таңы.  
Ертегіден ақиқатқа жақындау,  
Ұлытауда мәңгі ұйқыда жатқаны.

“Зейіні өткір, шалып қалғыш қиядан”,  
Арманы зор, көргені көп ұядан.  
Қырық кісінің ары біткен ақтангер,  
Азаттыққа елдің басын құраған.

Дау мен жаудан қорғай білсе өлкені,  
Ханнан кетіп биге медет жеткені.  
Малын жанға, жанын арға арнаған,  
Ер Едіге ерендіктің мектебі.

Ел рухына панасындай теліді,  
Айтса қайтпас болды ноян берігі.  
Тарландықтың баламасы екен ғой,  
Тарлан боздай құс қанатты - серігі.

Білмек болсаң Ер Едіге өмірін,  
Қанышты оқы сонда жатыр көп ілім.  
Қарсы алады Алтын Орда, Көк Орда,  
Тоқтамысты құртқан Ақсақ Темірің.

Қате оны ноғайлыға балаған,  
“Тарихи Едіге Қоңыраттан тараған”.  
Өжет батыр, шешен айтқыр дананы,  
Сыпыра жырау ханнан басым санаған.


16-01-2003.  
Алматы.

\* \* \*

Ел абызы Едіге жайлы айтқанды,  
Шоқан жазып, орысша боп хаттанды.  
Ақылды орыс бір ноғайға аудартқан,  
Қайта туған қазақшасы сақталды.

Жас кезінде алғыр Қаныш шүйіліп,  
Шорқақ тілге шыдай алмай күйініп.  
Жан бітіріп, жаңартты да тазартты,  
Өз тілінде ел оқырдай сүйініп.

Дегендей-ақ, енді адасып кетпесін,  
Келістірді көне, жаңа дестесін.  
Ел көксеген көне аңыз-дастанның,  
Қайта оралтты шықтай таза кестесін.



Елеуіштен өткізгендей ақтады,  
Ұлы ұстазға ізет құрмет сақтады.  
“Тасырқаған мал тұяғы секілді”,  
Нобайы жоқ ноғайшылық жақпады.

Ахмет мырза “сандырақтап” кеткенін,  
Осып өтті білдірмей-ақ, өктем үн.  
Қазақтардың қадырлеген кезі екен,  
Татар намай сөйлеудің де мектебін.

Шоқан, Қаныш жалғасып тұр осылай,  
Қос дананың қиялы бір, көші бай.  
Білем деме қазағымның тарихын,  
Едіге жырын Қаныш жазған оқымай.

15-01-2003.

Алматы.

## ШОРМАН БИ

Сәтбай бидің Имантай атты баласы,  
Көп қинаған жазылды жан жарасы.  
Шаңыраққа шалқар шаттық әкелген,  
Әлима еді Қаныш-аға анасы.

Төңірім шіркін, зор шапағат қиғандай,  
Елге молдау айғақ етер сыр қандай.  
Камалтиден Мұстапаұлы жесірін,  
Тоқалдыққа алған екен Имантай.

Ел біледі Мұстапасын Шорманның,  
Шынжыр балақ шонжар есте болған күн.  
Атын тартып алса Жаяу Мұсаның,  
Ән боп кетті жоқтығы бір қорғанның.

Сәдуақас Шорманұлы досы еді,  
Имантайдың тура келді есебі.  
Ұл таппаған Нұрым атты бөйбіше,  
Құдалыққа өзі барды деседі.

Бәрі ақиқат жарылғаным ағынан,  
Құлыпталған құпияға бағынам.  
Шорман бидің келіні анам демеді,  
Астамшылық қорқып Қаныш заңынан.

Бодан елде бұл сырды айту болды азап,  
Кең толғаймыз күн туған соң енді азат.  
Қаныш аға әулетімен жалғасқан,  
Бақытты екен Шорман деген шоң қазақ

16-01-2003.

Алматы.


### **ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ - ҚАНЫШТЫҢ ЖАН-ЖҮРЕГІ**

Дала - Қаныш,  
Ауылдар, қала - Қаныш,  
Бала - Қаныш көптігі дара жарыс.  
Бәріне де солардың дем береді,  
Күлім қағып, жол сілтеп дана Қаныш.

Шығыс жақтан қызыл мыс таң кіреді,  
Бірге келер Сарыарқа нәрлі лебі.  
Кен иесі Қанекем, жер иесі,  
Жезқазғаным - Қаныштың жан-жүрегі.

Қанышы бар қызық қой өмір деген,  
Қанаттанып күш алып көңілденем.  
Атын айтсам алыстан бой тастайды,  
Таңғажайып белестер көрінбеген.

Фибрат алдық заңғайыр данадан біз,  
Ұлытау, Баян жалғас - деп санағанбыз.  
Қаныш - десең Жезқазған елестейді,  
Сол қаладан ер жетіп тарағанбыз.



“Жезкиіктей” жанымның дәру әні,  
Ол - гүл, дала перзенті, ару әні.  
Мойыл қара көздері мөлтiлдесе,  
Жүрегіме отты ұшқын дарығаны.

Кенші күнім, кең құлаш отты күнім,  
Қаныш - қала ең ғажап тосты гүлін.  
Жезкиіктің жез қанат желісіне,  
Қоскөл жақта аққу, қаз қостым үнін.

Қаныш-дала, қасиетті Қаныш-қала,  
Сені ойладым жақында, алыста да.  
Жезқазғандық жігітпін - деп қуанам,  
Қуат берген бойда ар, намысқа да.

Шалқарлығын шалқытып дала кеннің,  
Құшағына құт қонған дана әкелдің.  
Ай, Әлемге атанды Жезқазған да,  
Ең сүйікті перзенті Қанекемнің.

24

16.01.1998.

## ҚАРСАҚБАЙ

Қазақтың қара қазан Қарсақбайы,  
Есімін өн сақтайды, жыр сақтайды.  
Кең өңеш, биік мұржа боз будағы  
Арқаның аспанында алшақтайды.

Мыс қайнар еркін еңбек тұмарындай,  
Ембі мен Қарағанды сыңарындай.  
Жезқазған жеткіншегі жігі жалғас,  
Қыз Балқаш жастай ғашық құмарындай.

Ақындар алды талай кейіпкерді  
Жыр теңіз жез-кенімен еріп келді.  
Мыс кеуде, қара мұрын конверторшы  
Құдайдай от сапырған көріктенді.

Паш етіп ағасына сәйкестігін,  
Дәлелдеп мәңгі үзілмес дәмдестігін.  
Баяғы жалғыз гудок жаңғырығып,  
Жезқазған дүбірлетті оркестрін.

Берсең де жеткіншекке көсем жолды,  
Қарт қазан қазынаңа есем толды.  
Ұлым-ау! Сенен біреу жөн сұраса,  
Қазақтың қарсақбайлық десең болды.

1970.

## ҮЛКЕН ҚЫЗЫ ҚАНЫШТЫҢ


(Ханиса Сәтбаеваға)

Ханиса-апай  
Қаныштың үлкен қызы,  
Хан тамсанар ғажайып көркем жүзі.  
Қос ананың әлпешін көріп өсті,  
Көрік беріп ерекше көктем, күзі.

Инабатты, ақ ниет ғұрып құрды,  
Жанарында мейірім тұнып тұрды.  
Аққу мойын, аршын төс,  
Қыз төресі,  
Қайнекейдей ақынды қызықтырды.

Құлаш ұрса сәулетті жан, жағына,  
Қонды бақыт зор өулет әруағына.  
Қайнекей мен Ханиса отау құрып,  
Ұл, қыз көріп жетіпті арманына.

Әділ, Нұрлан Әлима балалары,  
Қаныш-аға кең төрін жаңалады.  
Асыл ата алдында өсті олар,  
Дархан тірлік ерекше бағалады.



Қызық күндер  
арайлы кешкенінде,  
Білді әрине, бақытты өскенін де.  
Имантайдың сүйікті немересі,  
Отыр бізбен дәл бүгін сексенінде.

Жансын жұлдыз баураған көп сенімге,  
Қалсын бөрі достарым, естерінде.  
Сексен шырақ алауын жалаулатып,  
Той-думанда басайық сексен үнге.

Қаныш-аға кейпіне танданып ем,  
Тойлы күні жыр арнап самғайын мен.  
Ханиса-апай, жүре бер еске салып,  
Бұйра шашын, кең дала маңдайымен.

Қаныш аға ғарышқа етер үміт,  
Жақты мәңгі жұлдызын төте жүріп.  
Париж тойлап  
100-жылдық мерекесін,  
Қазақ елі қалды бір көтеріліп.

Айтарымды әр қия саққа бұрмай,  
Өту қиын ақ ниет ақтарылмай.  
Ғұламаның әр сөзін біз сыйлаймыз,  
Болашаққа арнаған хаттарындай.

Ханиса-апай,  
Нұр шашып көркем елес,  
Шын жадырап қандай жан өркендемес.  
Алдымызда жүзге де сау жетіңіз,  
Құтты болсын, бүгінгі сексен белес!

29-11-2001.

Тың көтерген оранып егінге біз,  
Мал жаятын зар болдық тебінге біз.  
Көмір, темір, алтын, мыс - жер байлығын,  
Бермейікші әлі де тегінге біз.

Өлең жазсам жүрекке елші болып,  
Ән оралды жан дәркер емшіленіп.  
Ақындық пен Кеншілік қатарласса,  
Көңіл жығып көрмедім енші бөліп.

## СӘУЛЕЛІ ӘУЛЕТ ЖҰЛДЫЗЫ

*(Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваға)*


Асыл мінез - арулардың байлығы,  
Үнсіз кешер қуаныш пен қайғыны.  
Шәмшиябану - күнім бол - деп жан анаң  
Есіміңді сен туғанда жайды үні.

Қасиеттілік, ізгілік пен тазалық,  
Нәзік жаның тұнып тұрған саз анық.  
Сәтбай бабаң әруағы дем беріп,  
Имантай атаң бой шарпыды назы анық.

Қыз көңілден түрлі елес өтетін,  
Ана сыры мұңдасуға жететін.  
Қаныш аға ара-тұра жол түссе,  
Сүйіп, құшып, мауқын басып кететін.

Тәбделіне сұм тағдырдың бағыныш,  
Төзімділік - көзің көрген анық іс.  
Жастай сені терең ойға телміртті,  
Алыстағы әке салған сағыныш.

Жан ағасын өз қызындай сыйлап та ең,  
Кетер-ау, деп оққа ұшып милап па ең.



Иығында Ғазиз аға өстіндер,  
Қос қарлығаш қатар қонып Зиннатпен.

Сәуле түссе көңіліңе әлдімен,  
Дән байланды ауылдағы ән, күймен.  
Жалғыз ағаң Мәләш дүние салғанда,  
Қарлығашы шектің мезет жан күйген.

Жезқазғаным пір тұтады әкенді,  
Ол қазаққа ерен байлық әперді.  
Шәрипа-апай екеуінді көп ойлап,  
Баянтаудан Алатауға өкелді.

Өстің өрде аққу қызы Қаныштың,  
Білім жалғап Мәскеумен де табыстың.  
Кең жайладың асқар таудың саясын,  
Бақыт құсы қанатымен жарыстың.

Бұйра шашың ұқсап көлде толқынға,  
Аңыз-қиял жетті есімің ой, қырға.  
Қызыл шырай, алма беттен қан тамған,  
Өзге қыздан артық еді сортың да.

Берді реніш қуанышқа кезегін,  
Дертті жүрек тапты аңсаған өз емін.  
Сикыр сәуле жанарыңнан жарқ еткен,  
Өртеп кетті талай жігіт өзегін.

Ашық қабак, мөлдір бота көздерің,  
Құлын тұлғаң бірінде жоқ өзгенің.  
Орекеме бұйырғаның тамаша,  
Үлкен ақыл басқалардан безгенің.

Қаныш сүйгіш өмір жолын таңдапшын,  
Шәрипа-апай қолынан да дәм таттым.  
Әлі есімде Абай әнін құбылтып,  
“Огинский полонезін” маздаттың.

Ата салты қонса арттағы балаға,  
Кетпегені бата, тілек заяға.

Біле білсек, артығымен өтелді,  
Ауыр міндет - перзент болу данаға.

Бакыт келер ұлдан ба әлде қыздан ба,  
Бас имейді тағдыр мәңгі бір заңға.  
“Сәулелі әулет” межешам боп жайнады,  
Қанекеме ел салтанат құрғанда.

Туған елдің болғаны ғой ерікті,  
Асыл дерек масыл ойдан жерітті.  
Жүз жылдық той жұлдызы боп жарқырап,  
Сол еңбегің бар қазақты телітті.

Әдебиет байланысын шет елдің,  
Талмай талдап туды өрге жетер күн.  
Ел, жұрт разы отыз ұлға бермес қыз,  
Қаныш-аға туын биік көтердің.

Ұлы шаңырақ нөпір жүгін артыпты,  
Соны ақтауды жан, жүрегің ар тұтты.  
Бір ғанибет: ұлдарың да, қызың да,  
Ғылым қуып Қанекеме тартыпты.

Шарықтай бер, “Шөкеш” - апай тоқтама,  
Еңбектерің толқып жатыр топтала.  
Қыздың жасы жасырын ғой,  
жыр төктім,  
Туған күнің құтты болсын! - деп қана.



25.07.2000.  
Алматы.

Ғажайып Салтанат

## БҰХАР ЖЫРАУҒА

Айбынды жырдың атасы,  
Өзіңсің Бұхар-жырауым.  
Абылай ханның қатесін,  
Ұрпаққа жетті сынауың.

Қарасақ алыс қай тұстан,  
Құрметім биік сезілсін.  
Азулы ханмен айтысқан,  
Айбатты ақын өзіңсің.

Қазақтың рухы жебеді,  
Жайладың бірге кең төрді.  
Жебелі тілдің беделі,  
Хан, төреге ем болды.

Дариядай тасқын ағындап,  
Қағыспақты жоймадың.  
Жанар таудай жалындап,  
Тағдырын ұлттың ойладың.

Атаға тартып ұл туса,  
Құдайдың елге бергені.  
Анаға тартып қыз туса,  
Береке құттың келгені.

Әр сөзің ұран саналды,  
Алыстан жеткен тың сарын.  
Мінезіннен нәр алды,  
Қаныштай асыл ұрпағың.

Біледі сергек құс тілін,  
Телегей шабыт толғатса.  
Өзіңнің отты ұшқының,  
Ақтангер ақын Олжас та.

## ҚОС ЖҮЛДЫЗ

Қаныш аға қос жұлдызды шолыпты,  
Бақыт құсы қос қанаттап қоныпты.  
Шәрипа мен Таисия атанған,  
Қос жұлдыздың шапағаты қорыпты.

Махаббатшыл туса талай таң сәтті,  
Жариялауға жібермеді заң қатты.  
Балалары, немерелері аралас,  
Қос шаңырақ татулығы тамсантты.

Айрылмады олар сыйлас сәлемнен,  
Салт құрыпты ықлас-қылас мәнермен.  
Бірі құрса ағайынмен байланыс,  
Бірі жүрді жалғастырып әлеммен.

Қос жұлдыздың жарастығы қалмады,  
Көңіл жығар араздыққа бармады.  
Қаныш аға аттанғанда бақиға,  
Екеуі де өмір көшін жалғады.

Ақиқатты өлең сөзге қостық біз,  
Қос арудан суыған жоқ достық із.  
Қаныш аға төсіне емес,  
Тағыпты,  
Жүрегіне мәңгі сөнбес қос жұлдыз.

10.10-2002.  
Алматы.

Ғәлімбек Сәлімқұлов

Әлем сырын елім тез кетеді ұғып,  
Үйренеді көрмесе төте жүріп.  
Бар адамзат өткен жол өз жолымыз,  
Оған қарсы болмайық шеке қызып.

## БАЯНАУЫЛДЫ КӨРГЕНДЕ

Ежелден есіміңе ғашық едім,  
Баурады Баянауыл асыл лебің.  
Қаныштың бұйра шашы секілденіп,  
Бұрқырап жатыр орман, жасыл белің.

Ораған сал табиғат сыйға қалың  
Жаннат жер келісті екен жинағаның.  
Көз екеу болса дағы  
тілім біреу,  
Көркінді жеткізе алмай қиналамын.

Келгендей сұлулықтың базарына,  
Тамсантты ару Ақбет ажары да.  
Бой жазып тау ішінде жатқан қыздай,  
Қызықтым Жасыбай көл ғажабына.

Лүпілі жүрегімнің басылмады,  
Жер мен көк, су мен сәуле жасыл бәрі.  
Қол сілтеп тасқа шыққан  
сал қарағай,  
Қанышқа ұқсап кетті жасындағы.

Бүгінгі бостандықты ырымдаған,  
Кешегі үн береді қыңыр заман.  
Айырық - Керегетас айтып жатты,  
Балдырған бала-Қаныш сырын маған.

Тамсанып қарай берем шың төсіне,  
Бір сүйіп өтіп жатыр бұлт көші де.

Жас Қаныш тасқа жазған сөзін көрдім,  
Үңіліп әрбір үтір, нүктесіне.

Жан-жаққа таңырқасам күндіз көріп,  
Бүтіпті тау мен тасқа құндыз көрік.

Шаттандым

Айлы түнде кең аспанда,  
Жайнаған Қаныш айтты жұлдыз көріп.

Торайғыр көлінен де жүзік тердім,  
Айдында Сұлтанмахмұт жүзін көрдім.  
Бір жылдай паналаған осы өңірді  
Ақ сұңқар Сәкен-аға ізін көрдім.

Жасыбай батыр тұрса жол басында,  
Мол сырға қайран көңіл толмасын ба?!  
Мәрт мінез  
Олжабайдан алған екен,  
Дүниені дүр сілкінтіп Олжасың да.

Баянтау жастай ынтық өлкем едің,  
Пай, пай, пай,  
Неткен ғажап көркем едің.  
Қаныштай бала күнгі асыр салып,  
Келіп тұр баурайында еркелігім.

9.07.1999.

\* \* \*

Кешіп келем туғалы өртті кілең,  
Кеше ғана бір дауыл өтті білем.  
Кеш болса да молшылық бір келеді,  
Жамандардан жақсының көптігінен.

Беу, достарым, қуат пен құнды күшін,  
Жұмсалмасын сатқынның сұмдығы үшін.  
Менің досым сендерсің шын арыстар,  
Қасарысып өткендер шындық үшін.

Қаныштың жары Шәрипа,  
 Әулетке атқан таң еді.  
 Ақ жүзі нәзік ақ ұлпа,  
 Періште туған жан еді.

Мейірбан жылы көздері  
 Жайнаған қара маржандай.  
 Байыпты, бапты сөздері  
 Естілер қиял армандай.

Аумайтын аппақ қайыңнан,  
 Баянтау жақта өсетін.  
 Күлкісі шуақ жайылған,  
 Қанышқа ұқсап кететін.

Күмбірі күйден нәр алған,  
 Тал бойы тұнған ән еді.  
 Данаға серік жаралған,  
 Өзі де дана жан еді.

Қанекен жайлы сыр толғап,  
 Домбырасын алдырар.  
 Жүрегін тәтті жыр қозғап,  
 “Бүркітбайға” салдырар.

Құлын, тай өрде бестіден,  
 Үйренсе шабыс ел бағы.  
 Өз аузынан естіген,  
 Шырқаушы ем әнді мандағы.

Күй сандықты құлшынтып,  
 Шәмшия әнге басатын.  
 Қиялға алыс ұмсынып.  
 “Полонез” ұшқын шашатын.

Ізетпен атын атаймын,  
Өзіндей нәркес сәнімен.  
Шәрипадай апайдың,  
Алғысын талай алып ем.

30-05-2002 ж.

## **ДОМБЫРАСЫ ҚАНЫШТЫҢ** (Оразай Батырбековке)

Қоңыр күмбір домбырасын дананың,  
Көрген сәтте жайнап кетті жанарым.  
Өз қолынан талай ұстап тартып ем,  
Шарипадай асыл ару ананың.

- Тапсырысы Шәмшиябану жарымның,  
Бітер шақта көрер қызық, жалын күн:  
“Көкеңе бер домбырасын папамның,  
Ақын білер қасиет, құтын дарынның”.

Деген сөзін силап табыс етемін,  
Күмбір қақсын шартарапқа жетер үн. -  
Деп Орекең домбыраны сыйлады,  
Үзбей жалғар өсем әннің жетегін. -


Асыл мұра қалған белгі дүлдүлден,  
Қандай жақсы  
Сөйлесерлік тіл білген.  
Қаныш-аға жарқын кезін көріп ем,  
“Бүркітбайды” шырқап шалқып тың жүрген.

Терендетіп тыңдаған жан санасын,  
Салушы еді-ау, ол “Көзімнің қарасын”.  
Кел домбыра, менің бақыт құсым бол,  
Әнге орауға атам қазақ баласын.

Жігер бітсін жүректегі нөсерге,  
Бұдан артық көңіл, шіркін, өсер ме.  
Мөриям-ау, бұл домбыра құт болды,  
Алматыдан Астанаға көшерде.

24.11.2002.  
Алматы.

Ұзақбек Сағатқаб



## ҚАНЫШТЫҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Ассалау-мағалаяйкүм!  
Айрық, Тендік,  
Қасиетті Қарамұрын сағынып келдік.  
Жүз жасқа толды биыл  
Қаныш-аға,  
нар ұлың жасап кеткен айрықша ерлік.

Ол жалау көтерген жоқ ұран салып,  
Ол атақ жинамапты сұрап алып.  
Қазақтың  
кен иесі, жер-иесі,  
Ол - дана жасап кеткен ғұламалық.

Ол үшін айдан анық ғасыр мәні,  
Халқының мұң мен шері татынғаны.  
Алтын, жез,  
ашқан көмір, мұнайымды,  
Ол заңғар кеншіліктің ақылманы.

Зор даңқы жетіп жатыр бір басына,  
Лайықты той жасалды тұлғасына.  
Кемсінген осынау тойды  
өлде қалай,  
Тәуба деп, ақыл айтам сырласыма.

Мерейлі құттықтаймын қуанышпен,  
Барша өлем  
атап жатыр ұлан іспен.  
Орнады Алматыда зор ескерткіш,  
Қараймыз сол құрметке жұбанышпен.

Жезқазған, Керекумен дүбірлетті,  
Орнатып тас тұғырға  
ғұмырлы етті.  
Парижде ЮНЕСКО жер шарына,  
Танытты Қаныш деген құдіретті.



Алдымда аға көрдім, дана көрдім,  
Тың ісін, ғибрат сөзін санап өрдім.  
Ел айтар  
менін қосқан үлесімді,  
Өлен, жыр - шашуымды ала келдім.

Демеймін бос айғайшыл дабыл болсын,  
Жүрек бір  
әруақ қолдап сабыр қонсын.  
Құрметін барша қазақ жасап жатыр,  
Ақ тілек, адал ниет қабыл болсын.

Қанышты толастамас тану әлі,  
Айтылар талай сөзі бар уәлі.  
Мың жылда бір келетін  
данамыз ғой,  
Жан-аға риза болсын әруағы.


Елде бар ата мирас ғұрып дана,  
Жол шектім сол ғұрыпты ұғып сана.  
Қаныштың ата-анасы зиратына,  
Қайтамын тағзым етіп, тұрып қана.

*Сәтбаев ауылы.  
6.07.1999.*

\* \* \*

Таңсық етпей ұзақ күн “Ой - алланы“,  
Мансұқ етпей жыл бойын той аланы.  
Ауыз емес жатса ғой қол босамай,  
Егемен ел сол дер ем оянғаны.

Шешіп тастап басында малақайды,  
Салып отыр демендер алақайды.  
Талапайды көргенде ел жұтаған,  
Жалап кетті ішімді нала қайғы.



37



*Қазақстан Республикасы*



## ҚЫСҚА ҒҰМЫР

(Мәлеш Қанышұлы Сәтбаевқа)

Балғын еді аққұба бұйра шашты,  
Кере қарыс ақ маңдай, қара қасты.  
Тостаған көз, жүзі өткір,  
Көркем Мәлеш,  
Өнерге де тым ерте араласты.

Жанартаудай жүрегі жалынды еді,  
Сал табиғат беріпті барын тегі.  
Ойнаса да  
сөйлейтін ойлап қана,  
Кең мінезді, талапкер дарынды еді.

Сұлу саздың табынып білгіріне,  
Ән мен күйдің қанықты мың біріне.  
Бойы балқып, тебіреніп отыратын,  
Жаны шалқып домбыра күмбіріне.

Балалайқа, мандолин, гитарын да,  
Тартты ыңғайлап қазақша күй сарынға.  
Қарсақбайдың келтірді  
мыс сынғырын,  
Жасыбайдың ақ күміс ырғағын да.

Беу, төңірім, ұзаққа берсең етті,  
Тағдыр ғажап ғұмырды келтелетті.  
Шәрипа мен Қаныштан туған Мәлеш,  
Он бес жасқа жете алмай ерте кетті.

29-11-2001.  
Алматы.



38



## МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІНЕ ТҮСІНІК

Менделеев атамыздың кестесін  
мен өзімше түсінем,  
Элементтер ел қоныпты  
өнер мінез күшімен.  
Төр төбесі суға тисе  
көпсінбейік ақындар,  
Ол - қорек қой,  
түршікпейік түсінен.


Қасиетті су  
Ақ сүті де анаңның,  
Оған жетер қай зәмзәмі ғаламның.  
Өзек өртеп жан-жүректен шығатын,  
Киелі су тамшы жасы адамның.  
Мұзды Мұқит жәй жатқан жоқ қоймада,  
Тез ерісе салды адамды ойға да...  
Суы көптеу өлең ашық жауымыз,  
Ақылың жетсе  
Өзге сумен ойнама.

Тоғызыншы кестедегі қорғасын,  
Орны жақсы. Сол орынды қорғасын.  
Құрметтеймін салмақтыны  
тек қана,  
Жалған жүзін жасыратын формасы,  
Қара жүрек кісі өлтіргіш болмасын.

Алтын жайлы шешім пішісек анайы,  
Төмен деме  
кестедегі сарайы.  
Нағыз асыл - кішіпейіл кең мінез,  
Нағыз асыл - қарапайым, жабайы.

Түсінгенім жан сыбыры хабарым,  
Кереге көз сүйем кесте тарамын.





Аптықта дос,  
сол кестеші сияқты,  
Білем уақыт  
саған да орын табарын.

Кесте ғажап  
жақындатқан алысты,  
Қиюласты,  
жер жаһанмен табысты.  
Құрметтейік  
сол кестені толтырған,  
Қазақ жерін  
және дана Қанышты.

2002.



40



## КӨПІР

Арыс белі көтеріп нөпір жүкті,  
Қос жағаны қосып тұр көпір мықты.  
Қарай-қарай көркіне танданамын,  
Бұдан артық болар ма өмір құтты.

Бар ынтасын халқына арнап кетті,  
Арман еткен мақсатқа самғап жетті.  
Өзі өскен дәуір мен болашақты,  
Қаныш аға көпір боп жалғап өтті.

Көпір көрсем қызығып қарап өтем,  
Алып тұлға күші де алабөтен.  
Жоқшылықтан тоқшылыққа жол салған,  
Азаматта не арман болады екен.

1968.

## ШОҚАНҒА

“Дмитрий Ивановичке сәлемімді жолдай көріңіз...”  
Шоқанның А.Н.Бекетовке жазған хатынан.

Жонда жортып жас арыстан олжа алды,  
Олжаны емес ел-жұртты ойлап толғанды.  
Адамзатқа Қашғарияны ашқанда,  
Қазақ үшін Европаға жол салды.

Ащы шындық, дәлелі нық сөзінде,  
Кесіп айтқыш, албырт, аңғал кезінде;  
Ол Семенов - Тянь-Шанскиймен табысқан,  
Қарағйым жәй Семенов кезінде.

Көшпенді елдің Колумбы еді алғашқы,  
Абай, Мұхтар, Қаныштармен жалғасты,  
Туды бүгін ол аңсаған азат күн.

Хатта сөздің сырын ұғып, сенем тез,  
“Менделеевке сөлем жолда”, – деген сөз  
Кім екенін айтпай ма бұл қазақтың?!


1998.

## АЛМАТЫНЫҢ ТӨРІНДЕ

(Төлеген Досмағамбетовке)

Кең жайлаған XX-шы ғасырды,  
Ел құрметтеп  
ардақтады асылды.  
Ғылым төрі - Алматыны жайнатқан,  
Сәтбаевқа жаңа ескерткіш ашылды.

Тас тұғырлы,  
мыс сынғырлы қоладан,  
Қайта туды кең көшеде зор алаң.  
Дербестігім еркін сілтеп, бой жазып,  
Туды мезет мол шаттыққа ораған.



Абай, Шоқан, Мұхтар-аға қатары,  
Толды бүгін  
ақ тілекпен баталы.  
Қамқоршысы, демеушісі бұл істің,  
Президентте өз алғысын атады.

Зәулім мүсін құлаш жайып керіле,  
Қанаттанды  
Ұқсап бірлік мөріне.  
Қазағымның тағы да бір данасы,  
Көтерілді әлем құзарт өріне.

Беу, ағайын! Төгілт күйді, өн үзбе,  
Қаныш жеткен жұлдыз көшін дәл ізде.  
Алматыда, Жезқазғанда басталған,  
Мәскеулетіп  
Той шалқиды Парижде.

Елге мирас асыл аға жетегі  
Атын айтсақ ұрпақ тағзым етеді,  
Ашқан кені,  
Көмір, темір, мұнайы,  
Азық болып мың-мың жылға жетеді.

Қаныш-аға!  
Бар ісінді салмақтап,  
Сан жетпейді санағанмен бармақтап.  
Барша қазақ бас иеміз алдында,  
Мақтай біліп, мақтан етіп, ардақтап.

12.04.1999.  
Алматы.

## КІШІ ҚЫЗЫ ҚАНЫШТЫҢ

Шолпан-жұлдыз егізіндей бір туған,  
Ғажап еді-ау, жас кезінде құлпырған.  
Мейіз десе,  
Мейірің қанар қыз еді,  
Мерейі үстем тау мен тасқа ұмтылған.


Кең көсілді кен ғылымы жолдары,  
Білікті әке бар ынтасын қолдады.  
Әрі сұлу,  
әрі ақылды қызына,  
Баянды боп бақыт мәңгі орнады.

Анасы да ел тілегін ақтаған,  
Таисия-апай  
болды елгезек жақсы адам.  
Жан серігі, жәрдемшісі Қаныштың,  
Екі ананың балаларын баптаған.

Қос барлаушы  
баптап өскен барлаушы,  
Болды Мейіз жоқтаушы да қолдаушы.  
Қаныш-аға мол мұрасын маздатты,  
Ғасырларға кең жетердей бар дауысы.

Дана сырын бір арнаға құйылтты,  
Тер төгілтіп қолжазбасын жиыпты.  
Отыз ұлға тұратын қыз осы ғой,  
Сегіз томды ел қолына бұйыртты.

Үлкен ғалым  
Жезқазғаншыл жаралған,  
Әке арманы жемісінен нәр алған.  
Қаныш қызы - Жезқазғанның қызы боп,  
Іске асырды өз арманын сан алуан.



Тостаған көз... бұйра шашы желбіреп,  
Егде күнде азаймапты селдіреп.  
Қарыс мандай, Қаныш - мандай келбетті,  
Кербез ару, өжет әрі ержүрек.

Жүз жылдық той  
Кезінде көп таныстым,  
Ұлы жолдан ұлағат, ғибрат алыстым.  
Барша қазақ алғысын ал,  
Ардақты,  
Асыл туған кіші қызы Қаныштың.

8.10.2002.  
Алматы.

### ҚАНЫШ ПЕН МҰХТАР ҰСТАЗЫ

(Әбікей Сәтбаевқа)

Әбікей аға!  
Келіп тұрмын асыңа,  
Қанаттандым жыр шашуға асыға.  
Аға болу Қаныштардай данаға,  
Зор бақыт қой бір кісінің басына.

Нәр алыпсың ұлтжандылық арманнан,  
Өтті күндер артында үлкен зар қалған.  
Құзарт шындай  
Күн сәулесі мол, түскен,  
Туды кітап сізге тағзым арналған.

Зор тұлғанның сыры ашылып не түрлі,  
Атың тасқа басқандай боп бекінді.  
Шын бақыт қой жақсы іздеушің болғаны,  
Шәмшиябану Қаныш қызы секілді.

Заман туды түс пен өнді жаңартқан,  
Теңдік жетті ұлы дертті тазартқан.  
Жаңа кітап келді қазақ төріне,  
Шуақ жайып бізге жеткен азат таң.

Өзгерістер біле алмасаң көбін сен,  
Жендің бүгін,  
Кеше азаптан жеңілсең.  
Ұлы әулет бір күмбезі жарқырап,  
Нұрын жансын алты Алашқа көрінсең.


Файып болған ерен тұлға жас күнің,  
Ашты қайта қайнар бұлақ тасқынын.  
Келбетіңе шын сүйсініп тебіренем,  
Сымбаттысы жерде жұмыр бастының.

Сократ маңдай шығарады құмардан,  
Сұңқар көздер сырын ұғу бір арман.  
Алтын қанат, алғыр қыран секілді,  
Азаматсыз бір Алладан нұр алған.

Дархан өмір тым ертерек қиылды  
Басыңызға соқыр пәле үйілді.  
Егемен ел арыстарды ардақтап,  
Бүгін көрдің бұрын алар сиынды.

Кер заманның тартқан наһақ, жаласын,  
Қайта оралды ақ иықтар жаны асыл.  
Зор күрескер, ағартушы  
және де  
Қаныш, Мұхтар ұстазы боп қаласың.

21.03.2000.



45



Ұяқырбек Салтанқов

## БАЛХАШ ТАҢЫ

Көрдім Балхаш таң атқанда арайын,  
Шолдым кербез Бектау-Ата маңайын.  
Шығыс жақтан көтеріліп алтын Күн,  
Жарық төгіп ашты тойлы сарайын.

Қызық екен көл шетінің ақ таңы,  
Күннің көлге күміс шашу шашқаны.  
Таң қалдырды ақ сәулеге жан бітіп,  
Ақ шабақты қуып бара жатқаны.

Айдын шалқар көрінгендей арай бақ,  
Қонды аққулар жан-жағына қарайлап.  
Күн қып-қызыл, қызғылт тартты су беті,  
Қызыл мысқа ұқсап кетті бар аймақ.

1976.

46

\* \* \*

Бала күнде балдырған еркем еді,  
Ауылыма ерекше еркеледі.  
Түсініспей кеттік пе  
Кездеспедім,  
Оны іздеуді жүрегім келтеледі.

Қыз қылығын ел жеті көмкереді,  
Біреу қате, ал біреу жөн көреді.  
Жөн көрсе де,  
Мың мәрте төңкерсе де,  
Пай-пай шіркін!  
Жан жетпес көркем еді.

## КІСІЛІК КӨРКІ - КІШІЛІК

Жақсы адам келер мейірбан,  
Бойында асыл татым бар.  
Қарадан ақты айырған,  
Ниетпен ізгі жақындар.

Қалмайды күңгірт тасаңда,  
Күнгейден үміт үзбейді.  
Жақсы адамдар қашан да,  
Жақсыларды іздейді.

Тіреу боп тәңірім тұрса да,  
Кетпейді шалқып тым асып.  
Салтанат, сайран құрса да,  
Жақсыны жүрер мұң басып.

Қырандай жүрген құс іліп,  
Сыр бермес барын түсініп.  
Кішіпейіл көрінсе ол,  
Кісілік көркі - кішілік.



2002.



47



Қазақстан Республикасы

Көркем сөз пайғамбары дара туған,  
Көркейтті ел есімін дана тұлған.  
Көз тігіп бар адамзат қарай қалған,  
Заңғарсың сен ерекше жаратылған.

Табиғат сұрыптауға зерек болды,  
даналық екеуіңе кезек қонды.  
Жаныңа Абай жыры нұрын төксе,  
Оған да шапағатың керек болды.

Абайдың мұң мен зарын жастай білдің,  
Жалтақсыз, төрге қарай саспай жүрдің.  
Мағжанды тұраншыл - деп қатер күтсе,  
“Абайдан кейінгім” - деп мақтай білдің.

Өмірдің жатты үнінде ащы зілі,  
Ащыда өсті көңіл тапшы гүлі.  
Аңқыған жусан иісі ақиқатты,  
Жеткізді жас ұрпаққа жан сыбыры.

Күн болды сен естіген ұдайы сын,  
Абайдан бірақ сені кім айырсын.  
Суретін бір заманның жасап кеткен,  
Құдіретті бір ғасырдың шырайысын.

Білеміз қарсыласты баптаған кім,  
Өзінді даттаған кім, жақтаған кім...  
Туды айқын  
Абай, Шоқан, Қанышпенен,  
Мәңгілік зор тұлғанды сақтаған күн.

Сол құтты биік тұғр жайындасың,  
Беріпті өз қолында барын ғасыр.  
Сен болдың құдіретті  
Төрттің бірі,  
Бұза алмас сан ғасырлар тағыңды асыл.

## ОНДАЙ ДА ОЖАР КҮН БОЛҒАН

Қанышты қиған өсекке,  
Ордалы озбыр жын болған.  
Қандай бір апат десек те,  
Ондай да ожар күн болған.

Тегі бай өулет десіпті,  
“Едіге” мінез дарыған.  
Ғалымдар көп деп бөсіпті,  
Ұлтшылдық кетпес жадынан.


Мыс жолы - ақ жол арысқа,  
Жезқазған - елдің ырысы.  
Бата алмады Қанышқа,  
“Үндеместің” қылышы.


Өсектеп сырттан дүлдүлді,  
Түрленсе есек түс көріп.  
Ұялды көкте батқан Күн,  
Балқыған қызыл мыс болып.

Дес бермесе тірідей,  
Аруақты сөзге қиысты.  
Бірі “жәй” ұлық, бірі “дөй”,  
Ұялмай қалай тиісті.

Көбейтсе бастық қытықты,  
Су бүркіп, “алға басқын!” - деп.  
Кейбіреу шатып-бұтыпты,  
“Жезқазғанды аштым” - деп.

Жалданып үнсіз күрескен,  
Тірі жүр әлі талайлар.  
Ұлықтың құлқын тілескен,  
Асыранды “пысық” “малайлар”.





Бақастық қасиет кетіріп,  
Жік салса озбыр араға.  
Тікелей жала, өтірік,  
Бәрі де қалды  
далада.

Естідік, көрдік осылай,  
Адалдық аты жеңгенді.  
“Малайлар” қайтсын шошымай,  
“Дөкей” де қатты сенделді.

1998.

### АРДАҚТЫ АБЫЗ АҚСАҚАЛ

(Бөйкен Әшімовке)



50



Көкшетаудай кербез, маңғаз жаралған,  
Ақан, Шоқан, Қаныштардан нәр алған.  
Алты Алаштың қыранысың ақ иық,  
Омырауыңа “Алтын жұлдыз” қадалған.  
Биден де биік асылым,  
Бойында бүкіл ғасырым;  
Жамандықтан безініп  
Жақсылық елге тасыдың.  
Көнеден қалған көзімсің,  
Көкіректе қымбат сөзімсің;  
Ардақты абыз ақсақал,  
Бөйкен аға өзіңсің.

Көрген адам ақылды деп мақтаған,  
Жеңешем де таңғажайып жақсы адам.  
Жігіттіктің Бас сұлтаны сайлардай,  
Жіптіктей ғып сені мығым сақтаған.  
Алатауда тұрағың,  
Тап қасында жұмағың  
“Бақытың - сенің бақытың”,  
Бір кешкен өмір сынағың.

Көнеден қалған көзімсің  
Көкіректе қымбат сөзімсің.  
Ардақты абыз ақсақал  
Бәйкен аға өзіңсің.

Әнге бөлеп ұшырғаным жыр құсын,  
Кәрі, жасқа өнегелі үлгісің.  
Парасат пен саясатың пара, пар,  
Асыл мінез - бір сырлы, мың қырлысың.  
“Ел сенімі - қымбатың“,  
Тұлғаңа сай сымбатың.  
Халқыма кең тарады  
Даналармен бірге атың.  
Биден де биік тұғырың,  
Әлемге жетті дүбірің.  
Ардақты абыз ақсақал,  
Жастарға сабақ ғұмырың.

23.08.2002.  
Алматы.



51



Мәкімбек Сағиев

## ҚАЗАҚСТАН - ДЕГЕН ЕЛ

Алатау, Алтай, Атырау,  
Ақ Жайық, Каспий теңізім.  
Көмкеріп бөрі жатыр-ау,  
Сарыарқа асыл негізін.

Қаратау ойлы маңдайым,  
Арал мен Балхаш - қос жанар.  
Жетісу - бұлбұл тандайым,  
Теміртау - сарбаз төс қағар.

Көкшетау - кербез ажарым,  
Әндеткен талай сал, сері.  
Бар әлем бұрған назарын,  
Астана - жаңа ел төрі.

Жезқазған - жер кіндігім,  
Қарағанды - арысым.  
Ордабасы - бірлігім,  
Ақтөбем - ерен табысым.

Ертісім - ерке айдыным,  
Сыр бойы - тауһар аймағым.  
Маңғыстау - шексіз байлығым,  
Қостанай - қою қаймағым.

Ақыл, ой біткен тұнығы,  
Баянауыл, Шыңғыстау.  
Ұлытау - ұлттың тұғыры,  
Меккеміз біздің - Түркістан.

Кең дала жатыр үр жаңа,  
Тәуелсіз бойы кенелер.  
Осының бөрі бір ғана,  
Қазақстан - деген ел.

23.09.98 жыл.  
Астана.

Егемен ел қатарына енгендік,  
Осал емес, жігер қостық, дем бердік.  
Әттен, сол бір аласапыран кезеңде,  
Жан түршігер кей қылықтан сенделдік.

Айлакерді ғашығындай аялап,  
Пайдакерді ағасындай саялап.  
Алдампазды әулиедей ардақтап,  
Кей “пысық” жүр өз пайдасын маялап.

Ажа да жоқ, қожа да жоқ жайлау кең,  
Ол әбігер өз құлқынын ойлаумен.  
Кей бір “дөкей” зорға отыр жалтақтап,  
Коммерсант боп кетер жерін болжаумен.

Қалшылдап тұр қауметі аз әр ұя,  
Бетін басты не сұңғыла қария.  
Өткел бермей бара жатыр жұлқынып,  
Елдің мұңы арна салған дария.

Шакырғанда өркені озық ұлы істер,  
Тілек түзу ұшар қанат дұрыс - дер.  
Озған халық намыскер һәм жұмыскер,  
Бізде әлі көп тыныскер мен тұрмыскер.

О, жарандар! Көз әйнексіз көріндер,  
Қылық аз ба ұяларлық өңім - дер.  
Тесіп кетті жүрегімнің бір шетін,  
Өткелдегі өмір жазған өрімдер.

1994.

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар,  
Үш батырым ұлттың сәнін анықтар.  
“Жұмбақ жалау“, “Қарағанды“, “Ұлпандар“,  
Жер бетінде қазақ барда шарықтар.

Үш алыбым, үш ақтангер, үш дүрім,  
Кең лаулатты даналықтың ұшқынын.  
Жалын құшып, от шайнаған осылар,  
Сұм жалғанның кешіп аяз, ыстығын.

Үш жазирам, үш теңізім, үш тауым,  
Үш жайлауым, үш тозбайтын қыстауым.  
Үш кемеңгер мақтан етем қашан да,  
Қазақ дестер ұшқыр қалам ұстауын.

Айту қиын кейде айдан анықты,  
Үшеуінен қазақ тілге қанықты.  
Төлеби, Қазыбек, Айтекедей үшеуі,  
Сөз биігін, өз биігін танытты.

18.12.2002.



## ҚҰТТЫҚТАУ

(Академик Өмірхан Байқоңыровқа)


Алпыс деген  
Арманы көп асқарға  
Жетті Өмекен,  
Үлгі болып жастарға.  
Сүйінуші ек  
Сондайлықты армандап,  
Бөріміз де өмір жолын бастарда.

Жолдар...  
Жолдар... Жол дегенің көп екен,  
ал, қазақты  
Кеншілікке баулаған  
Өздеріңсің,  
Қанекем мен Өмекем.

Асыл аға, Астананың төрінде,  
Бара жатыр ғылымның тың өрінде.  
Жезқазғанның забойында жүргендей,  
Жылылық көп күлімдеген өңінде.

Бір қиындық  
Бір қуаныш өмірде,  
Алмасса да  
Дақ салмастан көңілге.  
Жайраң қағып қуанышпен келеді  
Сол бір беткей  
Шахтер мінез жөнінде.  
Мақтан етіп туыс туған бауыры,  
Мақтан етіп Ұлытаудай ауылы,  
Құттықтайды Қарсақпай мен Жезқазған  
“Алпыста, - деп, - ұлымның бір төуірі“.

Мақтан етіп  
Дос жараны, танысы,



Мақтан етіп  
Құлақ естір алысы,  
Алпысыңмен құттықтайды бар қазақ,  
Ал, қабылда нар жоталы арысы.

Жақсы жігіт,  
Ел тілегі, ел бағы,  
Сол тілекпен  
Өсіп-өндің сен-дағы;  
Алпысыңмен шын құттықтап  
Қол қысып,  
Ал, Өмеке!  
Құшақтайын мен-дағы.

Алпыс жасқа  
Аға есен келгенде,  
Қуанамыз бақыт құсы ергенге.  
Соның бәрін қақ бөлісіп отыр-ау,  
Мәриям атты  
Кербез, маңғаз, жеңгем де.

Жастық отын Өмекене бергенде,  
Өзгермейті,  
Асыл екен жеңгем де.  
Ағамыздың екі беті жұп-жұқа  
Қайта-қайта жеңгем сүйе берген бе?!  
Сұлу жары  
Жақсы ағаның сәні де,  
Кейде сәннің  
Мәні жатыр өріде.  
Жеңгем шіркін,  
Көп құшақтай берген-ау,  
Тұлғасы тік  
ағамыздың әлі де.

Жүрегімнен  
Тойға тарту жыр құйдым,  
Өзім білген  
Мықтысы ғой бұл сыйдың


Рахмет айтып,  
Ағамызды баққанға  
Ал, жеңеше, бетінзден бір сүйдім.

Ей, балалар!  
Қарындастар, інілер!  
Ағайындар! Достар! Көзі тірілер!  
Мына тоймен құттықтаймын бәрінді,  
Қуанышта бір болды деп білiндер.

Ал, Өмеке!  
Тағы келдім өзіңе,  
Нүкте қоям  
Жүрек сыйы сөзіме;  
Ақындардың  
Бар байлығы өлеңі  
Өзге дүние көрінбейді көзіне.  
Келе қалған жәй сөз емес ойыма,  
Не айтсам да сыйып тұр ғой бойыңа  
Ат мінгізіп,  
Шапан жауып тұр деп біл  
Бір ардақты інің келіп тойыңа.



1972.



## ҚАНЫШ-АҒА ЖЕЗҚАЗҒАНҒА КЕЛГЕНДЕ

Жезді өлке,  
үміт сенім ақталыпты,  
Ұлына Баянауыл бақ дарытты.  
Сарыарқа самал желі беттен сипап,  
Жезқазған қарсы алып тұр Сәтбаевты.  
Сұңғыла  
тірек болған бір ғасырға.  
Ақтаңгер төтеп берген бұрқасынға;  
Келіп тұр  
Заңғар ғалым Ұлытауға,  
Баяғы жас күніндей сырласуға.

Көз көріп,  
тапты сонда тағат жаным,  
Аңсаған туды сәтті сағаттарым.  
Күлімдеп шықты Қаныш алдымызға,  
Қырандай еркін жайған қанаттарын.  
Көңілдің ала бұлтын асырып қыр,  
Сабырмен жан толқынын жасырып тұр.  
Күн сүйген Жасыбайдың айдынындай,  
Жүзінен мөлдір шуақ шашылып тұр.

Келбетін дауыл, ызғар өзгертпеген,  
Тау дерсің  
Өр шыңына көз жетпеген.  
Осы ғой жастай құмар пірім менің,  
Періште нағыз абзал перзент - деген.  
Толғағын көкіректе толған сырдың,  
Еріксіз елең қағып, қолдап тұрмын.  
Ақбет тау күміс сәуле ұшқыны бар,  
Аққұба келбетіне қонған нұрдың.

Көз тояр тұрпатына, батыр тұлға.  
Әр сөзі,  
әр қимылы татыр жырға;



Басында бұйра шашы толқып жатыр,  
Салғандай сал қарағай асыр шында.  
Таң қалса көзі көрген жан санасы,  
Тумас та бұдан артып жан баласы.  
Кең құлаш,  
Жардай биік маңдайын-ай!  
Қазақтың сиып кеткен маң даласы.

Жытылық кескінінде тұрған жайнап,  
Тентекті жасқандырап құрған айбат.  
Қос жанар ақ кеседей аунап түссе,  
Тамсантар қарашыққа тұнған қайрат.

Өзі өлең,  
есімі өлең тарлан-көгім,  
Бір көріп  
Кештім ғажап арман төрін.  
Дүние дүрмек емес майдан екен,  
Дүлдүлдер бақытты етер жүрген жерін.

Әнеки, кербез жүзі құлпырады,  
Қисайды-ау шекесінен Күн тымағы.  
Байқалды бүкіл болмыс,  
                                кескінінен,  
Адам мен сал табиғат ынтымағы.  
Артық сөз, ұзақ кеңес құрмай бекер,  
Бейнесі шалқар шабыт шындайды екен.  
Қанша айтқыр болсаң дағы  
Дастан керек,  
Канекен бір өлеңге сыймайды екен.

*1966.*

## ЖАСЫБАЙ ЖЕЛІ

(Балғабай Сейсембековке)

Өксік жел соқты,  
Өкініш өзек жұлғандай,  
Төгілер енді,  
Көңілден таса сыр қалмай.  
Шахталардың мұнаралары да мұнайды,  
Балғабай атты бастығын ойлап тұрғандай.

Бақыт қой шіркін!  
Айнымас болса досыңыз.  
Құтты еді біздің жас күнде думан көшіміз.  
Жезқазғанға топ-топ болып келіп ек,  
Бір-бірлеп кетіп барамыз-ау осы біз.

Жасыбай, Баян  
Сияқты жанға жағымды,  
Жан еді жайсаң,  
Ер мінез, аңғал ағынды.  
Кереку кербез, ақсары жүзін аңсап бір,  
Шахталас достар бір ауыз сөзін сағынды.

Қаз-қатар ұшқан құстармен күзде аттанды,  
Жігіт еді-ау, әр ісі ғибрат жаттанды.  
“Ақ патша” деуші ек,  
Біржан Сал - деуші ек тойларда,  
Сайранды сәттің бір қызығы шақталды.

Ақжарқын бейне,  
Бай мінезбен ұтатын.  
Көрмедік кезін  
Күніреніп, қабақ шытатын.  
Балаларды көкелеп көкке көтеріп,  
Үлкеннен үздік кішіні аға тұтатын.

Тауларға заңғар жақын еді самғар күн,  
Жезқазған даңқын өз даңқына жалғар күн.

Сол күндерді  
Көрем деп жүрсем асығып,  
Туыпты бүгін тебіреніп өлең арнар күн.

Кенші мінез,  
Кемелдікке сай тұлға,  
Сыры көп қой өнеге қылып айтуға.  
Бара алмап едім  
шақырғанда аулына,  
Барам-ау енді  
Басында тұрып қайтуға.

1975.

\* \* \*

Ойнасам да  
Шындықты айтсам досыма,  
Шенемеймін шенді “дөйте” қосыла.  
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме,  
Жаксы досың соқпай өтсе қосыңа.

Жырға орап сырымды айтсам біл іншек,  
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.  
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,  
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

1978.

\* \* \*

Сезсең сез кейде мекен қызғанышты,  
Емес тек пасық ойлы ызғар ішкі.  
Ойласаң ол бір нәзік жан сезімі  
Жігіттен бой сақтаған қыздан күшті.

Жоктығы деп ойлама сыйлас сенім,  
Қайта сол сәнбесін де қимас сезім.  
Мүз жүрек, соқыр көкірек болсам егер,  
Сен менің маңдайыма сыймас едің.

61

Уақыттың Сағаты

## МАРҒҰЛАНМЕН КЕЗДЕСУ

Алматыға Мәскеуден келе жатқан,  
Студент ем дүбірге елең қаққан.  
Тар вагонның жұрт өтер, қақ жолында,  
Кезім еді  
бүлк етпей өлең баққан.

Сәтті болар - сапарым тегі менің,  
Жасап жатыр өзгелер серуенін.  
Ресторанға ерте, кеш  
ерсіл-қарсыл,  
Өткен жұрттан сескеніп жерімедім.

Жан сырына қыз-шабыт дәл келеді,  
Дәл келгенге  
қыл қалам өлденеді.  
Үйіріне ұмтылған ақ бөкендей,  
Үйіріліп әр сөзге ән келеді:

“Тілдің балы-ай!  
Шырыны бойға тарап,  
Масауратар ішкендей тойда шарап.  
Улы ләззат сілемді қатырып ең,  
Екі аяқты басуға зорға жарап.  
Басу іздеп жүректің асырына,  
Тілден сүйдім оңаша жасырына.  
Ғашығым-ай,  
тағы да іздеп келем,  
Сағыныштан бал шарбат ашыды ма?!”

Ғашық сыры төгілсе ақ желеңмен,  
Есім кетіп елтимін тәтті өлеңмен:  
Бір мезетте селк етіп,  
тез тоқтадым,  
Қарай қалып бір қазақ қақ төбемнен.

Пайғамбарды аспаннан тастағандай,  
Шошып кеттім,  
Ой келер басқа қандай.  
Әуезов пе - деп қалдым  
мен ішімнен,  
Жарқ еткенде бұйра шаш, қасқа мандай.

Оқыс келген пірімен таласар кім,  
Құдай болып отыр ем, аласардым.  
Құрық тиген құлындай  
жалт бұрылып,  
Дәптерімді тезірек жаба салдым.


- Қысылма інім, ұялма оқы - деді,  
Жылытты да, жібітті отты лебі.  
- Тым сескеніп жапқанда дәптеріңді,  
Кім - деп тұрсың, жас ақын осы мені? -

Жібергендей садақты ашық атып,  
Айтар сөзді алдым-ау шашыратып.  
- Сіз Әуезов Мұхтарсыз  
өлсіз өлең,  
Оқып беру мен үшін несі бақыт?!

Дегенімде  
- Желісі-ай, кер құнанның,  
Тенеді ғой шыңына Монбланның -  
Сәл жымиып жасқанба оқы, - деді -  
Мұхтар емес,  
Мен Әлкей Марғұланмын. -

Түзелсе де азырақ тіршілігім,  
Көп қиналдым оқуға жыр шырынын.  
“Ләззәт“, “зәузат“ - дегенім ұялтқандай,  
Дәптерді аштым  
жасқантып сыршыл үні.

Оқып, оқып қарады күлімсіреп,  
- Елестейді шын ғашық тірі сурет.





“Улы ләззәт” - дегенің қызық екен,  
Еске салды Мағжанды бірінші рет. -

Деп Әлекең ойланса қарсы алдымда,  
Мен білмеуші ем ол кезде Мағжанды да.  
- Сен қысылма - деді - бұл тамаша өлең, -  
Өңім кірді... ә, құдай бақ жанды ма?!

Мұхаң келді сәлден соң,  
Қалдым сасып,  
Бәрін айтты Әлекең қалжыңдасып.  
“Улы ләззәт” данаға ұнап қалды,  
Қайта оқыды, сүйсініп мауқын басып.

Душар болсам қыспаққа қай-қайдағы,  
Олар кетті,  
бойымда қан қайнады.  
Әзілдері тамаша,  
есте қалды,  
Кең даладай жайнаған маңдайлары.

Жылдар өтті. Жер тардай кең жалғанда,  
Әлекеңмен табыстық Жезқазғанда,  
- “Улы ләззәт” көрсеттім татқан қызды,  
Үйге келіп, жақсы аға, демалғанда.

Поездағы кездесу аңыз ғана,  
Емес еді,  
еске алдым маңыздана.  
“Улы ләззәт” дегенде,  
- Әй, сен бе едің? -  
Деп қуанып мәз болды абыз дана.

1994.


## ПРОМЕТЕЙГЕ

О, адамзат! Прометей де төңірің,  
Тіршілікке от тарату бай ырым.  
Темір бұғау қыспағында жасады  
Адамдарға қолдан келген қайырым.

Қайырымдылық көбейтуге легін,  
Жыр маздатып жалынды өмір сүремін.  
Әперуге Прометейдің ұшқынын,  
Тарыққанды іздеп қана жүремін.

Оттыларды ардақтаса шартарап,  
Қанша жүкті кетті олар арқалап?!  
Күл, талқандап құлдық құрсау түнегін.

Кен қазғаным ол да от іздеп жүргенім,  
Ел мұқтажы көздегенім білгенім,  
Прометейдің көбейтуге легін.



## ЖАПОНДАРҒА ҚҰМАРТАМ

Мағырып пен Машырық,  
Батысым мен Шығысым.  
Тауып та жатыр жасырып,  
Бірінің бірі қыбысын.

Батысқа сәуле сепкенін,  
Табиғат күтіп ансайды.  
Машырықтан жарық жеткенін,  
Түн бойы күтіп шаршайды.

Құбылтып шұғыла алыстан,  
Машырық шырақ жағады.  
Қызықтан кештеу қалысқан,  
Мағырып декірек қағады.

Сүйсінем нұрлы мәнерге,  
Күдіктен сенім асырып.  
Таласып жатыр әлемде,  
Мағырып пен Машырық.

Кең далама туар таң,  
Евразия негіздес.  
Жапондарға құмартам,  
“Востокті” мәстек дегізбес.

29.12.2002.  
Астана.

## ӨРШЕЛЕНУ

Жас ұлғайып барады, ұйқым кеміп,  
Өзіме-өзім қараймын күлкім келіп.  
“Серттен тайды” - дегенді естігенде,  
Естімеген болады сылқым желік.

Кербез дала, күміс бел, сағым қырдан,  
Бой көрсетсе жезкиік сағындырған.  
Шабыт келіп сыбырлар  
Өршеленіп,  
Бір көруге болардай жаным құрбан.

Қайран өлең, қыз-шабыт өрім де сен,  
Сенсіз елге перзент боп көрінбес ем.  
Қашан келсең мәңгі жас ғашығымдай,  
Серттен таймас қомағай өліп-өшем.

1989.

67

\* \* \*

Қуанышта ағайын ағылады,  
Лек-лек дос-жаран табылады.  
Реніште ет жақын бауырлармен,  
Алдай білмес адал дос табылады.

1992.

Ұжымбек Сағымқов

## ҚАРСАҚБАЙДА МҰРАЖАЙ

Қаныш-аға!  
Құрметімді қабыл ал.  
Пірім болдың бала күннен табынар.  
Қазағымның аспанында жұлдызсың,  
Ел бағына мың жылда бір жағылар.

Қарсақбайың - құтты жері жорықтың,  
Осынау үйдің рухынан соны ұқтым.  
Ауыр күндер,  
қызу күрес елестеп,  
Өзіңменен тағы да бір жолықтым.

Бұл мұражай жан үмітін шыңдайды,  
Асыл бейнең көкірегіме нұр жайды.  
Жезқазғанға келген сайын  
өдейлеп,  
Соғып өтіп, сыр толқытам сіз жайлы.

68

Даралығың, даналығың қолдады  
Құтты мұра - өр ісіңнің зор мәні.  
Бақытың сол:  
Жезқазғаның жайнады,  
Ыстық қайнар, жез теңізі орнады.

Қазақстан білсең асыл өр тасын,  
Жасап кеттің жоба, болжам картасын.  
Табындырдың сол мәңгі өшпес ісіңмен,  
Әлемдегі барлаушылар алқасын.

Ойға оралса  
теңеулердің талайы,  
Көрінеді бөрі солғын, жабайы.  
Болдың мәңгі  
Есіміңді ел сақтар  
Қаныш-аға - ғалымдықтың Абайы.

1.10.1991.  
Қарсақбай.

## СҰЛТАНМАХМҰТ БЕЙІТІНДЕГІ СӨЗ

Сақ қыран Сұлтанмахмұтты,  
Бар қазақ тегіс таниды.  
Жұлдыздай жарған ақ бұлтты,  
Өмірі өргек, жаны игі.

Жүргендей нұрлы саянда,  
Жаныма жақын ақынсың.  
Көкшеде туып, Баянда,  
Мәңгі ұйқыда жатырсың.

“Құмар сұлу” қайғысын,  
Жүрегім сезген дүрсілдеп.  
Өлеңнің жаздың нәрлісін,  
Шырағы өшпей тұрсын деп.

Жадымда қалған нұрлы ағын,  
Серік боп бағыт жүр нұсқап.  
Есіме түсті шумағың,  
Ажары қайтпас гүлге ұқсап.

“Қараңғы қазақ көгінде  
Таң шолпан болып өтіпсің”  
Күзде келіп өмірге,  
Мамырда аға кетіпсің.

Ұққаным көп сөзіннен,  
Жанымды сәулең жайлады.  
Ыршып түскен көзімнен,  
Ақ тамшы соның айғағы.

Сөз әділ құлпытастағы,  
Тарихсың бізге бір өзің.  
Ұрпаққа үлгі тастады,  
Шайлықпас өрттен мінезің.



## ЖЕЗДІДЕГІ МҰРАЖАЙ

Талай жылдар өңір, өлке құраған,  
Шежіре осы  
Жез сынғыры дін аман.  
Бұл мұражай - таспен жазған поэма,  
Бұл мұражай - мыспен жазған роман.

Жаны толқып кім қызығып қарамас,  
Көп Кеңгір мен Жезді жатыр сағалас.  
Қара қазан Қарсақбайым, Ақтасым,  
Жезқазғанмен бой көрсетті аралас.

Қазағымның жез ордасы - Жезқазған,  
Жылдар бар ма одан заман көз жазған.  
Бұл мұражай бай өлкенің тарихы,  
Байтақ елді байытам деп кен қазған.

Әр көрініс меже таста сыр күшті,  
Баяндайды баршамызға нұрлы істі.  
Кеншілер мен көреді өз келбетін,  
Балқытушы, байытушы, құрылысшы.

Малшы, егінші кеншілерден қалмаған,  
Қаусарып тұр бар қаланы маң далам.  
Алғыс айтам  
бұл көрменің көркі үшін,  
Жігіттерге  
Жігер, күшін арнаған.

“Жілік алмақ мінезінен баланың”,  
Дегендейін жаным сүйді талабын.  
Бұл мұражай - еренғайып еңбегі,  
Төрегелдин Мәкен атты ағаның.

## ЖАЙНАП ТҮР СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

(Әшірбек ҚҰНАНБАЕВҚА)

Сәтбаев қаласы дегенде,  
Еске алам баяғы жас күнді.  
Жүруші ек кен қазып тереңде,  
Жезге арнап бойдағы тасқынды.

Жан достар, пәк мінез кеншілер,  
Болды ғой мәңгілік бауырлар.  
Секілді жұп жазбас көршілер,  
Көбейді шахталар - ауылдар.


Ол күнге еш күндер жетпейді,  
Теруші ем жан кенін, жер кенін.  
Толғанып есімнен кетпейді,  
Қаныштай дананы көргенім.

Ойлаймын туған ел құштар деп,  
Жазғаным қолына жетті ғой.  
Қоскөлде қос аққу құштар боп,  
Жез Киік жан баурап кетті ғой.

Сол кезде түскендей ғарыштан,  
Жас қала қанықтық сырына.  
Ұлытау сүйсінді алыстан,  
Ақ бата бергендей ұлына.

Ағалар бастады таңдаулы,  
Басылмай ақ ниет алаңы.  
Қаныштың атына арнауды,  
Қаладық бірге өскен қаланы.

Шахталар - алыптар нар тұлға,  
Дананың іздерін ескертті.  
Қаланы тұрардай айтуға,  
Кеншілер астанам деп кетті.



Көшелер құлпырды біріндеп,  
Жалғасты жер мен көк арасы.  
Қанекөң секілді күлімдеп,  
Жайнап тұр Сәтбаев қаласы.

19.01.2003.

\* \* \*

Кімге керек  
    өсіре сөзбен  
        көлегейлеу, көлгірлеу,  
Толқыта ма  
    желсіз түнде  
        тыныш жатқан көлді үрлеу.  
Жер бетінде,  
    көз байлаған  
        көрдім талай мөлдірді,  
Сенің нәзік  
    келбетіңнен  
        емес бірі мөлдірлеу.

Құмарлансам  
    тыным таппай  
        жылы шуақ нұрыңа,  
Машықтансам  
    жан баураған  
        ащы, тұщы сырыңа,  
Соның бәрін  
    жазып кетем  
        лүпілімен жүректің,  
Сақтап нәрін,  
    баптап сөнін  
        өзің жайлы жырыма.

1976.

Күмбірлейді домбыра,  
Тербеп Бетпақ - Даланы.  
Басқа дыбыс жоқ сірө,  
Еліктірер сананы.


Екі ішек, естіп білгейсің,  
Мұңын шағар ақ сағым.  
Кімді іздеп жүр дейсің,  
Жезкиікті аңсадым.

Сағындырған Жез киік,  
Сыңғыр қақты тұяғы.  
Қысқан кезде шер, күйік,  
Далаға қалай сияды.

Қай жаққа жүйткіп көсілді,  
Не дейді дүбір екпіні?  
Дүрсілін жүрек өсірді,  
Бір көрінбей кескіні.

Күмбірлейді домбыра,  
Іштегі күйге қосылып.  
Жүрегім жатыр дал болып,  
Сағыныш жолы жосылып.

17.04.2002.



## КӨСЕМДІК ПЕН ДАНАЛЫҚ МАЙДАНЫНДА

Өзіңе өзін сенбесең,  
Жалынсыз бықсып, жанарсың.  
Өзіңді өзін жеңбесең,  
Өкініш өртеп қаларсың.

Махамбеттей сертке мәрт,  
Қайратқа мін де қайыспа.  
Шайлықпай заулап өрге тарт,  
Алқа топ, айқын сайыста.

Іс керек құштар тұрақты,  
Күш керек жетер арманға.  
Әмбеге жаса жұмақты,  
Не бітер жалғыз барғанда.

Көпшілдің жолы кең келер,  
Өзімшіл алға баспайды.  
Айкаста елің дем берер,  
Енжарды сырып тастайды.

Досынды шенеп қызартпа,  
Бос қылжақ құртар сайысы.  
Жетеді бірге мұратқа,  
Адал дос ортақ намысы.

Мұқалтпа бойда дарынды,  
Желкен қыл қайсар жігерді.  
Кіршіксіз ұста арыңды,  
Жеңістен үзбей күдерді.

Көкірек тура көздесін,  
Қияға құлаш серметкен.  
Бір өлімнен өзгесін,  
Жөн болады тездеткен.

Ұқаным осы бәрі анық,  
Ұстазым менің Қаныштан.  
Көсемдік пен даналық,  
Бір өзінде табысқан.

21.01-2003.

Алматы.


## АШЫҚ СЫР

Қанаты талмас,  
Тасада қалмас,  
Айқаста туған адаммын.  
Жүдеген ауыл,  
Жаутаңкөз бауыр,  
Білемін халін заманның.  
Түсінер осы мән-жайға,  
Жүрегі таза жан қайда.

Жалданған ақыл,  
Жалт берер ақыр,  
Ындынын қашан толтырар.  
Өзіңді байлап,  
Бөтенді сайлап,  
Пысықтар кімді оңдырар.  
Шет елдіктер басынды,  
Ағартты қалған шашымды.

Алтыным қайда  
Күміс не жайда,  
Барады құрып мысым да.  
Біреулер салды алақай,  
Мұнайға құрды талапай,  
Жан, жақтан түстім қысымға.  
Қаныш аға тапқанды,  
Не дерсің құнсыз сатқанды.


Кебенек келді,  
Ала қол жеңді,



75



Қадырбек Сағымқов



Ел ортақ іске ебі жоқ.  
Сатушы зұлмат,  
Бағасы қымбат,  
Өзгені қайтсін өзі тоқ.  
Қашып та кетсе шет елге,  
Ашынған даусым жетер ме?!

Бұзылды сәнім.  
Азайды малым,  
Шәй, қантқа кетті төленіп.  
Арқалы тозды,  
Қалталы озды,  
Шен, шекпенге бөленіп.  
Қайғырмайын мен неге,  
Екі өмір жоқ қой пендеге.

1999.



76



## ЖЕЗҚАЗҒАНҒА

Өкінбеймін жел өзгеше көсілсе,  
Дос өсектеп, дұшпан кегін өсірсе.  
Өкінер ем  
өлеңімді туған ел,  
Өзім жоқта жүрегінен өшірсе.

Қайда жүрсем  
Жыр тасқыны тынбады,  
Шалқи берді ақындықтың гүл бағы.  
Бар қазақты бөлеп, тербеп, балқытты,  
“Жезкиіктің” ғашық әуен құндағы.

Нұрғисалар жыр желісін күйлі етті,  
“Жезкиікті” Жақсыгелді түрлентті.  
“Дала” атты дастанымды Шымболат,  
Қазақ түгіл орыстарға үйретті.

Бақытым сол - жырға құмар қазағым,  
Көш құрады көкіректегі мазалы үн.  
Әкімдікке кеткен күнді қайтарып,  
Егде тартсам,  
әлі де көп жазамын.

Шындықты айтып  
Кең жарылсам ағынан,  
Кенші қауым - деген елді сағынам.  
“Жезкиікшіл“ ақын-кенші атансам,  
Киелі жер Жезқазғанға табынам.

Қаныш-аға  
Келем сәтті ізімен,  
Дала маған құтты жазы, күзімен.  
Жезқазғаннан қымбат жерді таппадым  
Өзім көрген  
осынау жердің жүзінен.

9.10.1998.

77



Әкімдік Салтанат

## ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ КЕНШІЛЕРДІҢ КӨСЕМІ

(Мұхит Бөпежановқа)

Кенші мінез, тапқыр сөзді, батыл үн,  
Шығаруға жетті қайсар ақылың.  
Жезқазғанда қанат жайған,  
Қаз-қатар  
Бәрімізді - деуші едің сен “батырым”.

Құтты жолда аға болып табысқан,  
Осынау сөзді үйреніпсің Қаныштан.  
Қанат байлап,  
дер кезінде дем берген,  
Қандай жақсы кездескені данышпан.

Түсіпбектер, Оразбектер, Темештер,  
Ордабайлар ордаң болып елестер.  
Шахмардандар, Далабайлар, Ғазиздер,  
Жоқ оларды “батыр-аға” - деместер.

Көтерілсе кенші жастар төбеміз,  
Арыстардың әр қимылын тереміз.  
Жұлдыз таққан, жұлдегер боп самғасаң,  
Шоқ жұлдыздар легінде көреміз.

Деп жүргенде бізді өңшен “батырым”,  
Сол ұғымға өзің ерте татыдың.  
Кенші қазақ арасында  
Сен болдың,  
Тұңғыш жұлдыз төске таққан  
“Батырым”.

Мен шындықты аттамаймын бес елі,  
Жігіт едің дархан, мырза, көшелі.  
Айып болмас,  
Сырттан мақтан етеміз,  
Сұлуларға сайтаның бар - деседі.

Қолбасшы едің әруақ қонған еселі,  
Шындық осы  
Міне, уақыт есебі:  
Ең бақытты шәкіртісің Қаныштың,  
Жезқазғандық кеншілердің көсемі.

Сол күндерде арқыраған бесті асау,  
Білек қостық тілек айтып хоштасаң.  
“Батырым” — деп  
бағаласаң жан-аға,  
Ұмытпаймыз ол сөзінді ешқашан.

17.11.1995.

## ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ


Отыз екінші жылдардың түлектері  
Мықты адамдар  
Қаулаған жүрек шері.  
Қолдарынан түспеді қаршадайдан,  
Ара, балта, қол шалғы, күректері.

Туған әке аз естіп өсиетін,  
Көпшілігі көз ашпай өсті жетім.  
Содан олар жасынан тым ойшылдау,  
Бұл жалғанның мол шеккен қасіретін.

Көз ашқалы аяусыз арандадық,  
Сансыз шаңырақ құрыды қараң қалып.  
Отыз екінші жыл жүтса  
ұлттың жартсын,  
Қалғанына қосылдық аман қалып.

Қыршын күнде шарпыды соғыс өрті,  
Қырық десте орнады өмір дерті.  
Сиыр жеккен  
Соқа айдап қара парда,  
Бір күн біздің өткен жоқ жеңіл-желпі.





Ел тозғанда талықсып “Женіс” келді,  
Жену оңай соқпады немістерді.  
“Қара қағаз” қаусатты аулымды,  
Бітеу жара демеспін тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр қонар бағы,  
Анамның да тұрмысы оңалмады.  
Көршіміздің оралса бәрі түгел,  
Біздің үйге үш арыс оралмады.

Анам өтті аландап тосуменен,  
Әке зары, мен ойлар қос у-менен.  
Жас жесірлер  
тым ерте өлек болды,  
Бізді үйірге дұрыстап қосуменен.



Бойда күшті дүние, бағалады,  
Ерте жекті, тай күнде тағалады.  
Қара нанды қақ бөлген  
естен кетпес,  
Интернаттың жаутанкөз балалары.

Жаман емес иншалла, үйіріміз,  
Отыз екінші жылдықтар мұң гүліміз.  
Біздер үшін үлкеннің бәрі ағалар,  
Қадір білген кішінің бәрі ініміз.

Құдай берген құт мінез - бауырмалмыз,  
Жетілдік қой деместей жауыр малмыз.  
Қайдан шыққан мықтылар екен - десең?  
Жердің төрі ардақты ауылданбыз.

Шын елгезек, мейірбан жүректері,  
Жетті аштықтан шаттыққа лектері.  
Қай арысқа салсаң да алып шығар  
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Ауыр жұмыс астында күн өтпеді,  
Жеңіл жұмыс үстінен бір өтпеді.  
Биыл міне, жетіп тұр жетпіс жасқа,  
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Жеттік біздер жетпіске тәлтірексіз,  
Елудегі нояннан әлдірекпіз.  
Нарыққа да қол бердік  
Мығым күшпен,  
Дербес елге ең берік әл, тірекпіз.

Арамызда мол ақын, жазушы да,  
Мыс балқытып, алтын кен қазушы да.  
Композитор, суретші, әнші де бар,  
Сәулеткер де, сарайлар салушы да.

Ертеректеу айырдық ойдан қырды,  
Елдің сиқы кертөбел толғандырды.  
Өзі көрген өзгені көп ойлайды,  
Көпке арнадық көкірекке қонған нұрды.

Мұзға түссе шоқтай боп із салғандар,  
Тас қопартсаң қаусатып құз жарғандар;  
Аман қалған аштықтан олжалар ғой,  
Жетпіс жасын тойласа қызғанбандар.

Өлең арнап, көсілте ән қосқаным,  
Бір думанды тірлікте бар тосқаның.  
Жасым үлкен қаңтарда туғандықтан,  
Құттықтаймын бәріңді жан достарым.

22-06-2002.

Алматы.

Жақыпбек Сағандықов

## АРАЛ КЕУІП КЕТПЕСІН

Арал кеуіп кетпесін... Арал кеуіп,  
Марал кеміп кетпесін... марал кеміп.  
Табиғатты қақсатқан оқ ұшқыны,  
Талмау жерден тиеді маған келіп.  
Көз тойдырған көгілдір Арал қайда?  
“Ақ құм” шөлейт, сұм апат жан алмай ма?!  
Кең айдында тербелген ақ кемелер  
Құмға шөкті қажетке саналмай да.

Киіктерді түбекке қысы қалың?  
Құм қуалап кетердей қысыламын.  
Беу, адамдар! Тындашы, Аралды аңсап,  
Өзек жарған өлең-құс ұшырамын.  
Сыр мен Әму толқытқан Арал қайда?  
Теңіз құрғап сарқылды табар пайда.  
Қапаландық тай балық тандап жүріп,  
Жөй балықтың жұрнағын таба алмай да.

Су сарқылса, құс көрсе жаман өлік,  
Зәрем ұшар салғандай заман желік.  
Болашақтан ұялам, біздерді айтып,  
“Бұл жерге де кетті-дер - адам келіп”.

1980.

## ҚЫРҒИЛАРДЫҢ ҚЫРҒЫНЫ

Екі қырғи жүре алмастай бір қатар,  
Күн туды ғой бірін, бірі қиратар.  
Қиянкескі қырлысқанда таң қалып,  
Кері ағыстан болды баста ми қатар.

Елді ойлап,  
Тар кезеңде табысқан,  
Деуші едік-ау, екеуін де арыстан.  
Қырғын болды күжірейіп жүргендер,  
Бір, біріне тас кенедей жабысқан.

Екі қырғи,  
ел алдында айқасты,  
Қатындарша бет тырнасып байқасты.  
Шықылықтап ұя басқан тауықтар,  
Әтештер де сау бастарын шайқасты.

Тым көбейсе “қыт-қыттаған” шұбыртпа,  
Дейді әтеш: - болған екен сыдыртпа.  
Табысымыз сөйкес емес шабысқа,  
Неге аз шықты - дейді - біздің жұмыртқа? -

Беу, шіркін-ай,  
Тапқаны осы пәленің,  
Күмбездеп тұр тегін табыс әлемін.  
Шаңқай түсте шақырғанда соны айтып,  
Қос қырғиға салды әтеш өлегін.

Ойлап отыр халық іштен түйерін,  
Кімді боқтап,  
Білмей кімді сүйерін.  
Бесбатпандап бір, біріне жаққаны,  
Жусаң кетпес қарасы екен күйенің.

Қос кемедей сайран құрған теңізде,  
Ұқсап кетті екеуі дәл егізге.



Қырғилардың қырғынының түбірі,  
Жатқандай бар аш қасқырлық негізде.

Теңіз шетін жүрсем үнсіз жағалап,  
Солқылдайды абалақ пен сабалақ.  
Ой-хой - деймін  
Үлкен төрдің маңайын,  
Осындайлар көп жүріпті-ау, қамалап.

26.12.2002.

Астана.

### АБЫЛАЙ ХАНҒА СЫЙЫНДЫҚ

Алла жар боп әруақ қонды басына,  
Құт орнады ала тудың қасына.  
Өз дәуірін, өз ғасырын жасады,  
Абылай хан  
жау үрейін қашыра.

Әділдігі таң қалдырды халықты,  
Өзі бастап, ел негізін салыпты.  
Тағы тарпаң  
Заты дархан қазақты,  
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,  
Саңлақ зерде  
оятты ұлттық сананы.  
Ерлікпенен серілікті тең ұстап,  
Әулиедей аты Алашқа тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,  
Арпалыста жолбарыстай түледі.  
Оған тартқан кейінгі ұрпақ  
Елім деп,  
Еңіреп туған кетті ұласып тілегі.

Мағжан-ақын мезетте оқтай атылған,  
Медет көріп Абылай рухын шақырған.  
“Абылайлап” - жауған оққа кірмесе,  
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Әруақ силар тандайымда бар татым,  
Өсті осылай үрім-бұтақ зәузатым.  
Сын сағатта Абылай-ханға табынды,  
Күн көшінде - Тоқтарым мен Талғатым.

Кеше атына салынса да тиымдық,  
Тітім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.  
Қаны қазақ  
қай қияда жүрсек те  
Абылай-ханға ант бергендей сиындық.

7.01.2000.


## ЖАРҚЫН ЖҮЛДЫЗДАР

Жарқын жұлдыздар - аспанның жанары,  
Асыл ер мерт болса, бір жұлдыз жанады.  
Жетісу төрінде,  
Алатау өрінде,  
Жұлдыз боп Нұрғиса жарқырап барады.

Жарқын жұлдыздар шапағат сепкендей,  
Қараймын өкініш ағыны шектелмей.  
Сарыарқа төрінде,  
Көкшетау өрінде,  
Мүсінші Төлеген қол сілтеп өткендей.

Жарқын жұлдыздар - көшіне толды көк,  
Кең аспан барады төрлі боп, мөрлі боп.  
Атқан таң толғанды  
Ай толқып ойланды,  
Жердегі жұлдыздар тым ерте сөнді деп.





Айқын жұлдыздар,  
Асыл шын, күздар.  
Көңілде сөнбейсің,  
Аспанда өрлейсің,  
Жарқын жұлдыздар.

29-10-2001.

### ТІРШІЛІКТІҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі Күн нұры,  
Сал табиғат тың жыры.  
Шық маржаны жарқ етсе,  
Ол тіршілік сыңғыры.

Домбыра ашық күмбірі,  
Ғашық жүрек шын сыры.  
Сенің түнгі лебің,  
Тіршіліктің сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,  
Ашылады мың гүлі.  
Ернің тиіп кеткені,  
Тіршіліктің сыңғыры.


Сайрап сайдың бұлбұлы,  
От құшақта тынды үні.  
Ләззат, рахат бөрі де,  
Тіршіліктің сыңғыры.

1.05.2002.



## АҚ ПЕЙІШТЕ ҚАРСЫ АЛСЫН

(Ақжан Машановқа)



Арыстанбапты мен өзіңнен естіп ем,  
Өжет едің қалған қайсар естіден.  
Арыс Сырдан айрылғандай шошыдым,  
Ауыр сәтте суық хабар естіген.

Ой-хой, дүние-ай! Тарих қанша жаңылды,  
Жабық жатты баба салған бар үлгі.  
Әл-Фараби қазақ етсең есімін,  
Ақ түйенің қарны сонда жарылды.

Қаныш-аға ұлағатын көп тіздің,  
Тапсырмасын көкірегіңнен өткіздің.  
Шығыстағы Аристотель екінші,  
Бабамызды қазағыңа жеткіздің.


Отырардың оң тілегін ақтадың,  
Ақжан - десе асылданды ақ жаның.  
Бағдат, Мысыр, Ыстамбұлды аралап,  
Әлемге аян баба ізін тапқаның.

Жан аямай, білдің үрдіс өрлеуді,  
Инеменен құдық қазып терлеуді.  
Қожа Ахмет Яссауидің бастаттың,  
Қирап қалған кесенесін жөндеуді.

Ақсақ Темір өулие де қостады,  
Тез көбейді Яссауишыл дос саны.  
Алты алаштың бағы ашылды  
Осы еді,  
Жүрегіңнің жүз лүпілдеп тосқаны.

Түркі тектес елдер, бүкіл арабтар,  
Мадақтайтын, қолдау етер ғажап бар.  
Ол - екінші Мекке атанған Түркістан,  
Ол - жұлдызы қайта жанған казактап.





Сол шаттыққа қосқан шексіз үлесін,  
Көзін жұмды бүгін біздің ұлы есім.  
Рухы сәнбес,  
жалғап өтер жалғанда,  
Ұлы есімі ар, намыстың күресін.

Тіршілікте бітпейтін көп әлегі,  
Әр бір күні ғасыр еді әдемі.  
Ел ғылымын жасап кеткен  
ғұлама,  
Қаныш-аға жақсы көрген жан еді.

Тартылып тұр бүгін зарлы аза күй,  
Аза күйде тебіреніс бар ғажаби.  
Әл-Машани аттанғанда бақиға,  
Қолдау етер Қожа Ахмет Яссауи.

Арыс едің атың шыққан жаһанға,  
Өлмес жанды өлді - деуге батам ба?!  
Мен не дейін?  
Ақ пейіште қарсы алсын,  
Әл-Фараби, Арыстанбап атаң да.

5.ІҮ.97.

\* \* \*

Мықты болсаң өрине намыскерсің,  
Кешкен өмір бәрі де жарыс - дерсің.  
Байқоңырдан ұшқанға құштар болма,  
Көз ашқалы өзің де ғарышкерсің.

\* \* \*

Тарихпенен тірлікке кезек қара,  
Тез көрінер бүгінгі кесек жара.  
Біздер үшін ауырлық ұзап кетті,  
Тарих үшін ол шағын мезет қана.

## ҚАНЫШ-АҒА ІНІМ ДЕП ҚАДІРЛЕГЕН

(Сағындық Кенжебаевқа)

Жақсы ағаны сыйлаймыз әкедей біз,  
Алға бастап,  
Құтты жол жетелейді із.  
Жастық шақтың көп жылғы кемеңгерін,  
Көсемім - деп  
тік сөйлеп төтелейміз.

Біздің Сәкең адамды ардақтағыш,  
Ардақтағыш жақсыны ар сақтағыш.  
Неге? - десен  
Ол өзі ар иесі,  
Ел төріне сөн берер ардақты абыз.

Арманы зор тілекті беріктеткен,  
Нұры жылы көңілді көрікті еткен.  
Қаз дауысты Қазыбекті елестетер,  
Әз келбеті құдайым беріп кеткен.

Сарқылмайды бойында бай талабы,  
Маңайында жас тоғай жайқалады.  
Қаныш-аға інім деп қадірлеген,  
Мақтан етіп күндерді айта алады.

Қай белесін көрсе де жағдайдың,  
Тарлан көкті өтеді танымай кім.  
Нарыққа да нарлығын танытатын,  
Мәрттігі бар ақжолтай Ағыбайдың.

Дүние қызық алды той, арты жалған,  
Соны біліп серілік салтын алған.  
Жас кезінде Сәкендер мәрт еді ғой,  
Нағиманы өзгеден тартып алған.

Әр қадамын ағамыз төрелеткен,  
Сол жеңгіміз жан сырын терең еткен.

Кыз Жібек пен Төлеген осы - дерсін,  
Кереметті көргенде кереметпен.

14.05.1994.

## ЖАБАЙХАНҒА

(Ж.Әбділдинге)

Бір ғалым қызықтырды қылығы ұнап,  
Айтқаны өзгелерден тұнығырақ.  
Қанекем болмаса да арамызда,  
Сөнбепті терең қайнар жылы бұлақ.

Өзіңсің сол ақтангер Жабайханым,  
Бітіпті ақын мінез Абай-дарын.  
Жақындық арамызда көкірек кернеп,  
Көруге жазсын бақыт арай таңын.

Туған ел келешегін шолып тұрған,  
Ақ жолда тағдыр бізді жолықтырған.  
Кездеспей талай жылдар жүрсектағы,  
Жүректің лүпілі бір соғып тұрған.

Борасын, дауылдатсын қарқын-дүбір,  
Орасын нұр қаулаған алдынды гүл.  
Жасынды келіншектерден жсырамын,  
Құдайым берсін саған Жамбыл-ғұмыр.

1993.

\* \* \*

Мен маркайдым, ел кездім, дала кездім,  
Қасіреті де жоқ емес қара көздің.  
Бала күнде қызықсам үлкендерге,  
Жастық шақтың қадірін жаңа сездім.

\* \* \*

“Доспын, доспын” - дейтіндер жайға қалды,  
Керегінде тым жақсы пайдаланды.  
Кетсе кетсін жаман дос мал емес пе,  
Құдай өзі бергенін айдап алды.

\* \* \*

Сынамайды сұм тағдыр бізді тегін,  
Аңдағаным тірліктен күшті менің.  
Жатқан жоқ па Махамбет - деген сөзде,  
Ішкі намыс қозғаған ішкі сенім.


## ОЙЛАЙТЫНЫМ

Маңайыма қараймын жаным ашып,  
Ұрлық-қарлық көбейді жамырасып.  
Көз алдында “көз жұмып”  
Кеткенін-ай,  
Аш қасқыр мен қарақшы бауыр басып.

Темір есік  
Оқ өтпес қойғызып ал,  
“Бомж” - деген әр үйдің “қоңызы” бар.  
Жұртта үрей жоқ,  
Дүлей жүр жолды торып,  
“Рәкет” - деген “жырық етек” “доңызы” бар.

Мұнымды сез  
көкірек жарасынан,  
Досым еді маған көп жаны ашыған.  
Жерге кіріп кетердей ұяламын,  
Хабар болмай  
Ұрлаған баласынан.


Өнерлі еді жаңа күн қыранындай,  
Қарқынды еді құлшынған тың ағындай.



91



Махамбет Сатаев



Жылдан асты  
Жоғалып кеткеніне,  
ізі өше ме зым-зия сұралынбай.

Қара құстар қарқылдап қаз өтпейді,  
Неге Аллаға  
Жалынған наз өтпейді?!  
Ұлтымыздың біржола нұсқын бұзар,  
Жеңіл мінез қыздар да “қазақ” - дейді.

Еріп келді көп сұмдық нарықпенен,  
Түсін, өңін пәленің танып келем.  
Қап-қараңғы  
үнгірден өтіп барам,  
Қарсы алдымнан  
Қашан бір жарық көрем.

Түн ұйқымды төрт бөліп,  
алмай тыным,  
Осы менің ашық көз ойлайтыным.  
Қалай ғана  
Сұм тағдыр тез көбейтті?  
Жегеніне ындыны тоймайтынын.

23.11.1997.

### **ҚАНЫШ ЕЛІ, ХОШ КЕЛДІҢ!**

Хош келдің! Қаныш елі астанаға,  
Алатау қарсы алып тұр асқар ала.  
Шарықта, асау Ертіс түлектері,  
Жол салған бүгінгі көп бастамаға.

Паш етсем ел мен жердің ұнағанын,  
Ертістей шабыттанып тың ағамын.  
Мен де бір ақын-кенші інісімін,  
Қаныштай ұлы заңғар, ғұламаның.

Тамсантса Сұлтан-Махмұт дана бізді,  
Таратты Мәшһүр Жүсіп сан аңызды.  
Солардың ізбасары - деп сыйлаймыз,  
Токсанда Дихан-баба ағамызды.


Сағынған Керекулік құба таңды,  
Кәрі, жас дүбіріннен қуат алды.  
Балконнан жолға қарап елеңдеп тұр,  
Әзілхан ертіп алып Мұзафарды.

Айқындап ақын Майра салтанатын,  
Туып тұр оза тартар өз - сағатың.  
Қолдасын ақын Иса аруағы,  
Қазағым ханнан артық қарсы алатын.

Қиядан Баянауыл байқалады,  
Қазақтың сол ғой сүйіп айтар өні.  
Қосылып шырқағанда  
Тау тербеліп,  
Көкіректе Жасыбай көл шайқалады.

Шын жүйрік шынығады сынақ көріп,  
Сайыста жігер бітсін, қуат толып.  
Сөт тілеп жолдарында  
Жанып тұрсын,  
“Сөтбаев” - деген жұлдыз шырақ болып.

26.11.1997.



Уәлиханов Сәтмұқ

## АЛПЫСҚА КЕЛГЕН ІНІЛЕРІМЕ

Айтып жүрген ардақты жас - алпысым,  
беу, ағайын, ымырт емес, талтүсім.  
Елуімнен айырмасы көп емес,  
Әлі талай арпалысқа бар күшім.

Алпыс - деген шуақ күзде тың алаң,  
Қыран жасы  
құс ілетін қиядан.  
Сексендегі ағаларды көргенде,  
Өз жасымды айтуға да ұялам.

Есті сұлу  
Кәрі демес мендейді,  
Көңіл жықпас ақ ниетпен емдейді.  
Пайғамбардың келсем дағы жасына,  
Құдашалар оңашада сенбейді.

Алпыс жаста  
Кәрілік күтіп тұр - деме,  
Көп өзгеріс енбес өң мен түрге де.  
Пенсионер - дегендердің бәрі де,  
Етегіне намаз оқып жүр - деме.

Талай қызық  
Көрер ме едім әл кетсе,  
- Ұры емеспін алақұйын “бау кеспе”.  
Талай жылдар кездеспеген бір құрбым,  
Жастық шақтың от-жалынын салды еске.

Алпыс келсе  
Жасқанамыз біз неге,  
Сұлуларға “күдерінді үз” - деме.  
Бұл алпысың кәрі де емес, жас та емес,  
Екі ортада әрі-сәрі бірдеме.

Бас ауырса  
баса көрме ыңқылға,  
Егделікке жаттықпасын ғұрпың да.  
Өз жасыңды өзің білмей қаларсың,  
Жарқ еткенде ақ боз үйдің сыртында.

Бір күн бұрыс,  
Жүре салсаң бір күн тік,  
Жеңіп кетпес серілік пен сылқымдық.  
Осыған да зар боларсың  
Сілтеп қал,  
Алпыс - деген ең ақырғы мүмкіндік.

14.09.1997.

## КӨРІҢІЗ ҚАНЫШ-АҒА АЛҒЫСЫНДАЙ

(Қасымбек Бухметовке)

Атағын күнге теліп, қосқан Айға,  
Дән разы  
Қаныш-аға Қостанайға.  
Жүз жылдық тойын сәтті өткізгенде,  
Болдыңыз үлгі, нұсқа сіз талайға.

Сәуірді дәуірлеттің шуақ қуып,  
Өткіздің тойды сәтті ұзақ қылып.  
Қуанып асау Тобыл толқып жатты,  
Толқыны көкке салют ұзаттырып.

Нарықтың қарамай-ақ қаталына,  
Күш қостың ұлы тойдың қатарына.  
Рудный есіміне көше беріп,  
Дүбірлі ғұмыр қосты аиағына.


Қостанай қос айғайлап батыл үнге,  
Ағаның орадыңдар атын гүлге.  
Белгілеп степендия шөкірттерге,  
Көрсетті зор білгендік әкімің де.



95



Қасымбек Бухметов



Құдайым бөлей берсін бақпен таққа,  
Оранды оң хабардан көңіл шатқа.  
Қостанай Қаныш тойын жақсы өткізді,  
Алғыс айт әкім інім Өмірзаққа.

Бай өлке шарықтай бер нар құсындай,  
Ініден марапатты ал қысылмай.  
Ол менің жалғыз айтқан сөзім емес,  
Көрерсіз Қаныш-аға алғысындай.

2000.

### ҚАРТАЮДЫ БІЛМЕЙДІ

Жас отау құрып кетуге,  
Шаныраққа дербес жетуге;  
Сұлу қыздар туыпты,  
Тентекті еркек етуге.

Түзеді төңірім жол басын,  
Әр қашан солай қолдасын.  
Қыздарды өзге ұмыттым,  
Сүйгенім сұлу болғасын.

Жайнатып құтты іздерді,  
Жылытып салқын күздерді.  
Жаралыпты сұлулар,  
Жасартуға біздерді.

Құлпыртуға ғұрымды,  
Жаңартуға жұртымды;  
Жақсы әйелдер туыпты,  
Көбейтуге ұлтымды.

Өзгені аңсап жүрмейді,  
Құлаққа өсек ілмейді.  
Сүйгені сұлу адамдар,  
Қартаюды білмейді.

22.01.2002.



96



## АРҚАУЫЛ

Ұлытаудың ерке өзені Кеңгірім,  
Арқауылды ардақтай біл сен бүгін.  
Сол қойнауа асау бұлақ, ақ қайнар,  
Төркінің төр беретін келді күн.

Мен де отырмын ауылымды сағынып,  
Аңсау-сусау, назды өуенін қал ұғып.  
Ел шетінен бір бас иіп қайтпасам,  
Әлсіреймін көңілім жылдам қамығып.

Бастаулардың жатқаны құт сарқылмай,  
Ата жұртын силап өскен салтым бай.  
Туған жердің топырағына сыйынам,  
Кең даласын сыйлап өтер халқымдай.

2003.



97



\* \* \*

Жарық күннің ата-анам жолықтырған,  
сәулесі үшін өтер ем болып құрбан.  
Табиғатта шаттық бар, шапағат бар,  
Мейірбандық ізетке толып тұрған

Сәуледен өн, желден жыр тілегенім,  
Туған жермен егісті бірге егемін.  
Іздегенім табылса таң сәріден,  
Елестейді тағы да бір керегім.

Ұлытаудың Сағанды

Нұр жүзінде күлкі ойнаған гүл тұнып,  
 Сыр бойында өсті шынар құлпырып;  
 Қанат сермеп ақ сұңқардай ол шықты,  
 Ұлытаудан Алатауға сілкініп.  
 Жезқазғаннан жетті заңғар қияға,  
 Алғыр қыран тар бөктерге сия ма?!  
 Қаныш-аға төл шәкірті атанды,  
 Өріс тапты алған тәлім ұйда.

Бос өткен жоқ ол үшін бір күн тымық,  
 Көкке өрледі самғай түсіп құлшынып.  
 Жүлдегер боп алтын алқа тақса да,  
 Ығыр көрді кете жаздар қылқынып.  
 Шыдады ғой бір шалғанда бұлқынып,  
 Екі шалса есін жиды жұлқынып.  
 Үш... төрт шалса жалт қарады ышқынып,  
 Бес шалғанда бір құлады, бір тұрып.

Есен қалды. Егемендік еске алды,  
 Есті ағаға Елбасы да көз салды.  
 Пәле, жала ұмытылды біржола,  
 Бір қуанды. Бірақ жүрек тоқталды.  
 Шындық осы. Беу, ағайын, сөкпеңіз,  
 Топырақ шашып қайтер едік көпке біз.  
 Шахмардан мен Евней үшін айтарым,  
 Сұм тағдырға сарқылмайды өкпеміз.  
 Айдап салғыш алауыздар көбейді,  
 Тәрдегілер түптеп қиды кең ойды.  
 Қос қыраннан қасқалдақты оздырып,  
 Демеушілер ашқызбады көмейді.

Ешкімнен де ығыспаймыз жорта біз,  
 Қазаққа айғақ ақиқатты қортамыз.  
 Ауыр күнде жүк көтергіш қазанат,  
 Ерте кетіп босап қалды ортамыз.

Еске алғанда жалғыз сөзбен шақталған,  
Сырым осы шын жүректен ақтарған.  
Өзің өттің ізің қалды өшпестей,  
Асыл тұлға, нар қазақсың Шахмардан.

26.08.1994.

## БИ АЛАҢЫ ЖАСЫБАЙ ЖАҒАСЫНДА

Би аланы Жасыбай жағасында,  
Құшақ жайды су мен тау арасында.  
Тұсау кесер жасадық рәсімін,  
Мөңгі қалар көрген жан санасында.

Сулу сазбен ну орман сырласады,  
Сансыз биші бір кеште мың жасады.  
Ара шаққан шілдеде құлын, тайдай,  
Асау жастар шұрқырап шуласады.


Сілең қатқыр қара көз, сылқым көрік,  
Қызықтырды, қыздырды қызған желік.  
Әкім Кенже өзі де билеп кетті,  
Келін қолда кең құлаш ызғып, желіп.

Шыдамады-ау Оралбек төте барды,  
жасыл көйлек аруға жете қалды.  
Сақ қыраннан қаймыққан ақ түлкідей,  
Қолтығында бұраңбел кете барды.

Кетті, кетті әп-сәтте қыбын тауып,  
Келіншек те епті екен зырылдауық.  
Орекем-ай, баурады баппен ғана  
Қаныш-аға секілді жымың қағып.

Сарапшылар екеуін мойындады,  
Бас жүлдеге жеткізді ойын заңы.  
Таңғажайып ерекше қызық болды,  
Сәтбаевтың жүз жылдық тойындағы.





Жас жүректер алды екен тағат қанша,  
Түн жұлдызын тынбады санатқанша.  
Ай аспанға сия алмай  
Көлге түсті,  
Таудың іші жаңғырды таң атқанша.

3.07.1999.

Баянауыл.

## АЛҒЫСЫМДЫ АЛ, ҚАНЫШ АҒА АТЫНАН

*(Қржанияз Исентаевқа)*

Студент кез  
Мәскеуде мен таныстым,  
Естен кетпес таңғажайып алыс күн.  
Бермес едім бір мезетін сол шақтың,  
Қызығына аспанға ұшқан ғарыштың.

Ұштық біздер  
Ауылы шалғай жерлерден,  
Онда бізді ғарышкерге тең көрген.  
Түкпірде өскен жас түлектер едік-ау,  
Ұлы көште ғылым төрін меңгерген.

Көшпендінің  
қалдығына қарашы,  
Европамен арпалысты санасы,  
Бір ғажабы  
оқи алмай кеткен жоқ,  
Есі дұрыс бір қазақтың баласы.

Құлагершіл өжет мінез қалды ма,  
Кешіп өттік нелер белес жарды да.  
Шыға келдік  
аз жылдардың ішінде  
Өркені өскен мәскеуліктер алдына.



100



Беу, Қожеке жігіт едің тері кең,  
Төлегендей сұлу деуші ем сені мен.  
Ұлғанымның махаббаты жеңген-ау,  
Қыз таласқа түскен жоқсың менімен.

Есіл қайда, қармақ салар Ертіске,  
Ер жігітсің сенім салар сертті істе.  
Құрдасым деп әзілдесіп жүргенде,  
Қалай жылдам келіп қалдың жетпіске?!

Арал, Каспий айқасында табыстың,  
Басын қостың ақыл жетер бар істің.  
Білек сыбап  
жан аямай септестің,  
Жүз жылдық той қарсаңында Қаныштың.

Ақыл кеңес алуға көп шақырам,  
Мінезің бай шын мақтауға татыған.  
Асыл досым, құтты болсын жетпісің!  
Алғысымды ал, Қаныш аға атынан.

11.07.2000.

## ДІҢЕКТЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ


(Еңбек ері Ғазиз Омаровқа)

Өзін өзі нық ұстайтын қашан да,  
Мықтыларды сүйемін.  
Құлаш ұрған ұзақ ғұмыр жасауға,  
Құттыларды сүйемін.

Беу, мықтылар! Қуат бердің гүлдесем,  
Көп жасаңдар арыстар.  
- Жезқазғанның жігіттері кім? - десең,  
Олар - шымқай Қаныштар.

Ғазиз, Мұхит, Далабайым бар менің,  
Бір көрмесем сағынар.

Ғазиз Омаров



Қопарғандар Жезқазғанның бай кенін,  
Өмірханым тағы бар.

Түсіпбекке, Әбікенге табындым,  
Көріп жойқын берікті.  
Садықпенен, Балғабайды сағындым,  
Жолдасбекті, Серікті...

Оразбектер ауыр күнді көп көрді,  
Тежемеді шабысын.  
Кен қазудың тауқыметін өткерді,  
Қорғады ел намысын.

Сендерсіңдер татқан дәмін азаптық,  
Тар белбеулі кең шідер.  
Сендерсіңдер дінтектері қазақтың -  
Аға буын кеншілер.

Ғазиз аға, құтты болсын жетпісің,  
Шық осынау жыр-таққа.  
Зор дінтектің біреуімін - деп түсін,  
Өмірің үлгі ұрпаққа.

Кенші ағалар! Алдымдағы арыстар,  
Сендер барда - Жезқазған бар, Қаныш бар.

1995.



## ШАФЫҚ АҒА АЙТҚАН СЫР

- Ұмытпайық айналасын Қаныштың, -  
Деді Шафық - мен түбегей таныспын.  
Бұл жалғанның  
таңғажайып сұлуы,  
Ақылды еді бөйбішесі Қаныштың.

Ел білетін  
Тәмәмдайын анықты,  
Қызды ауылға кербез жігіт барыпты.  
Айдындағы аққу құстай жайнаған,  
Жиын тойда Шәрипаны таныпты.

Танып қоймай  
Жан, жүрегі жаныпты,  
Смағұл бай әулетіне қанықты.  
Бұл шындықты естіп қалып Имантай,  
Құдалыққа бар өнерін салыпты.

Кербез сұлу сал жігітке еріпті,  
Шын беріліп, мәңгі-бақи сеніпті.  
Қиындықта қалт етпейтін ер мінез,  
Асау тағдыр  
Жастайынан беріпті.

Қасиет тұтам жардың таза адалын,  
Бөгемеді ол Қаныштың қадамын.  
Атына сай  
Өрім талдай өсірді,  
Балаларын ел перзенті дананың.

Ұмытпайық айналасын Қаныштың,  
Үрім-бұтақ зәу, затымен таныспын.  
Бұл жалғанның  
таңғажайып сұлуы,  
Ақылды еді бөйбішесі Қаныштың.

## ҚҰДАҒИЫ ҚАНЫШТЫҢ

Қатира-апай  
Қаныштың құдағиы,  
Арнап берген құдайдың бұ да сыйы.  
Жезқазғанның бота көз аруы еді,  
Кер маралдай сақталған бұла күйі.

Мінезге бай жаралған абзал керім.  
Қадірлі еді,  
Сый, құрмет алған сенім.  
Оразай атты үйленіп жан бауыры,  
Асқақтатты тілеген арман-көгін.

Естіген жан болды ғой қызығарлы,  
Қаяу көңіл жаңарды,  
жүзі жанды.  
Оқудағы інісі озған аттай,  
Оқшау шығып Қаныштың қызын алды.

Жезқазғанға жақын жан ғұмырымен,  
Ұлытауға қымбат жан дүбірімен.  
Қаныш аға тереңге тамыр жайды,  
Бөйтеректей ұласып түбірімен.

Жетімдікті жасынан ала туған,  
Енді Оразай аумай тұр дара шыңнан.  
Өсті өресі Қатира-апайдың да,  
Атақ, даңқы ел, жұртқа таратылған.

Жүрмеп еді інісі даңқ қуып,  
Бағы жанды сәтті күн таныстырып.  
Шәмшиябөну сұлуды Оразайға,  
Тағдыр берді талаймен жарыстырып.

Бір серпілді шам шырақ жанған сәтке,  
Ел гуледі сақ құлақ қанған гәпке.  
Өзі болды ең жақын бас құдағи,  
Ата, ананың орнына қалған әпке.

Шын тебіrentіп, толқытса сана деген,  
Тау қосылды қуанған даламенен.  
Қарапайым қызметкер Қатираға,  
Құда болу бұйырды данаменен.

Қыз жағынан қызықты меңгеретін,  
Бас құдағи әулетке оң беретін,  
Бәйбішесі Қаныштың Шәрипа еді,  
Қатира мен қызықты тең бөлетін.

Құдағиы ерекше ұнап қалып,  
Шәрипа-апай шалқыды қуат дарып.  
Отырғаны екеуі қызық еді-ау,  
Ұлытау мен Баянтау сияқтанып.


Нұры шарпып, еріксіз бұрып өтер,  
Қыз-киіктей келіні сұлу екен.  
Терең ойлы,  
Мұң шалған қос жанарға,  
Мейірім тұнған ажары жылу екен.

Ағы менен көзінің қарасындай,  
Шәмшиябану шын сүйді анасындай.  
“Шәкешім” деп Шарипа атағандай,  
Қатира да сыйлады өз баласындай.

Жезді өлкенің көсемі  
Қаныш құрған,  
Жезқазған ғой мені де таныс қылған.  
Дәм, тұзымыз жарасқан апай еді,  
Еске түсті артта көп алыс жылдан.

Өз жөнімен өмірде қарыштаған,  
Қашан көрсем болды бір қалыпты адам.  
Ескерткішім орнатқан осы болсын,  
Қатира-апай бейнесін анықтаған.

16.10.2002.  
Алматы.



105



Қадырбек Сағымқұлов

## АСЫЛ ТАСТАР КӨРМЕСІ

(Нағима Құдайбергеноваға)

Жинаған Қаныш-аға тастың гүлін,  
Тамаша мұражайды таптым бүгін.  
Кентасты  
Кенжесіндей бағып, қаққан,  
Нағима - қарындастың аштым сырын.

Шын маман, кәсібі жоқ басқа бөтен,  
Жан-тәні беріліпті тасқа бекем.  
Дананың өз қолымен құрған көрме,  
Ақ ниет  
Құтты қолды тапқан екен.

Байқатар Қаныш-аға жүйелі ісін,  
Асыл тас көрдім шымқай сүбелісін.  
Күміс те, алтын да бар,  
Гауһартастың,  
Жарқылы шипа адам жүрегі үшін.

Әр кентас  
Құт, қасиет арнасы бар,  
Сан түрлі кей ғажаптың жалғасы бар.  
Мінезге беріктіктің белгісіндей,  
Ақаусыз әсем, таза алмасы бар.

Жылиды тас дегенде менің ішім,  
Желдіртті дей көрмендер желік үшін.  
Сыпайы  
Жез шөккен тас, мыс сынғырлы,  
Құдыретті қыдыр қонған менің күшім.

Беу, досым!  
Бір бұрылмай өтесің бе?!  
Көрерсің кереметтас көкесін де.  
Қабанбай Шоқанменен қиоласқан,  
Мұражай тұр Алматы көшесінде.

Жайнаған  
түннің сансыз жұлдызындай,  
Әрбір тас бәз қалпында тұр бұзылмай.  
Күлімдеп Нағима да қарсы алады,  
Қаныштың өзіне ұқсас бір қызындай.

1998.

## ЕРКЕК КІНДІК

(Әлішер Сәтбаевқа)

Ұран тұтар қазағым ұл баланы,  
Ұл туғанда ұлтыма нұр жауады.  
Ұлан - ғайыр тамаша той жасалар,  
Ұрпақ төрі шалқытып кең даланы.


Ата жолын ұстану серт деп білдік,  
Тлай асау тұлпарды ерттеп міндік.  
Кім болсаң да әулеттің негізі деп,  
Сені қатты сыйлаймыз еркек кіндік.

Заңымыз сол ежелден емес жаңсақ,  
Барамыз сол - елдікті сақтай алсақ.  
Риза болар анамыз  
Мәңгі, бақи,  
Адал термен ақ сүтін сақтай алсақ.

Текті ұлға бақыт та бұрын қонар,  
Тойып өскен уызға нұрың толар.  
Бірақ, Ұлы адамға ұрпақ болу,  
Басқалардан мың есе қиын болар.

Жалпы осындай біз жастан жаттаған өн  
Әлішер-ау, жар болсын нақ тағалам,  
Сәтбаевтар ұрпағы - еркек кіндік,  
Одан артық не керек тақ та саған.


Менің биыл дәптерім толған жырға,  
Ұстазымның әр сөзін оңдап тыңда.



107



Ұстазымның әр сөзін оңдап тыңда



Құттықтаймын Өлішпер елуінмен,  
Қаныш-аға жүз жасқа толған жылда.

1999.

## КӨКШЕТАУДА ҚАНЫШ-АҒА КӨШЕСІ

Жүз жылдық той қандай десең жетесі,  
Ғажап өтті - сөздің осы төтесі.  
Міне, бүгін Көкшетауда ашылды,  
Сәтбаевтың атындағы көшесі.

Бұл көшенің биік тұлға, өресі,  
“Оқжетпестей” әрбір үйдің төбесі.  
Мың, мың алғыс Көкшеліктер алындар,  
Аталыпты көшелердің төресі.

Ұлы тұлға бейнесіне лайықты,  
Кербез көше құлашын кең жайыпты.  
Мектебім тұр сол көшенің бойында,  
Жүрегімді жүзде алғандай байытты.

Шалқып кетсем жан тылсымын етіп жыр,  
Төгіледі көкірекке нешік сыр.  
Баяғыда мені сүйген сұлулар,  
Бұл көшеден әже болып өтіп жүр.

Мықтылардың осы күнгі тірісі  
Еңбек ері Зерендідей ірісі,  
Бұл көшеде Баян ағам кездесер,  
Қанай бидің әруақ қонған інісі.

Беу, жолаушы! Жанарыңды сүзіп ал,  
Жолың болсын! Жоралғыға жүзік ал.  
Бұл көшеде Ақан, Біржан, Ыбырайдың,  
Балуан Шолақ атамыздың ізі бар.

Ықлас-қылас айта берем біріндеп,  
Ірілер көп мақтан етер пірім деп.  
Талай жылдар қатар жүрген Қанышпен,  
Батыр Мәлік қарсы алады күлімдеп.

Көкшетауым - сал, серілер парнасы,  
Ел бірлігі бұл құрметтің арнасы.  
Алматыда Сәтбаев көшесінің,  
Осынау көше таңғажайып жалғасы.

1999.

## ҰЛЫТАУДЫҢ ТҮЛЕГІ

(Темеш Садуақасовқа)


Бірдей сүйдім Далабай мен Темешті,  
Екеуі де құлаш жайып тең өсті.  
Бір біріне адал дос боп келеді,  
Кең жалғанда кешіп талай белесті.

Шахмардан мен табыстырған кездері,  
Жан толқытты сен жассың деп безбеді.  
Студенттік күннен қимас дос екен,  
Менің Евней ағаммен өздері.

Бір шахтада бастық болып жүр еді,  
Жезқазғанда төрге шығып үдеді.  
Шымкенттетіп Алатаудан жарқ етті,  
Қарапайым қарт Ұлытау түлегі.

Қауысбекпен, Әштар және Беркімбек,  
Дастарханда әндетуші ек еркіндеп.  
Қасымызда жайнап Шахаң тұратын,  
Ну ормандай қара шапы желкілдеп.

Бағы жанды Керекуді басқарды,  
Іске мығым алды талай асқарды.  
Содан кейін, көз тигендей дүние  
Қиянкескі зілзаласы басталды.



Алатауға бұрды Ертіс ағысты,  
Өзі білген кеншілермен табысты.  
Қызмет деген қолдың кірі демей ме,  
Әттен, шіркін, талай кесел жабысты.

Дер кезінде тер төгілтсе дем алмай,  
Ауырлап жүр сырқат дертін жеңе алмай.  
Селк еткізіп  
Кеше мені шошытты,  
Далабайдың тойына да келе алмай.  
Шындық осы. Одан басқа не дейін.  
Қалай ғана асыл аға демейін.  
Қолдап жүрдің бәрімізді кезінде,  
Тез оңалшы, өлеңіммен жебейін.

8.04.2001.



110



### ҚОС ҚҰДАҒИ ДОСТЫҒЫ

Шәрипа мен Қатира апай легі,  
Құдандалы қолтықтасып түледі.  
Екі аймақтың екі аруы ардақты,  
Бірі Баян, бірі Ұлытау түлегі.

Шәмшиябөну Қатираның келіні,  
Інісіне тағдыр тандап теліді.  
Қызын алған ел данасы Қаныштың,  
Оразайдың салымды екен еріні.

Шәрипа апай Жезқазғанға келетін,  
Қатираға еш мүлтіксіз сенетін.  
Аштық нұрын, жабық сырын тірліктің,  
Ғашық күннен түгел сарқып беретін.

Аңыз, дастан екі көңіл хоштығы,  
Сырласудан болмас бос күн, бос түні.  
Тамсантатын өзге түгіл Қанышты,  
Қос құдағи егіз қыздай достығы.

Құдағиы болса құрмет танытпақ,  
Бәйбішесі мейірім төкті анықтап.  
Қызық еді-ау отырғаны барлығы,  
Немерелер ортасында шарықтап.

Бұдан асар қызық дәурен болмасты,  
Бір, біріне сый, сияпат арнасты.  
Құдағилар тату болса - ел тату,  
Баянауыл Ұлытаумен жалғасты.

2.06.2002.

## ЖЕЗКИКТЕР ТАҒДЫРЫ


*“Махаббат базарында сату болмас,  
Бір сенен өзгені ойлап жату болмас”.  
Қожа Ахмет Яссауи.*

Жезкиік, жаным құштар еркем едің,  
Ояттың жүрегімді ерте менің.  
Сарыарқа сайын дала ой, қырында,  
Жарқ етпей бар қызықты келтеледің.

Киіксіз не болмақшы ұлы далам,  
Бір сенсіз жүдеу тартар тірі ғалам.  
Жер, көкте жаутаң қаққан сұлулардың,  
Өзіндей жақын емес бірі маған.

“Жасаған бір ғажапқа ғашық қылшы” -  
Деуші едім қайран көңіл тасып, тыншы.  
Естиін тым болмаса дүбірінді,  
Етегін көк сағымның ашып кірші.

Мандайға біткен жалғыз асылымсың,  
Тандайға бал тамызған асыл үнсің.  
Сарғайған сағыныштан жан досыңды,  
Қорғауға жаратылған нәсібімсің.





Жезкиік - кең даланың арман гүлі,  
Көбейді-ау, көкірекке салған зілі.  
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,  
Не болар адамзаттың қалған күні.

25.07.2000.  
Алматы.

\* \* \*

Кетті, кетті баяғы сері күнім,  
Тебірентеді көп елес мені бүгін.  
Өлең жазсам қосылып ән келеді,  
Серік болып әр сөзге сенің үнің.

Басар - деген жүректің көп шығынын,  
Үзім жәрдем етпеді көк шылымым.  
Таңнан тұрып аңсауық өлең жаздым,  
Арман - ғашық алдырмай көз шырымын.

112

## МЕН СҮЙГЕНДІ ЕЛ СҮЙДІ

Ақындық кеншілікпен тел табысқан,  
Қос өнер қос қанатым ел қонысқан.  
Әрі жар,  
Әрі сепшім,  
Сен ортақсың  
Менде бар қуат, жігер, ар, намысқа.

Аралдық болып кеттік Кеңгірліктер,  
Сыйып тұр жүрегіме ел бірліккен.  
Қызықты,  
Қиындықты тең бөліскен,  
Табар ма ем  
Сенсіз бақыт мен тірліктен.

Теңеуші ем  
Киікке де, маралға да,  
Жоқ емес айтар сөзім табар жаңа.

Сарыарқа келінім-деп сыйлап еді,  
Жарасты жеңгелігің Аралға да.

1989.

\* \* \*

Ұқсамайды жүйрікке,  
Кей сәйгүлік тұлғасы.  
Тереңдеу қарай білдік пе,  
Көргенің құр сұлбасы.

Бөйтеге қадам жасарда,  
Үміт пен сертке сенеді.  
Құлагерлер қашан да,  
Қарапайым келеді.


### АЛМА АПАЙДЫҢ ХАТЫ

Есенбісің Шәкешім,  
Кім басар толқын сезімді.  
Құрметтеп деуші ең төтешім,  
Сағындым тәтті сөзіңді.

Шәмшия күттім әлпештеп,  
Қолымда оқып түрлендің.  
Атауды сені “Шәкеш” деп,  
Қанекеңнен үйрендім.

Мәскеуге келсе іздеп кеп,  
Қүлімдеп қана тұратын.  
Кішіпейіл ізет көп,  
Әңгіме-дүкен құратын.


Көп күрсінсем қайран қап,  
Аумаушы ең асыл тотымнан.  
Күн қайда, шіркін, жайрандап,  
Папаңмен бірге отырған.



113



Ұзақбек Сағымқұлов



Қарамай орта күйіме,  
Бақыт қой көзге ілгені,  
Менің шағын үйіме,  
Ұлы адам келіп жүргені.

Кенелдім талай ғажапқа,  
Ол қызық қайтып күтпейді.  
Қаныштай саңлақ қазаққа,  
Жуыр маңда бітпейді.

Түрлентіп кетті заманың,  
Парызы мол ғой өтелген.  
Бақытты бол, қарағым,  
Әкенің туын көтерген.

Сипатта Шөкеш, өмірін,  
Тұлғасын, сымбат өз жанын.  
Босаңсып кетті-ау, көңілім,  
Айтпайыншы ар жағын.

*Наурыз. 1964 жыл.*

## **БӘЙБІШЕСІ ҚАНЫШТЫҢ**

Шәрипа апай қашан да,  
Ізгі жан Сізден асар ма.  
Имантай сыйлап бас иді,  
Бақиға қадам басарда.

Оқыған Қаныш алыста,  
Тағдырмен жүрді жарыста.  
Кемпір мен шалды  
Сен бақтың,  
Қазақша қызып намысқа.

Сұрапыл тасқын дауылда,  
Айналды дүлдүл жауырға.

Зиялы картқа сен болдың,  
Ұялы қорған ауылда.

Дүрлікті заман алмасты,  
Дәстүрден Қаныш қалмас-ты.  
Жүрегін бұзса бір сұлу,  
Жадында жүрді алғашқы.

Қажет пе әр жыл тізбегі,  
Жүрсе де қайда іздеді.  
Кісілік деген осы ғой,  
Байланыс жолын үзбеді.

Аштық жылғы әлекті,  
Көргенде Қаныш әдепті.  
Ханиса мен Мөлешті,  
Қарсақбайға әкетті.

Өмірден қанша күтті үміт,  
Бойына қонды құттылық.  
Таисия жеңгей сол кезде,  
Күтті ғой бәрін тік тұрып.

Шатыққа жетті толағай,  
Қос отау құрды одағай.  
Ханиса мен Қайнекей,  
Шәмшиябәну - Оразай.

Еш тіл көзден шошынбай,  
Силады екі қосындай:  
Оразайды ұлындай,  
Қайнекейді досындай.

Шәрипа апай, таныстым,  
Анамдай құрмет алыстым.  
Болғаның үлкен бақыт қой,  
Сүйген жары Қаныштың.



Жан, тәнің толы төзімсің,  
Айта алмай жүрген сөзімсің.  
Қаныштай дана қазақтың  
Бәйбішесі өзіңсің.

*30-05-2002 ж.*



116



## ЖҮЛДЫЗ - АНА, ЖҮЛДЫЗ - ҚЫЗ


(Райхан Батырбековаға)

Шәмшиянің  
таңғажайып түлегі,  
Бабында өскен  
балғын бақша гүлі еді.  
Анасының  
батып кетті-ау, қазасы,  
Бір жыл өтпей  
тоқтады жас жүрегі.

Қарақшы ажал  
торығандай арттан кеп,  
Гіл жетпеді-ау,  
айтуға да сақтан деп.  
Жұлдыз-ана  
жұлдыз-қызы көз жұмды,  
Ел атайтын  
атасына тартқан деп.

Аза жеңді  
Қарт Алатау алқабын,  
Обал болды-ау,  
Ерте сөнді жас жалын.  
Таң сәріде  
кілт етіп, күрт үзілді,  
Қаныш-аға,  
асыл нәркес жапырағың.

Балғын еді  
қарлығаштай ұялы,  
Қоштасуға  
адам қайтіп қияды.  
Қос тостаған  
мөлдір бота көздері,  
Тар табытқа  
қалай ғана сияды.





Аспандағы  
қарай қалсам мұңлы ізге,  
Елестері  
көрінеді күндіз де.  
Жұлдыз-ана  
көксеп өтсе көктемді,  
Жұлдыз-қызы  
озды өмірден сұр күзде.

Сұм ажалдың  
қармағына қарашы,  
Әр жақсы үшін  
жүріп жатыр таласы.  
Жапырақ тектес  
жұқа, нәзік жан еді,  
Бұтағына  
қайта ілді ме анасы.

Артта қалса  
жеті жасар Айғаным,  
Сақта, дейміз  
тағдыр, асыл тармағын.  
Әттен, шіркін,  
өзі арманда кетті ғой,  
Көрсете алмай  
еркін қанат жайғанын.

Өнерлі еді  
ақыл қонған затынан,  
Есімі өшпес  
артта қалған хатынан.  
Оразай-аға,  
қайғынды қақ бөлісем,  
Жезқазған мен  
Қарт Ұлытау атынан.

09-08-2002  
Алматы.

## ҚАРТ ҰЛЫТАУ ЕТЕГІ

Өткенді сыйлау салтында,  
Ескерткіш көп қой қазақта.  
Із қалды өшпес артында,  
Түссе де қанша азапқа.

Ескерткішке тұнып тұр.  
Қарт Ұлытау етегі.  
Тылдесе білсең ұғып сыр  
Тарихты даттап кетеді.

Кекшіл де сертшіл кейіпін,  
Аңғарып ғибрат аласың.  
Домбауыл батыр бейітін,  
Кигіз үй деп те қаласың.

“Жошыхан” көзге шалынар,  
Кеңгірден өтсең кешікпей.  
Көркіне жаның табынар,  
Жап, жаңа салған мешіттей.

Белгі көп әлі тамсанар,  
Қарай бер еркін сайрандап.  
“Алашахан” қарсы алар,  
Ақ ордадай жайраңдап.

Әрі өлең, толғау, әрі күй,  
Бабалар көзден көшеді.  
Ескерткіш көріп, тарихи,  
Ұлт сүйгіш сезім еседі.


2001.

Ұжымдық Сапары



119





## ТЕҢДІКТЕГІ МҰРАЖАЙ

Қаныштың мұражайы Теңдіктегі,  
Шын сыйлап,  
құрметтеуге келдік сені.  
Жезқазған, Баянауыл, Қарсақбаймен,  
Мақтаныш терезенің тең біткені.

Мұражай қатардағы мектептегі,  
хал, жайың көнетоздау шеттетпеді.  
“Үмітсіз шайтан” - деген  
ұмытпаспын,  
Бәрі жөн сынай қалсаң ептеп мені.

Қаныштың өмірі мен ісі міне,  
Осы ауыл сайып қыран құсы міне!  
Ардақтап кіндік қаны тамған жерін,  
Кемеңгер бас иеміз мүсініне.

Мұражай, қолда талай бар асылың,  
Қазақтың айқындап тұр дара шыңын.  
Суретке мен түсіріп сенен алдым,  
Бейнесін Әлима атты анасының.

Ақ жүзі қолдан жатық салыныпты,  
қолдайтын көрдік тәнті сан ілікті.  
Ертерек дүйім жұртқа  
жеткізе алмай,  
Не дейін, уақыт ептеп жаңылыпты.

Мінеки, туды сол бір тамаша күн,  
Кейпіне асыл ана қаратамын.  
“Ештен - кеш” деген ұғым осы болар,  
Шаттанып өз қолыммен таратамын.



Бітеді құтты мекен асылдарға,  
Бастап ең Айрық, Тендік асылды алға.  
Барасың  
Еңсең өсіп, еркеленіп,  
Қанышпен ғасырлардан ғасырларға.

6.07.1999.

## **ХАСЕН НҰРКЕЕВКЕ**


Зор атағы  
Кең тараған халқына,  
Қан майданда берік болған антына,  
Бейбіт күнде ел басқарған  
Азамат,  
Хасен - ағай бүгін сексеналтыда.

Ғұрпы лайық  
Қазақтың сан, салтына.  
Атақ қосқан ата, баба даңқына,  
Қазағымның  
бір нар тұлға перзенті,  
Хасен ағай бүгін сексеналтыда.

Қайда жүрсе болды сыйлы ұлағатты,  
Кем, кетікке болды пана қымбатты.  
Дос, жаранға  
Шын жанашыр мейірбан,  
Көрген жанның көкірегін нұрлатты.

Хасен ағай,  
Артса бізге көзің сын,  
Ән салғанда  
Көрінесің өзің тың.  
Осы күнге біздің өулет үлкені  
Атамыз да Анамыз да өзіңсің.

Кең жалғанның аттап жүрсең сілемін,  
Төсеген жоқ саған шымқай кілемін.



121



*Ұзақбек Сағатқұлов*



Сыйлас, сырлас іні болдың Қанышқа,  
Ең ардақты ісің сол деп білемін.  
Қаныш-аға жүз жылдық зор тойында,  
Естелігің қонды құтты орынға.  
Шәмшиябану Қаныш қызы мақтаған,  
Асыл сөзі қалды өшпестей ойымда.

- Папамыздың аталғанда ғасыры,  
Естеліктер Қара Ертістей тасыды.  
Менің үшін Нұркеевтің жазғаны,  
Деді - нағыз таптырмайтын асылы. -

Біздер үшін  
бұл да сыйлы тосқан күн,  
Шұғыласы жайнай берсін боз таңның.  
Құтты болсын!  
Туған күнің жан - аға,  
Той күтеміз белесінен тоқсанның.



122



15.02.2000.  
Алматы.

### **ҚҰТТЫҚТАЙМЫН “ОҚУШЫЛАРСАРАЙЫН”**

Балаларға шаттық берген арайы,  
Өнер, сайыс, ән базары маңайы.  
Құтты болсын 20-жылдық мерекең,  
Алматыда “Оқушылар Сарайы!”

Сен тойлайсың Күннің сәуле төккенін,  
Ел аңсаған Тәуелсіздік жеткенін.  
Мерекеде талай жастар бас қосып,  
Еске алады мектебі мен көктемін.

Әр ұрпаққа ерлік жасар орын бар,  
Ата мирас елдің даңқын қорындар,

Отан үшін шыбын жанын аямас,  
Бауыржан мен Рахымжандай болындар.

Алда ағалар түрлі өнермен жетілді,  
Қырандар бар Ғанилардай өтімді.  
Қазақ халқын таза сүйе біліндер,  
Қайсар ақын Мағжан-аға секілді.

Үйде жалғыз боз торғайдай бүріскен,  
Не бітірер ұйқысы көп тыныс пен.  
Құтты сарай паш етіндер атағын,  
Бірлескенге бақыт қонар ырыспен.

Дербес елдің болашағын қолпаштап,  
Жайна, Сарай, жас ұрпаққа жол бастап!  
Қазақстан шаңырағын шалқытып,  
Құт оралар елге бірлік орнатсақ.

Жебеп жүрсін Абай, Шоқан, Қанышпен,  
Тохтар, Талғат жалғастырсын ғарышпен.  
Құтты орда - “Оқушылар Сарайы”,  
Балаларға бер өжеттік намыспен.


22.11.2002.  
Алматы.

### **ЕСІМЕ САЛШЫ**

Қайтадан жаным жылынды,  
Селк етті сезім бұрынғы.  
Есіме салшы... мен құштар,  
Толқыған егіз бұрымды.

Арада хабар үзілді,  
Көп жылдар көші тізілді.  
Есіме салшы... талмаурап,  
Құмартқан балғын жүзінді.

Басардай көңіл салқынын,  
Өзің де бірге ал тыным.





Есіме салшы.... бота көз,  
Жұлдыздай тұңғыш жарқылын.

Алыстан аңсап жыр ектім,  
Сағыныш сазын үдеттім.  
Есіме салшы... Айлы түн,  
Лүпілін ғашық жүректің.

Кездесу туса кезекті,  
Үзді ғой ләззат өзекті.  
Есіме салшы... алғашқы,  
Бетіңнен сүйген мезетті.

8.02.2001.  
Алматы.

## ОЛ ДА БІР АҚҚАН ЖҮЛДЫЗ ҒОЙ

(Мұрат Айтхожсінге)

Қырандай самғап өрледі,  
Жасынан құштар білімге.  
Ғұлама сырын мөрледі,  
Ағылшын, неміс тілінде.

Ұстаз боп қанша тер төкті,  
Мәністі дәріс жолдады.  
Ғылымда жылдам төрлетті,  
Таласар теңдес болмады.

Басқандай тасқа таңбасы,  
От еді-ау, өжет өр жалын.  
Қаныштың сол ғой жалғасы,  
Жалт қаратқан жер шарын.

Ғарышкерше ұмтылып,  
Атағын жайды құрлыққа.  
Ағындап жетті құлшынып,  
Лениндік сыйлыққа.

Киелі дарын кіршіксіз,  
Үзбесе ажал тірлігін  
Алар еді-ау, мүлтіксіз,  
Нобельдің де сыйлығын.

Әр мезет өтпей құр, тегін,  
Артында өшпес із қалды.  
Шіркін-ай, шаттық үлкенін,  
Сұм ажал бізден қызғанды.

Тағдырдан келер сынақ көп,  
Кім айтар адал шешімін.  
Евней де кетті, Мұрат жоқ,  
Мұңайып қалды Есілім.

Күнде әрекет, күнде ой,  
Қайтпады алған жолынан.  
Ол да бір аққан жұлдыз ғой,  
Шоқанның кеткен соңынан.

3.11.2002.  
Алматы.

### АТАЛЫ СӨЗ

Шәмшиябану бұл жалғаннан өткелі,  
Таң қалдырды  
бір жылдың жылдам жеткені.  
Қалмырзаев Әбдеш сонда сөйледі,  
Мәні терең толқымалы, төкпелі:

- Ореке, Сіздей көп емес қазақ баласы,  
Қайны атаңыз Қаныштай елдің данасы.  
Қонаевқа қолқабыс етіп жүргенде,  
Ұсынды қолын жерменен көктің арасы.

Көрсеттіңіз өркенді мінез зиялы,  
Ұлы өулетпен құрдыңыз шаңырақ ұялы.



Ақ Баяндай қызын алу Қаныштын,  
Емес пе еді талай жігіт қиялы.

Таң қаламын өзіңе де, тегіңе,  
Қызметің сіңді  
Сындарлы кезде еліңе.  
Нардың жүгін атқарсаң куә болып ем,  
Тер төккенде қазанат мінсіз жегіле.

Мейірім толы  
Парасат Сізде мол қандай,  
Айту да қиын  
ақындарша толғанбай.  
Өткердіңіз киелі ғажап өмірді,  
Пайғамбарға күйеу бала болғандай.

7.12.2002.

Алматы.

126

## ЕСІМІН СӘТБАЕВТЫҢ ЖАРҚЫРАТТЫҢ

(Медеу Сәрсекеге)

Аз болса бұл жалғанда тынысымыз,  
Елеусіз қалмас ертең бір ісіміз.  
Ризамын әрқашанда Медеу саған,  
Қаныш пен Евнейдің інісіміз.

Мен кенші  
Сен металлург қанаттаспыз,  
Көтерер биіктерге қалам тақсыз.  
Әйтеуір ақ жүрекпен  
бізді сүйген,  
Қазақты біз де жерге қаратпаспыз.

Тым ауыр  
Туған елге сынақ кіріп,  
Жүрмеспіз жұрт қиналса шуақ қуып.  
Қаныштың арман еткен сырын айтсақ,

Жамғат есін жияр құлақ түріп.  
Шақырса Баянауыл бөктерлері,  
Есіп тұр қоңыр күзде көктем лебі.  
Жақсылық келер күнге тілеп келем,  
Еске алып  
Кем-кетікті өткендегі.

Ризамын  
Сен жасыңнан тасқын аттың,  
Жиналып Жезқазғанда бас құраттың.  
Жол бөгеп төрдегілер қикайса да  
Есімін Сәтбаевтың жарқыраттың.

1994.

## ЖОЛЫН ҚУҒАН ҚАНЫШТЫҢ


(Оралбек Қржановқа)

Құтты болсын қадамың Оралбегім,  
Айтарым көп ақ ниет оған менің.  
Баянаула секілді сұлу мінез,  
Әр ісінді құрметтер Отан сенің.

Кереку де сый кемеңгер жақсы ұлына,  
Риза шығар маңдай тер, пәк сырыңа.  
Кешегінің кер жорға жүйрігі едің,  
Нарықтың да күш қостың шапқынына.

Мен де өткергем бүгінгі алпысыңды,  
Ойлана бер осы - деп тал түсінді.  
Кәрі де емес  
Жас та емес екі жақтын,  
Естімейсің еш қашан талқы-сынды.


Ақ ниетке арналса бүгінгі үміт,  
Мен қуандым жаныңның нұрын біліп.  
Қаныш-аға жүз жылдық тойы тақау,  
Күш қосуды отырмын ырым қылып.



127



Оралбек Қржанов



Жәрдем етер жартастай қарасынын,  
Сен де бірі Жасыбай баласының.  
Ұлы тойға жер-көкті көтерейік,  
Паш етейік әлемге дана сырын.

Көпті көріп аз емес білгендігін  
Сұлуларға салқынсың - бір кемдігің.  
Талай төрді жайласаң  
ең зоры ғой,  
Қаныш тойын атқарып жүрген күнің.

Оралбек,  
ең бермейтін қарағайсың,  
Жаңа жүктер артып тұр жаңа маусым.  
Ұлы дана Қаныштың жолын қуған,  
Бір ағам - деп мені санағайсың.

1996.

128

### ДАЛАБАЙ ЕШПАНОВҚА

Шын ағалық - білгенге дара ғылым,  
Маған қымбат Далабай ағалығың.  
Досқа адал, ақ ниет, іске берік,  
Бесенеден белгілі даралығың.

Шын сыйластық орнады арамызға,  
Жезқазғанда ортақпыз бар аңызға.  
Бір шахтыда білектес кен қопардық,  
Қаныш серті ту тігіп санамызға.

Біреуісің қонақжай досы молдың,  
Үзілмеді қашан да көші жолдың.  
Тағы да бір ерекше жақындығың,  
Евней аға ең сыйлы досы болдың.

Қай қияда қырандай самғасам да,  
Кең жалғанның бар төрін шарласам да;

Егіздердей екеуң  
жүресіңдер,  
Қақ төрінде жүректің әрқашанда.

Жезқазғаннан жүлделі алтын тақтың,  
Ақшатауға Ұлытау салтын тарттың.  
Ару-Балқаш қыздырып от құшағын,  
Астанада қыз-нарық парқын таттың.

Жігерлісің егделік жаңа келген,  
Қуатың мол кең тыныс дала берген.  
Балалар мен қуанып, немерелер,  
Жүзге есен жеткізсін жаңа жеңгем.

1997.

### ЖЕЗҚАЗҒАНЫҢ БАС ИІП ТҮР АЛДЫҢДА

Кенге ораған XX-шы ғасырды,  
Ұран етіп ғылым туы - асылды;  
Сүйікті ұлы - Жезқазғанның төрінде,  
Сәтбаевқа жаңа ескерткіш ашылды.

Тас тұғырлы,  
мыс сынғырлы қоладан,  
Күлімдеді атақ, даңқы мол адам.  
Әне, ашылды  
зәулім мүсін пердесі,  
Ақ тілекпен ақ жібекке ораған.


Әу, дем сәтте  
Жан толқынын басыппыз,  
Дала дерсің жазық маңдай, ашық жүз.  
Мың-мың адам  
риза болдық,  
Өйткені,  
Бәріміз де Сәтбаевқа ғашықпыз.



129



Жазықбек Сағатқов



Нәр алып ем кең мінезді ғұрпынан  
Өршеленсем биік өрге тың шығам.  
Оны айтқанда  
Ұлытауша тебіреніп,  
Алға қарай Абылайша құлшынам.

Албырт күнде  
Жеке дара алысқан,  
Жолы ашылды мыс молайтқан табыстан.  
Сол еді ғой  
жеті қабат жердегі,  
Шексіз қазына кілтін тапқан данышпан.

Өзі ақиық,  
Шәкірттері шын қыран,  
Тасытты олар жез теңізін бұлқыған.  
Штифанов, Бөпежанов, Есенов,  
Гурба бүгін аунап түсер ұйқыдан.

Қаныш-аға!  
Қайта туып қалдың ба,  
Әлем құрған салтанатқа қандың ба?!  
Тәжім етіп,  
алғыс айтып, ардақтап,  
Жезқазғаның бас иіп тұр алдында.

6.04.1999.  
Жезқазған.

## ЖОЛДАҒЫ КӨП ХИКАЯ

Түркістанға дәм, тұз тартып барғанда,  
Зиялылар ой жүгіртті өр маңға.

Оқыс оспақ,  
қызды әсемпаз әңгіме,  
Қармақ салған талай ынтық арманға.

Бір қара көз  
тақасының жарқылын,  
Өлең еттім қосып сырға алтынын.  
Уақыт та жоқ,  
Жас та келді біразға,  
Қысылдым ғой келмей ескі қарқыным.

Бұл жалғанның қыр мен сырын өлшетіп,  
Ғалымдық пен серілікті көрші етіп,  
Түнделетті Төрегелді ағамыз,  
Сегізінші ғаламатты көрсетіп.

“Миколай соққан сөлкебайдай әдемі“,  
Шота десек жайнар сөулет өлемі.  
Алпыс қатын алса да Абылай атасы,  
Қасында жүр жалғыз ғана әйелі.

Көп соққылап есерсоқтау Шортанды,  
Көпен ақын кемшілікке зер салды.  
Рымғали мен Таразиді күлдіріп,  
Камал жүрді жиі мақтап Шерханды.

Көзі күліп, өз күшіне сенгендей,  
Әзіл сөзге өтір қосып дем бермей  
Тірі классик  
Әбдіжәмил отырды,  
Бефлиемге папа Римский келгендей.

Жолда ілескен жоралғыны қиял қып,  
Қолпаштаған біз алғысты жиі алдық.

Сертке жетті сексендегі серілер,  
Алпыстағы жастар жағы ұялдық.

Сыйластыққа көңіліміз тоқ болды,  
Қырғи мінез қырғын сөз де көп болды.  
Тәуба деймін құдай ондап қазақты,  
Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды.

20.03.2000.

### ӘБДІЖӘМІЛДІҢ ТОЛҒАНЫСЫ

- Компьютер - заман құдайы, -  
Десем сыры әрі екен.  
Сабыр сақтап сыпайы,  
Көп толғанды Әбекем:

- Компьютер берген тәлімді,  
Терең ойлап, айтар кім.  
Көрінеді кәдімгі  
Шатпағындай шайтанның.

Әлемді сымсыз телефон,  
Қалтада жүріп жалғады.  
Жыртылғандай көне тон,  
Құпия деген қалмады.

Бес жерде бес жиырма бес  
Дей алмас бүгін балалар.  
Калькулятор қылды егес,  
Күн өтті мимен шамалар.

Әлемді ашық зерттеуге,  
Ежелден ақыл сақшы еді.  
Екі де екі - төрт деуге,  
Үйренген күнім жақсы еді.

Ниетің тоқ, құлқың бай,  
Бауырлас еді арамыз.  
Табиғаттан, шіркін-ай,  
Алыстап қана барамыз.

Үңіле қарап заманға,  
Күрсініп жым, жырт, үн жұттық.  
Техникадан адамға,  
Жұқпасын де мимырттық - .

18.03.2000.

Түркістан-Алматы.


## ӘБДІЖӘМІЛДІҢ ЕКІНШІ ТОЛҒАНЫСЫ

- Абылай - десен  
толқимын нұрым жайнап,  
Шексіз дала - өтіпті сыйын сайлап. -  
Әбдіжәміл - деді де көп ойланып?  
Сөз жалғады түбірін мығым байлап.

- Еуропада жүремін мазасыз боп,  
Қия бассан ой қозғар даласы жоқ.  
Өзбек те отыр шұқшиып,  
шөкім жерде,  
Төңірекке қарауға шамасы жоқ.

Қазағымның қойшысы, балықшысы,  
Ойлы, зерлі, ақжарқын, алып күші.  
Көкірегін кеңейткен  
Кең далам ғой,  
Ой мен қыры, жер мен көк анық түсі.

Көкжиекке көз салған күні бойы,  
Қазағымның қашан да биік ойы.  
Шырт ұйқыдан адамды өн оятар,  
Сайда бұлбұл сайраса түні бойы.



Өзенді өрлей қойшылар қой салады,  
Қырық бүктеліп қырқада жол қалады.  
Бөрісі мен бүркіті қызықтырып,  
Маңғаз дала ұлғайтқан ой сананы.

Тау қаптаса еңсенді басып тұрар,  
Ну орман да адассан асықтырар.  
Қойшы қазақ кең дала патшасы ғой,  
Бүкіл әлем алдында ашық тұрар. -

Әбдіжәміл осылай дала сырын,  
Толқытқанда сездім шын жаны ашырын.  
Құрметіне сүйсіндім “патша” деген,  
Қойшысына байтақ ел ағасының.

18.03.2000.

## ҚАРЫНДАСЫ ҚАНЫШТЫҢ

(Патшайым Тәжібаеваға)

134

Тізбесем мол еңбегін есімдегі,  
Сыймайды бір өлеңге, кешір мені.  
Белгілі  
Барлаушы-қыз ару-қыран,  
Құлашы Жезқазғанда көсілгені.

Еш ғалым назарына ілікпеген,  
Жер сырын желкен етті біліп терең.  
Қосылды қатарына дүлдүлдердің,  
Ғасырдың өзі таңдап іріктеген.

Парижде, Лондонда, Москвада,  
Қақ төрде қазақ қызы басты қадам.  
Кен тастың  
Түпкі атасын таба білер,  
Сыр сандық Патша-Айымын ашты ғалам.

Қызғаншақ шын ғылымнан алыс жандар,  
Күн туды атақ аулап, мәніс таңдар.

Өмірден дана Қаныш өткеннен соң,  
Табылды жеңіс бөлгіш “данышпандар”.

Тайсалмас мінезі өжет Патшайымның,  
Іші тар келеңсіздің тапты айыбын.  
Қорғаса Қаныш-аға ардақты атын,  
Етпеді төрдегілер еш қайырым.

Атынды перзент-қызға тел теңедім,  
Есіне ой салайын сенбегеннің.  
Айқасқа шыққан ару атой жасап,  
Қаныштың қарындасы сен дер едім.

6.01.2000.

### ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗІНШІ ҒАЛАМАТЫ


Келгендер алыстан да, жақыннан да,  
Құмары бір көрмесе басылған ба?!  
Бар қазақ құрмет етіп құшақ жайды,  
Ел Орда мерей тойы ашылғанда.

Қыздайсың көрген жанға ұнап қалған,  
Көшінді қияларға ұзатты арман.  
Ұшқан құс қымай қарап өндетеді,  
Келбетің қызықтырып жұмақтанған.

Өрінде жаңа заман Бас қаламыз,  
Төрінде Сарыарқаның Астанамыз.  
Алыстан саған келген меймандарды,  
Жүректің лүпілімен қарсы аламыз.

Астана сенсің заман аманаты.  
Жасадың сан биікке жаңа саты.  
Өзіңсің ерке Есіл аялаған,  
Әлемнің сегізінші ғаламаты.

2002.



135



Ғайіпбек Салғымов



\* \* \*

Жақсы адамды сергітсең,  
Өзің жақсы болғаның.  
Жақсы адамды ренжітсең  
Азаяды қорғаның.

Иск артпа нашарға,  
Оның терең бар мәні.  
Бір болады қашан да,  
Жақсылардың арманы.

Кетіп әнтек әріге,  
Жақсы адаммен егеспе.  
Жақсылардың бәрі де,  
Бауыр, туыс емес пе.

2002.

136

### ҚАРТ ҰЛЫТАУ ЖАЛҒАДЫ

Аз болса да күндер бірге жүріскен,  
Қандай жақсы Алатауда біліскен.  
Жақсы атайды сені біздің Жезқазған,  
Содан болдың маған қымбат Рүстем!

Жол жалғасты жарасқаны іргенің,  
Сүйсінтеді артта ізімді білгенің.  
“Жезкиікті” ел шырқаса елеңдеп,  
Тебрентеді жіті құлақ түргенің.

Өмір алда бола жатар қалғаны,  
Тегін емес сәтті күннің бар мәні.  
Бауыр басып, ауылдастай сыйласақ,  
Екеумізді қарт Ұлытау жалғады.

Алпысында көрінесің бесті асау,  
Жүзің жылы сипаттауға тоқтасам.

Тер төккендер Жезқазғанның жерінде,  
Тіршілікте қартаймайды ешқашан.

Елге мәлім аз болғаны тынысың,  
Бір ісінді жалғап жатты бір ісің.  
Қайда тудың? Руың кім? Білмеймін,  
Қадыр тұтар егемен ел ұлысың.

Толғандырса көңілдегі көп елес,  
Іні тойы жырға неге бөлемес.  
Жас солдаттар күнде туып жатса да,  
Қазағымның генералдары көп емес.


### **СӘТБАЕВТЫҢ БӘРІМІЗ ШӘКІРТІМІЗ**


Көңіл назын үн-түнсіз сабақтадым,  
Мұңлы кездер отыр ғой санап бәрін.  
Нығмет досым,  
Тым ерте кетіп қалдың,  
Өмір - деген сәт екен қанат қағым.

Мамыр келіп сайратса тотыларын,  
Құс үніндей төктім жыр оты барын.  
“Оқжетпестің” ардақты ұланы едің,  
Торқа болсын “Кеңсайда” топырағың.

Қылыш едің алардай қынға малып,  
Сері болдың қыз сүйер жырға қанық.  
Бірге оқыған Мәскеуде жігіттер ек,  
Әкетті ажал тал түсте ұрлап алып.

Сексен көлдей жан еді көші көркем,  
Жігіт еді Сәкендей сөзі желкен.  
Дархан еді-ау, ақкөңіл, көпшіл, сепшіл,  
Жақсылыққа жүрегін бесік еткен.





Кен барлаудың мол жүгін атқарыпты,  
Жас ұрпаққа ұстаздық дән дарытты.  
Әулие етіп әлемде сыйлап өтті,  
Ғалымдардың көсемі Сәтбаевты.

Ер жігітке кеншілік татыр жұмыс,  
Онсыз қайдан келеді алтын, күміс.  
Құдай берген бір бақыт осы шығар,  
Сәтбаевтың бәріміз шәкіртіміз.

*20.04.1995.*

\* \* \*

Тетігі бар текті өлең,  
Орайын тапса - деп келем.  
Жел өкпе сөзден аулақпын,  
Қастыққа көшер өкпеден.

Көп айттым, тағы құпташы,  
Үш жүзге бөлу - жұт басы.  
Іргесін елдің бекітер,  
Бірлікте өмір тұтқасы.

Сыр шертсем зерлеп байқ аған,  
Ақ тілек екшеп айта алам.  
Ескегім ортақ қайығым,  
Айдынға жетсе жай табам.

Достым-ау, шапқын жарыста,  
Опасыз жаннан алыста.  
Түспесін кіршік еш қашан,  
Бойдағы ар мен намысқа.

Сыпайы сырттан сыйлайды,  
Жаттыққа досын қимайды.  
Ақымақ қана тік мақтап,  
Көлгірсіп бекер қинайды.

Бірліктің құтты жетегі,  
Қиналсаң септік етеді.



Өтірік мақтау өрпінен тең,  
Түбіне акыр жетеді.

Айтарым осы безектеп,  
Ақыл, ой тұрсын кезектеп.  
Қасықтап жиған аброй,  
Төгілмесін шелектеп.

2002.

## ӘКІМНЕН ШЫҚҚАН БАТЫРСЫҢ

*(Қажымұрат Нағмановқа)*

Қажыеке, ғажап есімін,  
Айтып тұр абзал шешімін.  
Мұратқа жет деп қажымай,  
Ашыпты өмір есігін.  
Мағжандай оққа жақынсың,  
Қасымдай отқа батылсың.  
Ұлытауым қолдаған,  
Бақыт құсын жолдаған.  
Қазақтың тілін қорғаған  
Әкімнен шыққан батырсың.

Сәкендей арыс тойында,  
Бүкіл ел жүрді ойында.  
Паш етіп Сәбит, Ғабитті,  
Нар жүгін алдың мойынға.  
Ұлытау, Көкше толқыды,  
Желпінді Ортау өр шыңы.  
Тау іші әннен сенделді,  
Сексен көл толқып тербелді,  
Сарыарқа түгел тебіренді.  
Тойлардың өтті жойқыны.

Жезқазғанды таң қылған;  
Қызылжар нұрын жандырған;  
Қазақтың арыс ұлысың



139



Ғажыбек Сағатқар

Атағын құмар қандырған.  
Елбасы білді қолдауды,  
Ауыр іс қауырт жолдауды.  
Ертістей асау арқырап,  
Жетісудай сарқырап,  
Есілдей жатсын жарқырап,  
Түзеп бер тозған жолдарды.

31.08.2002 ж.

## ҚАНЫШ ТОЙЫ ПАРИЖДЕ

Сәлем, Париж! - әлемдік биік төрім,  
Салтанатқа дәл осы үмітті едім.  
ЮНЕСКО Сәтбаев тойын атап,  
Ардақтады қазақтың білікті ерін.

Ғұламаның құлашы кең екенін,  
Барлық елмен терезем тең екенін,  
Бір көрсетті  
дүбірлі Қаныш тойы,  
Көгілдір ту сәні боп мерекенін.

Дана сыры ұлтымды тәмәмдетті,  
Дала мандай той төрін мәнерлі етті.  
Қаныш-аға күншуақ күлкісімен,  
Сарыарқадан Сенаға сәлем жетті.

Бар ғаламға танытқан Қаныш елін,  
Қасымда жүр Талғатым - ғарышкерім.  
Қаны қызу қаламгер Медеу де бар,  
Сәтбаевтың көркейткен намыс төрін.

Қанат жайып Алатау шың құзынан,  
Ұшып жеткен аумадық жыл құсынан.  
“Көшпелілер” құрметтеп тойлы көшін,  
Аунап түсті Наполеон ұйқысынан.

Артып келсек алысқа мұраны асыл,  
Түсінгеннің тілегін құп аласың.  
Қаныш-аға телітіп есіміне,  
Бір теңселттік Эйфельдің мұнарасын.

14.04.1999 ж.

Париж.

## ПАРИЖДЕГІ СЕРІЛІК

Ата, баба аруағы қолдады ма,  
Жыр төгілді  
Ол көңіл толғағы ма?!  
Құдай оңдап Парижде бір келдік қой,  
Кеттік, Медеу, Булонның орманына.


Серіліктің сапарын басқарайық,  
Бара жатыр өнеки, қас қарайып.  
Айтмұхамбет ағай мен Аманжолды,  
Қасымыздан қас қағым тастамайық.

Ғарышкер ғой Талғаттың бабын бекер,  
Ойламайық  
Бізсіз де тауып жетер.  
Ізімізді біз оған білдірмейік,  
Сұлуларын орманның қағып кетер.

Жазушы мен ақынға  
Сену заң ғой,  
Сен алда жүр, жастаусың, ебің бар ғой.  
Шақырмайық елшіміз Нұрланды да,  
үйі осында,  
Қасында келін бар ғой.

Құмар едік табиғат жолдағыңа,  
Бойымызда  
Күш, қуат мол тағы да.  
“Қанды басын түлкінің бері тарт!” - деп,  
Кеттік, Медеу, Булонның орманына.

14.04.1999.



141



Аманжол Сағандықов

Есінде ме Аманжол бала күнің,  
Таза ауадай жұтқан кез сана білім.  
Ақ қайыңдар өсіп ек арасында,  
Алыстағы аңсатып сара ғылым.

Тағдыр құтты құшағын жая білді,  
Студент кез Мәскеуді сая қылды.  
Төркүл дүние абайлар төрт бұрышын,  
Қызу күнде сен болдың саябырлы.

Жоламадың ащының жұтымына,  
Қозғамады жерлес қыз қытығы да.  
Текке жүрмей  
тектіден жар іздепсің,  
Жүрек қостың Шыңғыс хан тұқымына.

Ашық байқап бастауын алыс жолдың,  
Аға сыйлау рәсімін мәніс көрдің.  
Розаның тойына ертіп барсан,  
Мәрияммен сол кеште таныс болдым.

Қатарыңнан көш бойы оза беріп,  
Сен ғылымға жаралдың аса жерік.  
Евней-ағам мақтаса дөп түсіпті,  
Болдың бүгін ел сыйлар академик.

Мен жасымнан қос өнер таптым бабын,  
Қазған кенді өлеңмен алтындадым.  
Қанат жалғап Қаныштың арманына,  
Жезқазғанды жайнатып қарқындадым.

Тәуба - дейік, иншалла іргеліміз,  
Егде күнде қосылды гүлденіп із.  
Қаныш тойын  
Парижде бірге өткізсек,  
Дана салған ақ жолмен жүргеніміз.

1999.

## ҚАНИСА ҚАНЫШҚЫЗЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

- Қарсақбайға қонақ келді ауылдан,  
Папам күтті бәз қалпында бауырмал.  
Меңсіз қара қой сойғызды мейманға,  
Ата дәстүр ең құрметті тәуір мал.

Кестем берді, пальто жапты үстіне,  
Дейді мейман: “Құдай шақтап пішті ме?  
Галстукты ең алғашқы тағуым,  
Шляпа киіп ұқсап кеттім күштіге”.

Кетерінде қимас достай сүйісті,  
Қос құшақта кеуделері түйісті.  
Кім екен деп мен ішімнен таңдандым,  
Бала күнде көріп қызық бұл істі. -

Дедім - папа туыс па бұл атажан,  
Қанша киім алып кетті жат адам. -  
- Үлкен туыс - деді папам - зор туыс,  
Қосыламыз онтөртінші атадан. -

15.12.2002 ж.  
Алматы.



143



Ғабдімәлік Сағдиев



## ТОЛҒАНЫС

Жүрегім, енді тыным аласың ба?  
Әлде бір тың әуреге саласың ба?!  
Шаршатқан шартараптан әрең жеттім,  
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Жасымда ердім талай жетегіңе,  
Қой енді, қарайлатпа кешегіме.  
Көш түзеп, көңіл өсіп, келдім бүгін,  
Көксеткен Көкшетаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,  
Есілдің есен жеттім жағасына.  
Өзен, көл, орман тоғай, құба белдер,  
Симай тұр екі көздің шарасына.

Көрдім-ау, кіндік кескен көк өрімді,  
Сөт тусын еселетер өнерімді.  
Сездім-ау, Сал Сырымбет қол сілтесе,  
Саумалкөл көк толқынға бөлерінді.

Сүймеуші ең сұлу көрсең аянғанды,  
Жүрегім, енді керек аяу жанды.  
Жаз түгіл, қыс ортасы  
Қыраулатты,  
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.



## ТӨРЕГЕЛДІГЕ ХАТ

Төрегелді, күрт қимылдар келді күн,  
Евней сырқат ...  
Жасар артық емді кім.  
Министрге төтенше хат жазғаным,  
Білдіргенім дос ниеттің кендігін.

Бөйге өрінде тежегендей құр атты,  
Жүрек-дейді құрған оқыс тұзақты.  
Барыңды сал,  
Ізбасары Қаныштың,  
Құлап түсіп кешіп жатыр сынақты.

Дүмше заман салмас дейсің кімге азап,  
“Шіркін” - дейміз көкірек шетін зіл қажап.  
Әрі ғалым, ұстаз,  
Үлкен қаламгер,  
Адал терін төгілтіп жүр бұл қазақ.

Хабар жетіп, қалдым үнсіз мәңгіріп,  
Атақ, даңқын айтпақ едім өн қылып.  
Қазақ үшін  
аса қажет кемеңгер,  
Кетпесінші өмірді ерте қалдырып.

Не де болса есен-аман сақтағай,  
Сұхбаттасар тусын сәтті шақ талай.  
Қапияда көзден ғайып болмасын,  
Аққан жұлдыз сияқты бір тоқтамай.


Ел үмітін арашала кәдіктен,  
Аулақ жүрсін оқыс ажал көніккен.  
Мерт болды ғой талай тарлан ағамыз,  
Жағрапиясы жарамаған әріптен.

Емде досты.  
Менен сәлем айтарсың,



145





Таң қалдырды теңселгені асқар шың.  
Бірақ, шіркін,  
Оған тиген соққыны,  
Өз басыңа жеткен күні байқарсың.

26.08.1980 ж.  
Москва.

## ЖЕЗҚАЗҒАН - ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Ақ жаңбыр жарысып сәулемен,  
Ән болды әр сөзім әу - деген.  
Сәулетті жас қала оянды,  
Кеншілер қарсы алған таңменен.  
Самал жел Ұлытау саясы,  
Тамаша келбетін қарашы,  
Жезқазған - Қаныштың қаласы.

Жарқылы жайнатқан өнімді,  
Жұлдыздар жолыма төгілді.  
Көшелер көш түзеп, бой жазған,  
Мыс қайнар ордасы көрінді.  
Жалғасқан жер мен көк арасы,  
Сүйсінген Сарыарқа даласы,  
Жезқазған - Қаныштың қаласы.

Ару құс келбеті жан улар,  
Мезетке боларсың зәру-зар.  
Аққулар қалқып жүр Кеңгірде,  
Достарым, бір көріп қалындар.  
Серпілер адамның санасы,  
Елестер қазақтың данасы,  
Жезқазған - Қаныштың қаласы

1994.

\* \* \*

Көргенімді көзіммен негіз етем,  
Білмесімді ақылға көп іздетем.  
Аз өмірде аса көп байқағаным,  
Жалқаулық пен қорқақтық егіз екен.

\* \* \*

Сараң барын жасырып үндемейді,  
Тыпа-тыныш, есен-сау жүрем - дейді.  
Жүректілер дүниені астан-кестен,  
Қайда несі жатыр? - деп түгендейді.

## МӘҢГІЛІКKE ЖОЛ ТАРТТЫ

*(Садық Асатовқа)*

Халқына жаны жақындар,  
Не салса тағдыр көнеді.  
Кейде ақиық ақындар,  
Жұлдыздай ерте сөнeді.

Садық та сондай ер жігіт,  
Әрі кенші, әрі ақын.  
Ағындап өтті кең жүріп,  
Жүйріктей жұлде алатын.

Ғажабы қолда ғажаптың,  
Марқасқа еді өрелі ер.  
Жүрегіне Қазақтың,  
Ұлтжанды жыры бөленер.

Кең маңдай, ашық, шалқыма,  
Ақжарқын, адал, мырза еді.  
Мөрт мінез, өжет салтына,  
Қарқынын қосты қыр желі.

Жырында, асқақ мөп, мөлдір,  
Ағады Кеңгір жайқалып.



Жаңа - Арқа жайлы шексе сыр,  
Жезқазған тұрар байқалып.

Шырақтап жүрсе шалғайды,  
Есімі қалды танылып.  
Бейнесін жыры жалғайды,  
Шырақтай мың, мың жағылып.

Ұлытау берік шешімі,  
Ұлағатты ұлын қолдатты.  
Жәйреммен Садық есімі,  
Мәңгілікке жол тартты.

*10.10.2000.  
Алматы.*

### **ҮМІТ, ҚАУІП, УАЙЫМ**

Үміт, қауіп, уайым,  
Сендерді қайда қуайын.  
Сарқылмас мұным тірлікте,  
Үмітсіз қылма құдайым.

Жабыстың жастай уайым,  
Шешімнің көркі сыңайым.  
Көрмегенім көп еді  
Бергеніңе шыдайын.

Қауіп зәлім жау екен,  
Андаусызда сау етер.  
Үзілмес үміт күш берді,  
Тұлпарым болды төуекел.

Жан емеспін тоқпейіл,  
Сені де қауіп сөкпейін.  
Өреде сансыз қыспақтап,  
Мөреден бірақ өт кейін.

Үмітім сөнбес үмітім,  
Түңілтпес ішкі үтітім.  
Үмітсіз күні туғанда,  
Жоғалды дей бер жігітің.

1976.


## КӘКІШЕВТІҢ ОРАЗАЙҒА АЙТҚАНЫ

Өткердің қаза  
Оразай, келген төбелеп,  
Көп жылдар аңдып,  
Айтумен келген төрелеп.  
Аз болғандай өкеткені Шөкешті,  
Райханды алды,  
Қайрымсыз ажал төтелеп.

Жан еді ғой  
Қызыққа сені бөлемек,  
Білмейде қалдық,  
болғанын, шіркін, не себеп.  
Бір жылға жетпей анасының соңынан,  
Қыршын жас кетті-ау,  
Гүл теріп жүрген көбелек.

Қайғырсаң да  
Көзіңнің жасын себелеп,  
Жар сыйлау жолын  
Көрсеттің жедел керемет.  
Мұрағат тақта,  
ескерткіш жасап көз тояр,  
Ұрпаққа үлгі жасадың  
ел, жұрт елемек.

Сүйсіндік саған  
Азамат деп ер, өжет,



149



Ғәкімбек Салғандар

Алғыстан басқа  
достарың бүгін не демек,  
Әттең, шіркін,  
Жанымыз басқа жаралды,  
Қиналған саған  
Жүректі жұлып берер ек.

*7-желтоқсан. 2002 жыл*

## ҚАНЕКЕНДІ КӨРГЕНДЕР

Жетпіс деген білген жанға  
бір ғасыр,  
Жайлап тұрмыз жетпіс қия  
шың басын.  
Жасы кіші бір інім деп  
жүр едім,  
Болып шықтың Ғаппар  
нағыз құрдасым.

Келсем тағы  
бір тамаша түйінге,  
Жақсы жүрсін  
бауыр басқан үйірде.  
Ең жақсысы:  
талай жылдар дәмдестік,  
Қаныш аға  
қызмет еткен үйінде.

Осында жүр Айтмұхамбет ағамыз,  
Бұрынғыдан жақындасты арамыз.  
Кездескенде Қанекенді еске алып,  
Не де болса бір серпіліп қаламыз.

Елестетіп

данышпанның нұрлы өңін,

Дидарластық

сұхбаттастық күнбе күн.

Қариялар!

Қанекенді көргендер,

Қандай жақсы

аман, есен жүргенің.

20-10-2002.

## ЕРЛАНЫМНЫҢ ҚАНЫШТЫ САҒЫНҒАНЫ

- Қаныш-аға келеді - десе

Жезқазған,

Тазартатын бар көшені құм саздан.

Сарайларды сырлайтынбыз жанталас,

Жасаймыз деп

Көңіл өсер “көпті”, “аздан”.

Жөңдейтінбіз кеншілер шағын қаласын,

Өңдейтінбіз шарбақтың жасап жаңасын.

Көше түгіл...

Сыпыратынбыз қақ жолды,

Жалғастырған Кеңгір мен Рудник арасын.

Қаланы онда атайтынбыз “Кеңгір” - деп,

Жезқазған сол,

Шыққан даңқы кең дүрлеп.

Мен “Покро” шахтасында бастықпын,

Машина мінген

Сол кездегі ең жүрдек.

Кеңгірге қарай келе жатсақ бір жылы,

Сөйлескіш балам

Токтаған желдей тынды үні.

Томсара қалды,

бес жасар ұлым ренжіп,  
Жоғалғандай ойыншық ат - дүлдүлі.

- Беу, не болды?  
Дегенімде Ерланым,  
Жалт қарады  
жылтып әрең бер жағын.  
- Сәтбаев папа, биыл неге келмейді?  
Деп сұрады толқытқандай ой қалың.

Мен күлдім де  
- Ол кісі саған не керек? -  
Деп өтіндім табар деп тентек не дерек.  
Қаныш-ата келсе ғой  
- деді - ех, шіркін,  
Сыпырып жолды,  
төгілтіп суды себер ек.

Жақсы жолды кім осындай жарлы етті,  
Көрдің бе? - деді -  
асфальттан папа, сән кетті.  
Бізден озған машинадан ұшқан тас,  
Сындыра жаздап,  
Кетті ғой мына әйнекті. -

Былтыр осы  
сыпырып жолды жатқанда,  
Ерсі көріп  
Күлкіге балам батқанда,  
Айтқаным бар  
Келеді - деп Сәтбаев,  
Есіне түсті-ау,  
Түршігіп жаны тастан да.

Қатты қысып,  
қушаққа алдым баланы,  
Отырдым байқап  
Оянған ерте сананы.

Жол емес-ау,  
Ол маған үлкен ой салды,  
Бала да кейде...  
Сағынады екен дананы.

23.11.1997.  
Алматы.

\* \* \*

Жақсылыққа табиғат зерек болды,  
Қос дүлдүлге даналық кезек қонды.  
Абай қанша Мұхтарға өсер етсе,  
Мұхтар сонша Абайға керек болды.

\* \* \*

Ұрындым - деп тіршілік кесіріне,  
Кір келтірме біреудің есіміне.  
Салмағы ауыр өмірде көп сауалдың,  
Жауапкері өзінсің шешіміне.


\* \* \*

“Халықта бар ханда жоқ” - дегенменен,  
Керісінше ұғымға терең сенем.  
Хан алады сұрап та, сұрамай да,  
Халық сенер уәдеге “берем” - деген.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚОҢЫРАУ

Жөнін білмей нарықтың зарын татып,  
Кей кеселді алдық-ау қалыңдатып.  
Жидебаймен іргелес бір ауылда,  
Дым қалмапты  
Қант, шөйға малын сатып.

Мал бар еді  
Жететін қанша жылға, ...  
Үфит-сүфит



Кетті ғой қармағында.  
Ұят болды-ау, әлемге хабар жайып,  
Абай тойы деп атой салғанымда.

Ақ жарылсам телегей тасытып сыр,  
Суық хабар бой билеп, жасытып тұр.  
Семейдегі Олжабай жүдеу күйі,  
Ыза кернеп, жанымды ашытып тұр.

Дауыл қандай,  
                                жел қандай,  
                                                сағым қандай?!

Сасып қалдым,  
                                Сөйлер ем жағым талмай.

Зәрем ұшты,  
                                Жабылған полигонда,  
Үнсіз жатқан  
                                Бір бомбы жарылғандай.

Құйын соқты,  
                                бөйтерек мың жайқалды,  
Терең теңіз шарасы шын шайқалды.  
Момын қазақ  
Нарыққа тез кірісер,  
Жанталастың белгісі бір байқалды.

Беу, ағайын! Ел сенген әкімдерім,  
“Мерседеспен” заулатқан атың керім.  
Мәстек мініп барсаң да Олжабайға,  
Обал етпе,  
Көмекке батыл беріл.

Құт оралмас бос қаққан омырауға,  
Абыройын ел, жұрттың төгіп алма.  
Барлық әкім, құлақ сал,  
Олжабайдан,  
дабыл қаққан алғашқы қоңырауға.

1994.

## ҚАРСАҚБАЙДА ОЛ БҮГІНГІ ДИРЕКТОР

(Қадыр Мәткеновке)

Маң далада өсіп маңғаз терек тұр,  
Тез заулаған ол уақытты тежеп тұр.  
Қадыр - деген есімі де ерекше,  
Қарсақбайда осы күнгі директор.

Тың дастанға болар қымбат кейіпкер,  
Нағыз тарлан кейінгі ұрпақ еліктер.  
Елестейді Мәткеновты көргенде,  
Әбдірахманов, Бексұлтанов, Деевтер.


Елестейді қара қазан мыс құйған,  
Қара мұржа қызғылт жалқын күс жиған.  
Өзі де бір сайып қыран секілді,  
Қызыл түлкі көріп қырда шұқшиған.

Қарсақбайға қаққан берік дінгектей,  
Бауыржандай мінезі де бір беткей.  
Қаныш-аға мұражайын әсемдеп,  
Қасиетті жерден сан жыл жүр кетпей.

Нағыз қазақ ақыл, қайрат тендеген,  
Өзге дөкей қызметке де “кел!” - деген,  
Бармаса ол,  
Көкірегінде қыжыл бар,  
Қара қазан сөнгеніне сенбеген.

Ауыр сезім болса естір құлаққа,  
Ол сенеді қайта жанар шыраққа.  
Ұқсайды оған  
Қызыл шлак қасқайған  
Қайнар көзі қайта жайнар бұлаққа.

Мен де айтпаймын еш сенімім жоқ деп те,  
Ар жібермес оны тастап кетпекке,



Інілердің қысқа қолы күрмелсе,  
Тапсырамыз немере мен шөпшекке.

Шөл далада өсіп зәулім терек тұр,  
Оны осынау киелі орман жебеп тұр.  
Не десек те  
есімі өшпес ешқашан,  
Қарсақпайда ол бүгінгі директор...

1997.

### БҮГІНГІ АВТОПОРТРЕТ

Қыз-көктем қалмай ерсе де,  
Басымда аппақ жатыр қар.  
Жетпісім жетіп келсе де,  
Демейді құрбым ақын шал.

Тартылды саба қарыным,  
Сайысқа денем ыңғайлы.  
Қосылар әнге бар үнім,  
Жыр селі әлі тынбайды.

Онекі мүшем нақта-нақ,  
Салт қамшыдан аумаған.  
Сайысқа бөрі өмбе бап,  
Шайлықпас жүктен қаулаған.

Шашыма қырау қонғанға,  
Шайлығар күн жоқ шабыстан.  
Сыптығар, сидаң болғанға,  
Шәу тартты демес алыстан.

Егделік тұсау салдың ба?  
Селдіреп кетті құмар шак.  
Сұлулардың алдында,  
Болыптын мүлдем ұялшақ.

3.03.2001.

\* \* \*

Ақ сүт - адам жол басы,  
Ақ сүт - адам жолдасы.  
Өзіндей ақ сүт тазамын  
Төңірі алдында қорғашы.

Аққанда саумал сызыла,  
Жасымда таттым қызыға.  
Ақ сүттей аппақ қызықтым,  
Қызылжардың қызына.

Өскен өмір гүлі боп,  
Сүттей аппақ, міні жоқ.  
Қасымда жүр ақ кербез,  
Шаңырақтың пірі боп.

20.04.2002.


\* \* \*


Алма жесек қақ бөліп,  
Ол көрінер сұлулау.  
Масайрасақ шат болып,  
Мен әндетем қызулау.

Бөліп жеу де қайырым,  
Тұтанбастай біздің дау.  
Там, тұм тәтті татқызып,  
Көкейімде бұзылмау.

Тіліне де тіл жетті  
Ем болған ғашық дауаға.  
Соның бәрін үйретті,  
Һау-Ата мен Һау-Ана.

21-04-2002.





## ҰЛЫТАУДЫҢ ГҮЛДЕРІ-АЙ

Ұлытаудың гүлдері-ай,  
Көрсен жүрек тулаған.  
Сайда сансыз нұрлы арай,  
Басқа жерде тумаған.

Көңілімді бір жұбатты,  
Көз көрмеген қызғалдақ.  
Егіп қойған сияқты,  
Төңіректе көп қызға арнап.

Қырмызысы нөп, нәзік,  
Бар қасында барқыны.  
Ақшағылдың жанға азық,  
Гүл желбезек жарқылы.

Ақ мақтадай ағы бар,  
Көкаршын көз танасы.  
Көгілдірі тағы бар,  
Құдды аққудың баласы.

Лағылын-ай, үлбірек,  
Қимылға жоқ шамасы.  
Күллі гүлден гүлдірек,  
Күлгін шоққа қарашы.

Қап, қара гүл басқарақ,  
Қоймас көзді сүйінтпей.  
Мойнын бұрып жалт қарап,  
Жаутаң қаққан киіктей.

Әне, ақшағыл тұр түлеп,  
Көктеңбілді аласы.  
Барша гүлден гүлдірек,  
Қаршагүлге қарашы.



Сарғылт гүл де желсіреп,  
Бар шыдамды кетірді.  
Елендейді елжіреп,  
Сағынған сен секілді.

16-01-2003.

Алматы.

## ТҰМАНБАЙҒА

Жүре алмас іздеп келіп айтпай сырын,  
Досымсың қос іргені ашпайтұғын.  
Бір өзің мың кісідей көрінесің,  
Майданға бірге шығар таппай тыным.

Махаббат шабыт берген мұң, күйігі,  
Ақынсың жастай жақын жыр биігі.  
Ән болып әр жүрекке шырақ жақты,  
Ақ қайнар таза нәркес тұңғығы.

Сағынып жүргендей-ақ кел деп маған,  
Аспанда құстар әнін сен деп қалам.  
Алматы жаңа жауған жаңбырына,  
Бір дертін жүрегімнің емдеп алам.

Қараймын құс жолында сол биікке,  
Өндетем әуре болмай сөзді үйіп те.  
Ақырын домбырамды шертіп, қағып,  
Сыр айтам жонда жортқан жез киікке.

Мөлдір жыр таудан аққан селдей төкпе,  
Аз емес сен тізілтіп берген көпке.  
Қуанам екеумізді іздегендей,  
Адамдар қарай қалса жер мен көкке.

Күзде гүл сыбырласса туады өлең,  
Күнде бір шақырады құба белең.  
Кеншілік, әкімдік пен артта қалды,  
Ақындық биігіне шыға берем.



Мінез жоқ іліп алар өнегелі,  
Досым деп төс қаққандар не береді.  
Түтіндес қос шаңырақ шалқи берсін,  
Дауыл, жел шайқалтпастай керегені.

Сортаңы соқтықпалы мол заманда,  
Ашылды таза, даңғыл жол маған да.  
Соқпай-ақ, бұл жалғанға өтер едім,  
Өзіндей бір қимас дос болмағанда.

22.01.2003.

Алматы.

### АҚБЕТКЕ

“Ақбет” тауы алыпсың,  
Баянаула төсінде.  
Өшпестей боп қалыпсың,  
Қаныш-аға есінде.

Самғап ұшса сақ қыран,  
Танданды арқар, сілеусін.  
“Бүркітбай” атты шаттық өн,  
Сол еді-ау, сенің тілеушің.

Тыңдап ем сұлу бұл әнді,  
Қаныш-аға айтқанда.  
Көңілге қайта сұранды,  
“Ақбетті” іздеп тапқанда.

Самырсын, терек, қарағай,  
Ару-тау жұмақ етегі.  
Жолаушыға қарамай,  
Қанышты аңсап кетеді.

Бас ием мен де Қанышқа,  
Сағынсаң сыйлы балам - деп.  
Ол ұшып жүр ғарышта,  
“Ақбетті” көріп қалам - деп.

Келсенші “Ақбет” иіліп,  
“Бүркітбай” өнін салайық.  
Аң мен құсты иіріп,  
Қанышты еске алайық.

1996.

## ОРТАҚ АҒА

(Евней Бөкетовке)

Тәттімбет сыйлағандай Құнанбайды,  
Мен неге іздей берем Тұманбайды.  
Танытқан кенші-ақынды Алатауға,  
Шабытым оны айтқанда шығандайды.

Шахтаның таныстырса тар алаңы,  
Ақындық миуа төкті сая бағы.  
Дұрыс - деп осыларың қошаметтеп,  
Евней екеуімізді аялады.

Құдайым үйір етсе тасқа мені,  
Айтайын өнеге етіп басқа нені.  
Жезқазған Алматымен тұрағымыз,  
Біз үшін Қарағанды астана еді.

Кездескен әр мезетті толымды етті,  
Сан жылдар сыйластықтың жолында өтті.  
Ардақтап айтып жүрер арттағыға,  
Евней ортақ аға болып кетті.


Шек қоймай бар уақытын бөлетұғын,  
Қозғайтын көркем сөздің көне түбін.  
Ал, кеттік, десек бірге маймаң басып,  
Нар тұлға қос дөненге еретұғын.

Әмбебап үлгі, өнеге салты ұнаған,  
Бауырмал мінезі жоқ шарпымаған.  
Ағаның ақ жайлауын әнге бөлеп,  
Күн қайда қазақ жырын талқылаған.



161





Қандық қой талай ғажап сөз-тұмарға,  
Ол жылдар өтті ұқсап көк мұнарға.  
Үшеуіміз жайраң қағып отырған сәт,  
Соңыра бір жарқ етер көз жұмарда.

24.01.2003.

Алматы.

## ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

(Жәлел Қалмағамбетовке)

Бірге оқыдық.  
Бірге өстік, бірге де өндік,  
Шаңырақ құрып,  
Қатарлас іргелендік.  
Көше, шахта, қаланы түрлендіріп,  
Жезқазғанды түлеген бірге көрдік.

Бар шабыстан демеймін дара келдік,  
Аға көрдік. Қаныштай дана көрдік.  
Қай белеске шықсақ та елмен жалғас,  
Қарапайым қалыпта қала бердік.

Оқ емес қой ұмытпас санамызда,  
Қатты батқан жүректе жарамыз да.  
Арамыздан жоғалып асыл достар,  
Күннен күнге селдіреп барамыз да...

Өмір барша қызығып жалғамайды,  
Қазтай қайда қылығы жанға жайлы.  
Еске алайық Садық пен Жолдасбекті,  
Сабыр, Серік, Қайырбек, Балғабайды.

Арпалысты күндерде жалындаған,  
Таза, биік сақтадың арынды аман.  
Мінезіңе ризамыз  
Тіршілікте,  
Дос-жаранға ниетің тарылмаған.

Көз алдында ұл, қызың - мың жұлдызың,  
Немерелер ұлғайтып жүр тізімін.  
Сол бақытты әкелген  
Даригамен,  
Қызығын көр, ұлағатты ұл, қызыңның.

Бак, дәулеттің тарылмас кенересі,  
Қарсы желдің тоқтауға келер есі.  
Қай кеңседе сен бүгін отырсаң да,  
Атын биік  
Тайжанның немересі.

Бірге оқыдық - сол өмір аманаты,  
Есен, саумыз - сол көңіл қанағаты.  
Мақтан етем,  
Таныссың бар қазаққа,  
Жезқазғанның ардақты азаматы.

18.03.1994.

## ҚОЛЫНАН ҚАНЫШ ДӘМ ТАТҚАН

Тоқсанға келсе  
Төрегелді анаңыз,  
Толағай күннің  
Толықсып тұрған бәрі аңыз.  
Ұлытауда  
Қолынан Қаныш дәм татқан,  
Анаң барда данам бар - деп санаңыз.

Ұлытау десем  
Жезқазған түсер есіме,  
Киелі жер де  
Тілегі құтты несібе.  
Қайда жүрсек Қаныш-аға дем беріп,  
Аруағы тартты  
Біздерді өмір көшіне.



163



Жаңабек Сағандық



Нәзипа-шешей,  
Ұлыңнан бастап сөзімді,  
Ұмытты деме тоқсанға келген өзінді.  
Қасиетті жансың  
Қолыңнан дана дәм татқан,  
Болды ғой балаң  
мінезге берік, төзімді.

Академик,  
Министр болды кезінде.  
Қуғын да шекті,  
Қалғандай ізі көзінде.  
Қайтадан шықты алғы шепке  
Жарқ етіп,  
Өз тізгіні, өз билігі өзінде.



“Жалантөстей” айқасқа ашық аттанды,  
Ол биіктеу төреліктен жаттанды.  
Жалғыз ұлын  
аруақ қонған нық жігіт,  
Жұлдызың жанды,  
Ақ сүтің ана ақталды.



Тілемес бақыт  
Ардақты, алыс досқа кім?!  
Сұңқарлар жолы  
Ол дүбірге қосқан үн.  
Соның бәрі  
Өз береке, мерекен,  
Ардақты ана,  
Құтты болсын Тоқсаның!

21.09.1996.

## АУЫЛДАС АКАДЕМИК ТАШЕНОВКЕ

Ғылым төрі білгенге тақтан берік,  
Деп үлкендер  
Қол жайса бата беріп,  
Ақыны көп аулыма құдай ондап,  
Бітті атақты білімдар академик.

Ақ қайындар балауса татқан желін,  
“Еңбек” атты елім бар байтақ, керім.  
“Ақсу” менен “Жаңасу”  
Қос тармағы,  
Бірдей күтіп сыйлайтын ақтангерін.


Затын білген  
ежелден “ақ”, “қараның”,  
Ағам бар - деп алдымда мақтанамын.  
Қыз-Жібектің сіндісін алды дерсің,  
Көзің шалса жеңгемнің ақ тамағын.

О, жеңеше!  
Ғашығлық - мәңгі сайтан,  
Ағама той басқаның майқаң-қайқаң.  
Сол үшін де мен сізді мадақтаймын,  
Жырға қосып, өндетіп алғыс айтам.

Жастау күнде табысу қиын еді,  
Алыс жүрдік, алшақтық білінеді.  
Беу, Қазеке, ауылдың қақ төрінде,  
Бірге отыру, бұл күнде жиіледі.

Доп қуалап, сақа да санаспадық,  
Жылқы бағып, шөп шауып жар аспадық.  
Бір қызығы - көршінің қыздарына,  
Бозбала боп ешқашан таласпадық.

Енді ауылға  
Көп назар бөліп жүрміз,



Көктем қайда? Бой жазды көгілдір күз.  
Қыздар қайда? Қалыптты кемпірейіп,  
Әже болған талайын көріп жүрміз.

Барға разы  
Көпті де армандайсың,  
Сәтті болсын құшағын жайған маусым.  
Есейгенде құдайым жақындатса,  
Евней ағам орнында қалғандайсың.

1998.

## ТОҚМАҚ

*“Ермактың қазақтар берген аты  
“Тоқмақ” - еді”.  
Манаш Қзыбаев.*

166

1

“Тоқмақ” деген тоқпаққа,  
Алайық ептеп тоқтап та.  
Ермакты қазақ Жармақ-деп,  
Көндікті түскен қармаққа.

“Соқ” - та жық үні батады,  
“Тоқ”, “тоқ” етіп жатады.  
Қыпшақ елін орыстар,  
“Токмақ” - деп бірде атады.

Басқандай дүлей құм көлді,  
Қанпезер, қырсық жын келді.  
Сібірден қашып қазақтар,  
Арқаға жетіп күн көрді.

Ой салсақ ұрпақ байқар деп,  
“Бай көл” де кетті “Байкал” боп.

“Ене-сай” бүгін Енисей,  
Осындай үнсіз айтар көп.

Ермак — деген тоқпақ тас,  
Қирады тасқа тисе бас.  
Ертіске Ермак батыпты,  
Баукеспе жендет, зұлым қас.

Көшім хан андып мас топқа,  
Жасады қырғын қансоқта.  
Секіріп жардан өлді Ермак,  
Көк толқын салып “соқ”, “соққа”.

Сойдййған сирақ өлікті,  
Бір қазақ суда көріпті.  
Жағасында Ертістің,  
Қара жерге көміпті.

2

“Ермактан Ақсуды да құтқарып ек  
Тілеймін Есілге де құт дары деп”  
Заман-ай қайран заман-ай,  
Қазақты ел деп санамай.  
“Ермак” - боп Ақсу кетіпті,  
Жүрекке батқан жарадай.

Білсекші содыр қылықты,  
Ақ патша қызып құнықты.  
Отаршыл, қырғын қарақшы,  
“Отаншыл” болып шығыпты.

Орнаған қызыл бодандық,  
Жасады Тоқпақ одан нық.  
Шаң жұқтырмай Ермакқа,  
Мән берді үлкен қоғамдық.

Ақсу — деп айтсам сырымды,  
Деп соқты “мынау бүлінді”.



167



Ғәлімбек Сәлімов

Амалсыз тостық бар қазақ,  
Егемен осынау күнімді.

Қарадан ақты айырып,  
Білместің жынын майырып.  
Дау-намаймен алдық-ау,  
Ақсудың атын қайырып.

Майданға сай боп шығатын,  
Мақтауға бүгін тұратын,  
Қол ұстасты Манашпен,  
Есімханов Қуатым.

Ғалым мен әкім тырысты  
Елбасы қостап кірісті.  
Арманың болмас өмірде,  
Тындырсаң сондай бір істі.

“Тоқмақтың” қырда солды үні,  
Қуаныш елде болды ірі.  
Дән разы толқып Қанекем,  
Бір аунап түсті сол күні.

16.12.2002.  
Алматы

### **ҒАБИТ ТОЙЫ ҚЫЗҒАНДА**

*(Қуат Есімхановқа)*

Ақ дастархан жайылған,  
Тамаша қандай жолдағы,  
Салынған аппақ қайыңнан,  
Сарайдай Мамлот орманы.

Қыздары қандай билемпаз,  
Сырнайшы сері ұлдары  
Қуат жүр бастап дұрманғаз,  
Әр сөзі жанға гүлдөрі.

Кенжеғали, Сері-аған,  
Еркеғали, Әбекем,  
Қосылған бізге көп адам,  
Ұлы думан сәні екен.

Кәкішевпен биледі,  
Омбыдан келген Алтынай,  
Шаршауды ағам білмейді,  
Алтынай қайтсін балқымай.

Айыбы болмас көргеннің,  
Қақпай ма қармақ іткенін,  
Байқадым құрдас жеңгемнің,  
Жалаңаяқ жүргенін.

Қызығы кернеп ғаламның,  
Төгілді алуан күй керім,  
Көз шалды құрдас ағамның,  
Бір сұлуды сүйгенін.


Өлең оқып думанда,  
Қызықты біз де молайттық,  
Жүзге кеп Ғабен тұрғанда  
Еңсесін елдің зорайттық.

15.06.2002 жыл  
«Жаңа жол» - «Қызылжар»

## НЕЖІП ФАЗЫЛ КҮНІНДЕ

(Мұхтар Мағауинге)


Жыр қайнаған жазушылар үйінде,  
Жан толқытқан  
Туды думан бүгін де.  
Аңыз емес  
Абыз ақын сөз болды,  
Нежіп Фазыл мүшел тойлы күнінде.



169



Нежіп Фазыл



Алғы сөзді ағындатса Мұхтар да,  
Ұқсап кетті Стамболдан шыққанға.  
Телегей теңіз  
Толағай дария ұғымдар,  
Толқытпаса...  
Ақын жаным құптар ма?!

Баурап кетті  
Нежіпнама бар сыры,  
Нәзік жырмен айтқан арман, таңсығы.  
Мұхтар қызды қыран қанат тұлпардай,  
Өрге қарай адуындап аршыны.

Тындағандар мөлдір ағын сезіпті,  
Жан сүйсінер,  
Сәтті мезет кезікті.  
Талдап берді  
Қазақтың сөз дүлдүлі,  
Түріктің жыр періштесі Нежіпті.

170

Еккен екен ақын інжу асылды,  
Асқақ қиял,  
Ой тұнығы ашылды.  
Ол қиналса “Пайдаға аспай айтқаны”,  
Елестеттім Абай шеккен ғасырды.

Тамашалап ақындықтың асқарын,  
Жадырадық шарпығандай ақ жалын.  
Араладық  
Айқын жұлдыз ізімен,  
Түркі тектес поэзия аспанын.

Жатсадағы талай жылдар арада,  
Терең тағлым ұялады санама.  
Ардақтадық,  
тақ орнатып әр жүрек,  
Ойшыл дана Нежіп Фазыл данаға.

## АҚ ИЫҚТАР АЙҚАСЫ

Қаныш-аға,  
жүз жылдық тойындағы,  
Жыр-теңіз боп толқыды төрің тағы.  
Ақ иықтар айқасы ел сүйсінтті,  
Міндет, парыз ақындар орындады.

Тұманбайдың жөн тапты бастағаны,  
Асқақ жырмен ол қақты бас қаданы.  
Жан кенелтті, арнайы мүшәйрада,  
Бағыт сілтеп кең шылбыр тастағаны.

Қадыр әділ қазылар төрағасы,  
Қазыбек бидей берілді сөз бағасы.  
Жетпіс ақын ішінен озғандарға,  
Тексіз жала туған жоқ еш таласы.

Бас жүлдеге киелі, өре құтты,  
Құлагердей көтерді Бөдешікті.  
Жүзі жайнап бірінші бөйгені алған,  
Ақын Қазыбек қақ төрге ере шықты.

“Кем қалмасам тайталас ұпайдан да,  
Сөз болып па сайыста ұтар пайда?!”  
Деді - Жәркен:  
ағайын, жеңді әділдік,  
Бір серпілді келгендер Қытайдан да“. -

Талай жігіт тигізді қолқабысын,  
Қорғай білді бәрі де ел намысын.  
Алғыс айттық “Бутяға”  
бар ақындар,  
Мүшәйраға демеуші болғаны үшін.

Ғылым сарай құлпырды таныс төрі,  
Бәйгеленді дүбірлі сайыс өрі.



Бар өленді ақ күміс шашу еттік,  
Ғұлама мен жыр сүйгіш табысты елі.

1999.  
Алматы.

## МҰХИТ ПЕН ҚАНЫШ

Асыл аға інілерге әл екен,  
Қиналғанда сол ғой ірі дөнекер.  
Жақсы інісі:  
“Түсіп қалдым жұмыстан”, -  
Десе күліп, тіл қатыпты Қанекен:

- Жігіт едің қадалғаннан қан алған,  
Ақиқатты сен жасырма ағаңнан.  
Құштар ісің қалмайды ғой жабысып,  
Бақытыңа басатушы боп жаралған.

Бір кінәрат кетті-ау әнтек қадамнан,  
Әр күңіңе әл бермей ме өз-арман.  
Түскен жоқсың,  
Түсіп қалды ол сенен,  
Қайта кіріс - деді - құстай таранған. -

Не де болса ағалығын танытты,  
Тегі тентек жас қыранды жаны ұқты.  
Қасына ертіп,  
Қарсақбайда Мұхитты,  
Қауырт күнде көмекші етіп алыпты.

2003.

## ҚАЙЫРБЕК ШӘКІРОВКЕ

Суық хабар әкелген сөз анық боп,  
Тандануым орасан.  
Терезесі түнеріп тұр жарық жоқ,  
Дос үйіне қарасам.

Көзімнен жас, маңдайымнан тер шығып,  
Үнсіз ғана мұңайдым.  
Жайсаң еді, қуаты мол ер жігіт,  
Бұл қалай? - деп сұраймын.

Таң сіберлеп жарық шашты нұр самал,  
Кім көңілді көтермек.  
Таптым мен де ел ұмытпас бір амал,  
Жыр - ескерткіш көтермек.

Маңғаз еді, жүзі жылы, ақ маңдай,  
Мінезі де ақ еді.  
Бір көргенде мәңгі есіңе сақтардай,  
Ол - бәйтерек мәуелі.

Ән салатын домбыраға жақсы еді,  
Табар ішкі тағатын.  
Кеншілікке кемел туған бапты еді,  
Білер сөтті сағатын.

Алғыр еді қызу істе қайнаған,  
Досқа - достық тіледі.  
Ұлытау мен Жезқазғанды жайлаған,  
Ол - Есілдің ұлы еді.

## КЕНШІ ЕДІҢ ҚАНЫШТЫҢ БІР БАЛАСЫНДАЙ

Кеншісі Жезқазғанның Қайыркенім,  
Қопардың Жәйремнің де тәуір кенін.  
Сөнбейтін аспанында жұлдызындай,  
Ұмытпас есімінді ауыл сенің.

Әлі де жоғалттым - деп түсінбеймін,  
Көз жұмсаң - ол бір ауыр түсім деймін.  
Сымбатты,  
Мағжанға ұқсас келбетінді,  
Қыл қалам күдіретімен мүсіндеймін.

Сайда өскен бөйтеректей балбыраған,  
Мейірім маңғаз едің балғын адам.  
Тұратын күліп қана абзал, керім,  
Бауырмал, қарапайым салтың адал.

Кен қазып елге арнап алғысыңды,  
Қоштастың жайлап жүріп тал, түсінді.  
Көңілден  
Кетпейтіні - сен аттандың,  
Аз қалған тойлай алмай алпысыңды.

Біріміз бірімізге тірек болып,  
Жалғап ек Қаныш жолын лек толып.  
Жүруші ек қарт Ұлытау етегінде,  
Сексен көл толқығандай жүрек толып.


Қос таспа, төл егіздей өрілдіндер,  
Сүйсініп жастай салды көңілім зер.  
Екеуің Жезқазғанда Әшірбекпен,  
Алдымда Айыртаудай көріндіндер.

Ұқсаған “Жалғызтауға” дара шыңдай,  
Көз салар бейітіңе дала тынбай.  
Жәйрем мен Жезқазғанның тарихында,  
Қаларсың Қаныштың бір баласындай.

14.08.1997.

## ҚАНЫШ АҒА КӨШІНЕН

(Ғазез Есмұқановқа)



Самғап шығып  
Қызылжар мен Есілден,  
Азаматсың Алатауда көсілген.  
Дәм-түз жазып, бой көрсеттің бірер жыл,  
Жезқазғанда Қаныш аға көшінен.

Құзарт шынға болсаң жастай төзімді,  
Танып тұрмын түбірі ұқсас сезімді.  
Сені көрсем  
Еске түсіп жас кезім,  
Кен қопарған елестетем өзімді.

Құтты аймақта  
Өтсе жылдар ағылған,  
“Жез киіктей” мені аңсатар табылды өн.  
Алла жар боп  
Астанада табыссад,  
Күндер өтті көрмей жүріп сағынған.

Абырой, атақ аз емес сен жинаған,  
Ұлтжандылық төкті алтын нұр саған.  
Алғыс айтам мінезіңе  
Отаншыл,  
Қарақалпақ қазақтарын сыйлаған.

Көп болса да айтар өзге жөн ісің,  
Құрметтейміз сені ерекше сол үшін:  
Бердің мықтап  
Елім бар деп еңіреп,  
Көшіп келген бауырларға қол ұшын.

Иланамыз көзбен көрген сенімге,  
Алпыс емес, отыз бес түр өңінде.  
Сүйіп-құшып  
Бесті асаудай сақтаған  
Алғыс айтам Гүлбарамдай келінге.



175



Ғазез Есмұқанов



Жақсылыққа жаратылған әр күні,  
Азаматсың биік мақсат, ар-мұңы.  
Сарқылмасын  
Қос алпысқа жеткенше,  
Ел құрметі, жар қызуы, таң нұры.

1997.

## ҰЛЫТАУДА ҰЛАР ҚҰС

Ұлытау данқын асқақ Күнге бейім,  
Биікте күйік басып үлгерейін.  
Ұмсынған ұлар құсым баурында жүр,  
Әдейлеп іздеп барып бір көрейін.

Ұлар құс кең даланың қарлығашы,  
Жанзекет өні ғажап зарлы нәші.  
Сағыныш арамызда үзілген жоқ,  
Ей, қалқа! бір кездесіп жарылқашы.

Ұлар құс кең даланың шағаласы,  
Тірліктің өзінде көп мағанасы.  
Жоғалмай ақ қайындар арасында,  
Желпінтіп жүрегімді аралашы.

Аялап беттен сипап жел еседі,  
Ұларым жақын қонып кеңеседі.  
Сондайда бүкіл дүние менікі боп,  
Ұлытау ыйығыма теңеседі.

1976 жыл.

## ӨКІНІШ

Мақтан етер оның байтақ бар елі,  
Көркейтуге елін ол да зар еді.  
Жезқазғанға жалт қаратқан жер шарын,  
Қаныш-аға қазағымның ары еді.

Жалтармайтын түсер кезде қиынға,  
Алар еді-ау, әлемнің бар сыйын да.  
Қауырт қаза соңғы қадам жасарлық,  
Жеткізбеді-ау, Делидегі жиынға.

Шіркін, деймін...  
Сол биікке барғанда,  
Ашар еді-ау, төрін әлем тарланға.  
Кенелер ек  
Қыран қанат, нар қазақ,  
Жердің шарын алақанға салғанда.

Ел сүюді, жер сүюді заң етті,  
Дәстүр етті ақ-киелі ғадетті.  
Күн тақаса тандандырар жер шарын,  
Оқыс ажал ойда жоқта әкетті.

20-01-2003 ж.  
Алматы.

Ғ.Ақінішев

## ОҚЫС ҚАЙҒЫ

(Ғазиз Батырбековке)

Жазамын-ау, тағы да мен мұңлы өлең,  
Қаныш-аға, кетті асыл немерең.  
Ұлы өтті... Ғазиз атты өмірден,  
Оразайға опат берді сұр белең.

Шәмшия өтті... арттағыны жебеген,  
Райхан кетті... алтын қызы көбеген.  
Аз уақытта Қара таудай қаптаған,  
Азаматқа ауырtpалық не деген...

Алатауға қар жауғанда көктемде,  
Көкірегін ызғар қаулап кеткен бе?  
Аң, таң болдық жайдың оғы тигендей,  
Қауырт қаза оқыс, үстірт жеткенде.

Беу, Ореке! селк етті бар маңайың,  
Бір мен емес қайысты дос, ағайың.  
Шаңырағына дәлдеп тисе үш соққы,  
Шайқалмасын әруақты алтын сарайың.

Осал емес өлім сыры терең ғой,  
Дел, сал болып мен де үнсіз терем ой.  
Қуалай соққан үш дауылды көтердің,  
Енді токтар деп күш, қуат берем ғой.

Ұзатпаймын жан толқытар жырымды,  
Жазғандарым жетер еді-ау, бұрынғы.  
Мың бір дастан емдей алмас дәл бүгін,  
Жүрегінді жүзге тілген мұңынды.

Өзендер де мұзын бұзып дүрлікті,  
Бұршік жарған тал шыбыққа тіл бітті.  
Бар жоқтауын айтып жатыр тіршілік,  
Бол Ореке, сынып кетпес шын мықты.

Шағын сөзге бар айтарым симады,  
Осы болсын тағдыр құрық жиғаны.  
Топырағы торқа болсын Ғазиздің,  
Серік болсын деп тілейік иманы.

23.04.2003.

Алматы.

## ЕКІ АУЫЛДЫҢ ҰЛЫМЫН

Мұң мен шердің ең шырайлы гүлімін,  
Ел жетілді, мен жетілдім, тірімін.  
Екі ана, екі атаның тірнегі,  
Екі ауылдың мәпелеген ұлымын.

“Еңбек” - деген атамекен жайлы алаң,  
Бұрынғылар құтты қоныс сайлаған.  
“Ыбрай ауылы” анамекен ауылым,  
Жалғызтаудың етегінде жайнаған.

Мекен еттік Сал Сырымбет маңайын,  
Көкшетауда, Айыртауда ағайын.  
Ел сұлуы, жер сұлуы осында,  
Ең сұлу қыз көріп өстім арайын.


Ауыл десе мен ағынан жарылам,  
“Еңбектегі” ағаларға бағынам.  
Әже болып, әжім басып кетсе де,  
“Өскендегі” сұлуларды сағынам.

Аз емес қой аңсау, сусау жетегі,  
Ағаларым ноян еді кешегі.  
Қайда жүрсем бейнелері елестеп,  
Жеңгейлерді бір көргім кеп кетеді.

Ұққан дәріс көре, көре жасымда,  
Жер жаннаты, жер төңірі осында.  
Екі ауылдың зиратына табынып,  
Үлкендердің тұрып қайтам басында.

23.06.2002.

Алматы.



179



Ұлкендер Салмағды

## ЖАСАЙ БЕР МҰНАЙШЫЛАР

Атырау атырабын жадыратқан,  
Әлемге алау сілтеп дабыл қаққан;  
Ақтаудан сарқыраған мөлдір мұнай,  
Қара алтын өзендері ағып жатқан.

Тасыған ел байлығын құбырларың,  
Бұлқынып жасап жатыр дүбірлі ағын.  
Қазақтың көрі жасын сүйсіндірген,  
Ғажап қой қызу майдан ғұмырларың.

Сендерді батырлар деп айта аламын,  
Сенім мол келер күнге жай табамын.  
Ең асыл нұрын төксін атқан таңдар,  
Түн келсе жарқыратсын Ай қабағын.  
Айбынды мұнаралар,  
Су кешіп, құм аралар,  
Құтты көш құрайсыңдар;  
Дауылға шыдайсыңдар,  
Жасай бер, мұнайшылар.

03.03.2003.  
Астана.

## СИРЕК ТУҒАН ҚҰБЫЛЫС

(Күлзия Шарман келініне)

Нұр жүзінен пәк жүрегі көрінген,  
Ғажайып жан өтті бүгін өмірден.  
Төрегелді сыңарынан айрылып,  
Туды ауыр күн қабырғасы сөгілген.

Әйбат еді-ау, жылы қарап күлгені,  
Тірі жанға қабақ шыта білмеді.  
Шармановтың шаңырағы шарықтап,  
Әулет құрды дәулеті де іргелі.

Төрегелді көргендей қыз-күдірет,  
Ғашық болды көз шалғанда бір рет.  
Жердің шарын жеті айналсаң таппассың,  
Күлзияның дидарындай сурет.

Қарт анамен құрбысындай сырласқан,  
Қызықты айту еренғайып бір дастан.  
Келінін де өз қызындай сүйді ана,  
Жалғыз ұлға бүйрегін көп бұрмастан.

Қариядан жасамай еш бұрылыс,  
Күлзия да орнатты үйде жылы күз.  
Екеуіне біткен шуақ силастық,  
Бұл жалғанда сирек туған құбылыс.

Жақсы анаға жайлы ғұмыр шеккізген,  
Салты қандай жан мерейін төккізген.  
Қарияны көл қорыған қызғыштай,  
Күлзия ғой 95-ке жеткізген.

Төрегелді, мен не дейін бауырым,  
Жұмақ кешкен өтті ғажап дәуірің.  
Адам түгіл Алатау да селдетті,  
Бізбен бірге көз жасындай жауынын.

Сұм ажалдың қара жерге қиғаны,  
Дос, жаранды дәл өзіндей қинады.  
Тағдыр солай, енді Төке, берік бол,  
Күлзияның серік болсын Иманы.

10.05.2003.  
Алматы.

Ғажыбек Сағымқұлов

\* \* \*

Тайғақта мінген атың тағалы ма,  
Қаңтарда киген тоның жағалы ма.  
Тағаң да, жағаң дағы әл бермейді,  
Құдай дос етпесе бір саналыға.

Күні үшін күйбеңдеген “бағалыға”,  
Пақырдың қызғанбаймын амалына;  
Тілеймін осындайдан аулақ қыл деп,  
Толғанып сыр ақтарсам қаламыма.

Өзімді ертелі, кеш сынай берем,  
Жасқандың дей көрмеші бұлай неден.  
Бір ісім бітсе бастап келесісін,  
Тұтқасын ішкі намыс бұрай берем.

\* \* \*

Ұлым-ау, сүрінгенді табалама,  
Сүйеу бол ақ ниетін бағала да.  
Сондайда алақайлап айғайлайтын,  
Мақтаншақ есер досты сағалама.

\* \* \*

Жүйткісін қыздырып жігер,  
Жүйрікті құлшынтып жібер.  
Жақсылық жерде қалмас,  
Жоралғың жол тастап жүрер.

2003.

## ЕСЛЯМ АҚЫНҒА ЕСКЕРТКІШ

Жыл толыпты Еслям інім кеткелі,  
Мұнайып тұр Алатаудың көктемі.  
Асау теңіз айдынында шалқыған,  
Ғайып болды ақындықтың желкені.

Қарт Жалғызтау ол қайда деп сұрады,  
Құлагері мерт болғандай жылады.  
Ойда жоқта қалды орны ойсырап,  
Көк Есілдің бір жартасы құлады.

Бауыр, достар қабырғамыз қайысты,  
Ай да көкте сына жаздап майысты.  
Өрнектегі ағайын ел қамығып,  
Көз жасымыз көл, көсір боп табысты.

Бір жыл өтті. Басылмай тұр елеңім,  
Беу, қазағым сол еді бір керегің.  
Жүрегінен үзіп тастап қалдырған,  
Ел ұмытпас қыран мінез өлеңін.

Бірге жүрген талай сәтті жолдарда,  
Нық тірегім болды менің ол барда.  
Мағжан аға секілді өжет, мәрт еді,  
Тура сілтер тік оқпанды орларға.

Естен кетпес ол заулатқан кесек үн,  
Өлең, жырын елге ғибрат етемін.  
Өз ағам деп мақтан етсе ол мені,  
Өз інім деп мен де ардақтап өтемін.

Өлім деген оралмай тұр тіліме,  
Жолда жүрген балай берем тіріге.  
Осы болды жыл өткенде арналған,  
Қолдан келген ескерткішім ініме.

12.04.2003.

## ҚАЗАҚТЫҢ ПАРТИЗАНДАР КӨСЕМІНЕ

(Қасым Қайсеновке)

85 - құтты болсын Қасым-аға!  
Әруағы өзгелерден басым-аға.  
Қазақтың партизандар көсемісің,  
Дұшпанға жастай тиген жасын-аға.

Ұрпаққа болды сабақ үлкен үлгің,  
Жылға тең өзіңменен жүрген бір күн.  
Рахымжан, Қасым, Сырбай, Жұбан барда,  
Көріп ек таңғажайып үркерлі күн.

Сүюші ек сендер жүрген парадтарды,  
Жыр арнап інің сырын сан ақтарды.  
Жеңістің құба жартас белгісіндей,  
Өзіңе барша қазақ қарап қалды.

Қаһарман атың бүгін дараланды,  
Есімің ел туындай бағаланды.  
Біз үшін сен мың аға орнындасың,  
Санасам ерте кеткен ағаларды.

Жүрекке симай тұр ғой қуанышым,  
Өтеді көз алдымнан ұлан ісің.  
Топ жарып қай думанда сөйлесең де,  
Ойлысың, орнықтысың, қырағысың.

Көкірегім ұшырғандай тірі құсын.  
Өлең - гүл төге салдым бір уысын.  
Жан-аға! Алшаң басып жүзге де жет,  
Сен бар деп біздер жас боп жүру үшін.

21.05.2003.

## ҰСТАЗЫМНЫҢ ҰЛЫНА

(Сержан Қанапияновқа)

Сабырлы еді,  
Ұстамды еді, нық еді,  
Қызметтің де көрді жолын сүбелі.  
Жай оғындай оқыс қаза кез болып,  
Асыл ердің тоқтап қалды жүрегі.

Жігіт еді-ау, сергелдеңге соқпаған,  
Бұра тарта баспаушы еді еш қадам.  
Мұсахан-аға үш ұлына сұқтанған,  
Әлде қалай тіл тиді ме деп қалам.

Аз жыл өтті тойлағалы елуін,  
Мақтан еттік үлкен төрде шеруін.  
Сұм ажалдың таңдап қана алғандай,  
Қарандаршы, дәлдеп қана келуін.

Көңтерлі еді маңғаз, кербез, тұлғалы,  
Күндіз жұмыс түнде өлең шыңдады.  
Ұстазымның дәл өзінен аумайтын,  
Бір жымыып күліп қана тұрғаны.

Өнегелі шаңырақ құрып жетілді,  
Өрге сілтеп, өтті өрімдей екі ұлды.  
Нұрлы жүзі мейірімді қалды есте,  
Жан анасы Күләш-апай секілді.

Ақын еді от қаламды ұштайтын,  
Әсемдік жоқ ол өлемде құшпайтын.  
Өлендерін оқығанда жан баурап,  
Көл шетінде “Оқжетпеске” ұқсайтын.

“Бибішім” - деп махаббаттың бағында,  
Жүруші еді алғыр қыран бабында.  
Есімі өшпес Бибігүл мен артында,  
Қос тарланы Шыңғыс, Тимур барында.

Бақытжан мен Ерұланым, не дейін,  
Жас бұғандай булығып тұр көмейім.  
Ойда жоқта біз Сержаннан айрылдық,  
Енді өздерің есен бол деп жебейін.

*13.05.2003.*

*Алматы.*




186



# ПОЭМАЛАР





# АТА, АНАСЫ ҚАНЫШТЫҢ

(Лирикалық поэма)

## КІРІСПЕ

Ой қозғаса келер деме сөз қайдан,  
Мезет керек көңіл өсіп, көз тойған.  
Жаным разы Қаныш-аға өмірі,  
Сарқылмастай шабыт кені өз қоймам.

Сақ қырандай самғап алға басайын,  
Сенімі мол серттің ісін жасайын.  
Паш етуге ата, анасын алыптың,  
Ақтандақ сыр шетін аңдап ашайын.

Ару - шабыт сүйсіндірсе жетегі,  
Ата дәстүр сан қырына жетеді.  
Сәтбай-Ата Имантайы туғанда,  
Сегіз Сері жыр төгілтіп өтеді.

Кемел думан кереметін сақтаймын,  
Асыл құсын тапқан екен жақсы айдын.  
Жыр - марапат, жылы тілек, ақ бата,  
Айғақтаған асылдығын Сәтбайдың.

Сәулесі құт Қаныш-аға нұрының,  
Құпиясы мол оққа ұшпаған ірінің.  
Астамшылық заманында сау қалса,  
Сақтануда жатыр кілті сырының.

Дәріс етіп кім ізетпен атамас,  
Ғибрат алсын, білсін түгел заты Алаш.  
Шормановтар, Сәтбаевтар әулеті,  
Әлмисақтан іргелес һәм аталас.

Сәтбаевтар ұлы дәулет жүйелі,  
Ұлы Мұса аға сұлтан киелі.  
Екі әулеттің достығы да тамаша,



Сол Шорманның Шоқан да өз жиені.  
Қызығы мол үш әулеттің жарасқан,  
Болған емес олар үшін тар аспан.  
Сәтбай, Шорман, Уәлі тегі тарихта,  
Өтті талай қиянкескі таластан.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ИМАНТАЙҒА СЕГІЗ СЕРІНІҢ БАТАСЫ

#### 2


Ұлдың тойы ұлағатты парызың,  
Шаттана бер,  
Артта өшпес бар ізің,  
Жеткені сол жаратқанға жалынған,  
Қабыл болып ең ардақты арызың.


Зиялы жан Шөтікұлы Сәтбайдың,  
Қиялы зор көкірегінде сақтайтын.  
Бір атаның жалғызы еді  
Ойлы өскен,  
Текті тұлға ел тілегін ақтайтын.

Сүйіндіктің Анайынан тараған,  
Шөтік - Ата бар сеніммен қараған;  
Сәтбай осы ...  
Тұңғыш ұлы туғанда,  
Той жасауды міндет, парыз санаған.

Күнсұлудай адал жары қасында,  
Онсыз даңқы шаңырақта тасыр ма?!  
Жақсылар мен жайсандарды жинады,  
Той толқыды белгі тастап ғасырға.

Баянаула мың шырағы жағылды,  
“Ақкелінге“ той алқасы тағылды.  
Алғыр ақын, үздік өнші, сал, сері,





Сахараның санлақтары ағылды.  
Жан толқытты бізге жеткен аманат,  
Мағлұматта ел жөптемес жоқ ағат.  
Сегіз Сері атамыздан сол тойда,  
Жыр туыпты мадақ - толғау, марапат.

Ашамайлы керейдің бір тармағы,  
Шақшақ бидің қазақта зор салмағы.  
Осынау бидің немересі келгенде,  
Қаржас елі құтты төрін арнады.

Ақын осы  
қызған сайын өрлейтін,  
Қырғын әнші көкке құлаш сермейтін.  
Үздік сазгер “Тауһартасы” топ жарған,  
Батыр да осы  
қолдан намыс бермейтін.

3

Албырт бағлан басылмаған желігі,  
Омбыда әкім қарсыласы ең ірі.  
Ерте оянған  
Ер қазақтың бірі осы,  
Исатай мен Махамбеттің серігі.

Өлең арнап кешегі өткен, кеткенге,  
Қақты қада ұлттың қолы жеткенге.  
Құтты тойда ұлы толғау туыпты,  
Шын тебіреніп,  
жаны мейірім төккенде.

Ел дәстүрін паш етуге туған ба, Сөзі ширақ  
Тұрар мәнін құндауға.  
Төкле ақын, аты әйгілі, дауылпаз,  
Сөт жетелеп келген екен бұл маңға.

Тойға келген меймандармен таныстық,  
Бүлдіршінді  
ақ қанатқа ала ұштық,  
Той бастады Сегіз Сері тік шырқап,

Әнмен бірге ұшқан құспен жарыстық.  
Қонақтар жоқ бұл думанға кешіккен,  
Ерендер көп той өресін өсірткен.  
Жыр-марапат аққан аттай заулады,  
Ел тілегі емін-еркін көсілткен.

Ақындар бар келген Ертіс, Алтайдан,  
Батырлар бар сан жорықта марқайған.  
Шорман ұлы Муса осында - жас қыран,  
Би, төре көп  
Төрге симай шалқайған.

Сегіз Сері асқақ өнер танытты,  
Тез иірді,  
Сөзі үйірді халықты.  
Есіл - Көкше жыр сүлейін ардақты,  
Баянаула балқып тыңдай қалыпты.


Имантай деп  
Ұлдың атын атапты,  
Бата, тілек бар рәсімін жасапты.  
Сондай бол деп, тамылжытып тізіпті,  
Қазақта бар арыстарды атақты.


4

Ода - дейді  
Шәмшиябану апамыз,  
Ақын жырын алты Алашқа аты аңыз.  
Зор білімдар Қаныш қызын жөптесек,  
Бола қоймас біздің де еш қатамыз.

Туыпты арман асыл шағы шарықтар,  
Сегіз Сері кім екенін анықтар.  
Ер Тарғынды көргендей-ақ  
таң қалды,  
Тойға келген дүлдүлдер мен алыптар.

Тасқын толғау, шапқын жүйрік ән-жыры,  
Кең ашылды үздік өнер даңғылы.  
Көзі жайнап  
Жанды қызыл шырайы,  
Әу, дегеннен қолдап кетті тағдыры.





Жүзі жайсаң,  
Жоқ қажырлы тілде зар,  
Заулап кетті  
хас тұлпардай жүлде алар.  
Бар қазақтың данасы мен дарасын,  
Айтты сөзбен ұрпақ рухы шыңдалар.

Сексен сегіз есім тілге байланды,  
Сексен сегіз тұлға жырға жалғанды.  
Сексен сегіз тілек арнап балаға,  
Сексен сегіз ашты асау қайнарды.

Сексен сегіз... өңкей өрен бөрі де,  
Түгел кірді бергілер мен өрі де.  
Имантайға осылардай бол десе,  
Бөрі ғажап, мөйегі мен мәні де.



192



Сексен сегіз саңлақ кірген жырының,  
Әр теңеуі бірінен де бірі тың.  
Атам қазақ нояндарын атапты  
Бір шоқы жоқ, бөрі заңғар, бөрі шын.

Сепкен екен нұры шуақ жан нұрын,  
Төккен екен шабыт селі жаңбырын.  
Жеткен екен сайыс құмар мәреге,  
Еккен екен ел жаттарлық өн, жырын.  
Асанқайғы, Жәнібектен бастапты,  
Абылай хан аты шықты асқақты.  
Солардай бол Имантай деп

5

шылбырды,  
Махамбет пен Исатайға тастапты.

“Қаз дауысты Қазыбектей халқынның,  
Данасы бол” - депті заулап жарқын күн.  
Төле би мен Әйтекені ардақтап,  
Үдетіпті толғау салты қарқынын.

Бөгембай мен ұран етіп жариялар,  
Аталыпты Шоң мен Көтеш қариялар;  
Орынбай мен Шал ақындай алыптар,  
Бұхар жырау, Төттімбеттей дариялар.

Даналарды дәйек етсе тосын ән,  
Ғибрат алар құтты ісіне қосылам.  
Әз Жәнібек, Дәстем, Келден бейнесі,  
Таңғажайып күә болар осыған.


Кең айдынга бұрғандай зор кемені,  
Қандай ғажап бағалы бол дегені.  
Шарапатың көпке тисін деп айтқан,  
Тамыр жайды марапат, бата терені.

Тіледі ұлға  
“Ер Есеттей келбетті,  
Ер Сырымдай өрге құлаш серметті“.  
Көтере біл деген екен ер болсаң,  
Есенедей зейнет пенен бейнетті.

Құлекедей тілесе зор білекті,  
Едігедей ел сүйгіштік үдетті.  
Сабырлы бол,  
Қадырлы бол дегенде,  
Өз әкесі Сәтбайға ат тірепті.  
Бата сөзі  
Жасап көркем өрнекті,  
Үлкен ғибрат бол дегені көрнекті.  
Ғалым бол деп Әнет баба секілді,  
Сілкіндірді сәби жатқан жөргекті.

Бағыты ашық батасында қарқынның,  
Депті үздік болсын заты салтыңның.  
Ойшылдықтың орасаны дегені:  
“Қанай бидей қамын ойла халқыңның“.

Естігенде жан сүйсініп дір еткен,  
Әр шумақта шымқай үздік ниеттер.



Ақ бесікке бақыт құсы қонсын деп,  
Жалғасыпты жан баураған тілектер.

6

Көңіліндегі төккен екен бар назын,  
Әр тілекте жарқырап тұр жауқазын.  
Саясы мол  
Бәйтеректей бол деген,  
Асыл ойдың ардақтысын байқадым.

Зерлеу қиын әр сөзіне үңілмей,  
Қызықтырды қырдың нәркес гүліндей.  
Үзік сырды орап сезім нәріне,  
Армандапты азат күнді бүгіндей.

Дүлдүл осы-ау,  
Сөзі ғибрат жаттауға,  
Жұлдызға ұқсар  
бар жарығын шашқанда.  
Сегіз Сері деген аттың заты айқын,  
Толғауы да тұрар шексіз мақтауға.

Сол еді ғой “Тауһартасы” жарқырап,  
Шыққан кезі аты әсем ән құрап.  
Имантайдың тойындағы батасы,  
Дабыл қақты тау суындай сарқырап.  
Қалай ғана шын сүйсініп жазбайық,  
Дегендей-ақ, ақын сөзін жалғайық.  
Жаттап кетті Сегіз Сері батасын,  
Есіл, Ертіс, Сыр мен алыс Ақ жайық.

Көрген жанға осынау той ұнады,  
Тарап кетті шар, тарапқа қыр әні.  
Дөңгелегін кім тоқтатар уақыттың,  
Сөнбегенін көрдік Сегіз шырағы.

“Сегіз Сері болмаған” - деп надұрыс,  
Айтар айтса  
Іші тарын нақұрыс.

Сондайларды естігенде шыдамай,  
Арлы жүрек жасайды күрт жарылыс.

Сөкпеңіздер неге айтты деп мұны мен,  
Нәр алып ем өн бақшасы гүлінен.  
Сегіз Сері ес білгелі еріп жүр,  
Алдық қарқын тілінен де үнінен.

Тарих сырын терең білген тұңғиық,  
Әр көңілге кетті сөнбес нұр құйып.  
Сегіз Сері оқығанда арнауын,  
Жүрегімнен жүйткіп өтті жыр-киік.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ИМАНТАЙ ӨТКЕН БЕЛЕСТЕР

7

Тілегені келді Сәтбай-атаның,  
Женді рухы тойдағы зор батаның.  
Төрт ұл, бір қыз тауып берді Күнсұлу,  
Көрмей өтті сұм жалғанның шатағын.


Қажы болу қалған тілек ең ірі,  
Шәу тартқанда Меккеге ауды көңілі,  
“Сәтаев Сәтбай 9854”,  
Қалды дерек жолға лұқсат нөмірі.

Оралмады сол санатта сап құрап,  
Өзге белгі,  
Бұйырды ерен жақсырақ.  
“Сәтбаев Қаныш 2402”,  
Деген жұлдыз ғарышта жүр жарқырап.

Жұлдыздармен ғарыштағы көптеген,  
Жарысып жүр Сәтбай ата, көк кемең.  
От пен су жоқ  
Үлгі болар ұлына,  
Сен кеткелі Имантайың өтпеген.

195

Ғабдімәлік Сәтбаев



Ол да өзіндей бір Аллаға жүгінген,  
Сәттері көп бір өліп бір тірілген.  
Сегіз Сері берген бата келді ғой,  
Қарай қалсақ кешегі мен бүгіннен.

Имантайың жас қырандай түлеткен,  
Өтті барша қатерлерден сын еткен.  
Сабырлы боп тартты аумай өзіңе,  
Ақылымен ел аузына леккен.

Өсті Имантай дүрі болып жігіттің,  
Сақтай білді заңын дәстүр, ғұрыптың.  
Асыл әулет нәрін алды  
Келгендей,  
Сегіз Сері еккен нәрі үміттің.

Іске берік, болды сөзге ұстамды,  
Әу, бастан-ақ әбес қылық тыс қалды.  
Атасы ашқан мектепті де көркейтті,  
Билікке де ес білгелі күш салды.

Жалғасқандай жүректегі тың ағын,  
Ашық айтар көкейкесті сұрағын,  
Қадірменді досы болды пікірлес,  
Абай-ата ардақты ұлы Тұрағұл.

## 8

Қандыратын ойға досын өзін де,  
Жандыратын қайрат, жігер төзімге.  
Кенесары талқылайтын айқасын,  
Ұшқыр қиял от салғандай сезімге.

Сұм жалғанның бер жағы мен ар жағын,  
Аралайтын орыс қорған тармағын.  
Күрсінетін патша кетсе шеңгелдеп,  
Аз көргендей майға батқан бармағын.

Екі достың құпиясы көп еді,  
Не десек те ата жолы жебеді.



Содан кейін ағайынмен тлдесіп,  
Жыр төгілтіп, өнге кезек береді.

Досы болды Сәдуақасы Мұсанын,  
Жасады олар шын сыйластық мысалын.  
“Ақкелінге” Баяндағы бақ қонды,  
Екі әулет алшақтамай құс адым.

Осынау достық болды елге киелі,  
Егіз әулет үйлесті бар тілегі.  
Шоқанменен Имантай да танысты,  
Шорман тегі дана туған жиені.

Тарих деген үнсіз жатқан сыр қалың,  
Айтары көп аша білсек бір жағын.  
Шоқанменен білдік алыс Омбыда,  
Жас Имантай аз күн бірге тұрғанын.

Шоқан онда офицер боп бекіген,  
Жіберген жоқ асау досын бетімен.  
Дәріс берді көп орыстың ішінде,  
Сақтанардай қарсы желдің өтінен.

Қаладағы сабағы сол алғашқы,  
Даладағы салт, дәстүрге жалғасты.  
Санадағы саумал білім бастауы,  
Сабадағы түнемелмен алмасты.

Шоқан қандай ақ ниетпен төгілер,  
Дос дегенде жаны қаққа бөлінер.  
Имантайға болды өмірлік зор азық,  
Даналықтың даңғыл жолы көрінер.

Зор ғалыммен жас Имантай үндесті,  
Озық жаннан тапты талай білместі.  
Салтын құрып Шоқанменен Мұсанын,  
Потанинге қызмет жасап бірлесті.



Қол байласа ақ патшаға отар күн,  
Сәтбай-ата, күні туды ботанның.  
Корреспондент географиялық қоғамға,  
Болды Имантай досы жалғап Шоқанның.

Мектеп құрып, ескі жаңа не түрлі,  
Имантайдың атақ, даңқы бекінді.  
Ата мирас көргені көп жасынан,  
елдің дауын шешуге де жетілді.

Ұлы көшке солай жақсы лесті,  
Бір естіге тірек болды бір есті.  
Осы өлкенің қырын, сырын зерттеуге,  
Қосты Имантай қолдан келген үлесті.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ


### АҚ ӘЛИМА

Тиеді елде барға салымды ерін,  
Бергенге берер тағдыр барын тегін.  
Имантай Әлимәға қосылғанда,  
Қырықтың аттаған кез қалың шебін.

Мұстафа Шормановтың келіні еді,  
Жас қалды Камалитден өліп ері.  
Дәулетті ел жесір қалған Әлимәны,  
Өз қызын ұзатқандай беріп еді.

Ақ маңдай, қос жанары тостағандай,  
Балдырған онсегізден аспағандай.  
Балқып тұр қаны ойнаған екі беті,  
Алғашқы қауызын дән аспағандай.

Жан еді ашық мінез мейірімді,  
Ұғымтал ерте игерген кей ілімді.



198



Адамға жас баладай жақын болды,  
Аңғарар айлық жерден пейілді.

Әдейлеп жасалғандай құйып нұрдан,  
Сұлулық ажарында тұнып тұрған.  
Ән сүйгіш, әзілге бай көңіл өсер,  
Ашық сөз, ақ тілекті ғұрып қылған.

Қабағы мәлім етсе мәнділігін,  
Ажары айқындап тұр сәнділігін.  
Жанары тік қарауға жасқантады,  
Қиғаш қас серпе тастап жан жылуын.

10


Кірпігі көзге алыстан іліп тұрар,  
Мөлтілдеп қос қарашық қызықтырар.  
Алыстан атқан тандай арай шашып,  
Жымыып қашан көрсең күліп тұрар.

Шықты елге “Ақ Әлима” жақсы атағы,  
Көз жазса Имантайды аңсатады.  
Түн келсе жұлдызданып ерке сұлу,  
Аспанға қол создырып шаршатады.

Қаныққан мұңына да, сырына да,  
Ақылды бөйбішесі Нұрым-ана  
Өзі еді құдалыққа бастап барған,  
Алмады жас тоқалды қырына да.

Нұрымнан туған Күнше өліп қалды,  
Нәресте көрмей іштей өліп-талды.  
Атанған “Ақ Әлимә” сұлу тоқал,  
Құрсағы құтты болып қорықтанды.

Бір сөніп қайта атқандай жарық таңы,  
Әлима еркін толқып шарықтады.  
Өкініш әттең, шіркін, соқыр ажал,  
Аямай  
Кең жалғанды тарылтқаны.



Ғазиза, Ғазиз, Қаныш балалары,  
Сұм тағдыр обалына қарамады.  
Фәниден Айдай аппақ Әлима өтіп,  
Бәйбіше болды екінші аналары.

Сол жылы Қаныш тура бес жасында,  
Мәлт еткен қалды бейне көз жасында.  
Имантай ұстаз туған тәлімгер жан,  
Кенжесін ұстай білді өз қасында.

Артықша жаннан туған еліндегі,  
Қаныштың жастай заңғар көрінді өрі.  
Семей мен Сібірде бар білімді алып,  
Барлады кенді қазақ жеріндегі.

Ол кезде көрген қорлық масқара еді,  
Кеңестің кер заңынан қақсады елі.  
Дәл айтса анасының шыққан жерін,  
Әкесін, өзін де атып тастар еді.

Бөліскен деп айыптап ханмен тақты,  
Мұсаға Шорманұлы пәле жапты.  
Қазақтың озық ұлы шошпытқандай,  
Мұсаның ізін таптап, жау деп тапты.

## 11

Ақылын бар ағайын асырыпты,  
Әулетін Әлиманың жасырыпты.  
Шорманның келіні деп ашық айтпай,  
Қаныш та қорқынышқа бас ұрыпты.

Қанышын Сәтбай ата көріп кетті,  
Сенімін немересі беріктетті.  
Ал, өзі қажылықтан елге оралмай,  
Меккеде Иса екеуі өліп кетті.

Анасын айта алмау да үлкен сұмдық,  
Бүктеулі жатты құпия осынау шындық.  
“Алима”, “Сәлима” деп шатастырып,  
Жасырған іздің сырын жаңа білдік.

Баянда екі Иса бар білгендерге,  
Болды олар айтулылар іргелі елде.  
Қай Иса қызы екенін айту қыын,  
Дәлел аз дәл айтатын бүгін елге.

Әйтеуір Иса аты жойылмады,  
Қай Иса? Іздеп жүрмін оны тағы,  
Әйтеуір үнгірден сөл жарық көрдім,  
Шындыққа бір жетердей ойымдағы.

Қашан да жолы болғыш қаны бардың,  
Суретін Әлімө-ана тауып алдым.  
Ел, жұртқа қуанышты кең таратып,  
Мен де бір тамашаға қанып қалдым.  
Сөзімнің үзімінде болмас қата,  
Сәтшілімін ақ ниетке қонған бата.  
Шоқанға, Қанышқа да бөтен емес,  
Әулетің жасай берсін Шорман - Ата.


Ал, енді “екі Исаны” талдамаймын,  
Дөп басар сөт түскенде алдағы ай, күн.  
Білгенім екі Иса да нар жоталар,  
Діні мен, ділі мен де құрған айбын.

Екеуін екі жұмбақ күз деп жүрмін,  
Анығын аңдап басып іздеп жүрмін.  
Туса да қай Исадан “Ақ Әлима”,  
Үлгі алған жақсы атадан қыз деп жүрмін.

## СОҢҒЫ СӨЗ

12

Келді талай Сегіз Сері тілегі,  
Болды елінің иманжүзді тірегі.  
Тәлім мықты,  
асып түсті атадан  
Имантайдың Қаныш атты түлегі.



201



Ұяһмәдәт Салықов



Андап басып ала тартпай алысқа,  
Бұра берем  
Жаным құштар арысқа.  
Имантайға Сегіз Сері айтқаны,  
Түгел қонды ел данасы Қанышқа.

Іздемеймін өзге дерек, куәні,  
Ақ батадан асыл арман туады.  
Бар тілегі қонған дана Қанышқа,  
Сегіз Сері аузы қандай дуалы!!

Арқалы ақын келді артқан нар жүгі,  
Қаныш аға болды таза ар, мұңы.  
Имантайға Сегіз Сері не десе,  
Баласына жұғысыпты барлығы.

2003 жыл.  
Алматы.

202

## **ДАНАНЫҢ СӘТТІ САПАРЫ (ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА)**

### **АРНАУ**

Қызықтас кім бар сұңқарға,  
Таңырқап, аңсап алыстан.  
Дәл сондай жаның іңкәрға,  
Бақыт қой бір сәт табысқан.  
Ауылдан алыс шеттедім,  
Қатайды қанат намыстан.  
Кеншілік жолға беттедім,  
Алуға ғибрат Қаныштан.

Жетіппін сұту Көкшеден,  
Жезді өлке жезді төсіне.  
Асыл тас сені көксеген,  
Асау шақ келді есіме.


Көп еді адал достарым,  
Тар жерде бірге кен қазған.  
Белгілі білек қосқаным,  
Көтерсе күмбез Жезқазған.


Асылдан сынық қалдық боп,  
Сырына берік қанықсам.  
Мінезден артық байлық жоқ,  
Ұққаным сол Қаныштан.  
Мақсатқа берік қас мерген,  
Сындарлы жерде қарысқан.  
Даңқына салты сай келген,  
Мен көрген осы данышпан.  
Мейірбан, жылы жанары,  
Жарқ етіп сәуле шашқанда.  
Жан түгіл айла, саналы,  
Тіл шығар мылқау тастан да.  
Нән бәйтерек сезгенім,  
Нар тұлға, шымыр, қапсағай.  
Үстінен қарап өзгенің,  
Биікте тұрған патшадай.

Заманның алғы шебінде,  
Айкаста жүрсе арыстан.  
Жұлдыз боп жанған көгімде,  
Бейнесін байқа ғарыштан.  
Ғұмырын талдап берместей,  
Бір сапар сәті алғаным.  
Жазбауға шамам келместей,  
Лүпілін жүрек арнадым.

## 1. ҚАРСЫ АЛУ

Әр ісі сабақ дананың,  
Жүре алмас елге септеспей.  
Жайнады көркі даланың,  
Төсінен көктем кетпестей.





Жадырап Күн де тамсанды,  
Ғажабы туды ғажаптың.  
Жезқазған бүгін қарсы алды,  
Ғалымдар көшін қазақтың.

Сәтбаев жетті өз елі,  
Орнатқан өзі қалаға.  
Құрылтай құрмақ межелі,  
Өткен соң көп жыл арада.

Топ жарып дара келеді,  
Тіл жетпес көркін айтуға.  
Батырдай биік денелі,  
Сарбаздай ширақ, нар тұлға.

Кең маңдай - ақыл аланы,  
Бұйра шаш жатыр бұрқырап.  
Жарқ етті толқып жанары,  
Жүзінен төкті нұр шуақ.

Абайдан кейін халқыма,  
Мұхтарым келген секілді.  
Шоканның ойшыл салтына,  
Сән қосты Қаныш не түрлі.

Атағы айғақ өлемге,  
Ақиық шыққан сілкініп.  
Оранды ыстық сөлемге,  
Шырайы шалқып, шын күліп.

Ақылмен қамал алардай,  
Көрнекті, мығым көштері.  
Астанада омалмай,  
Мәжіліс ашпақ көшпелі.

Көрнекті топқа қараңыз:  
Тарландар талмай топ жарған.  
Ішінде Шафық ағамыз,  
Жүйріктей жақсы бапталған.

Ғалымдар оң мен солында,  
Зерделі қауым құрапты.  
Бас маршалдың соңында,  
Көп генерал сияқты.

Химик те бар ардақты,  
Физик, биолог ел білер.  
Металлург, кенші жан-жақты,  
Аз емес “дөкей” шенділер.

Бәрі де саңлақ білгірлер,  
Қынаптан шыққан қылыштай.  
Бәрі де ерен дүлдүлдер,  
Қазаққа біткен ырыстай.

Жақыннан, шалғай алыстан,  
Бас қоспақ шымқай дарындар.  
Бірлесіп, ақыл табысқан,  
Зерделі, зерлі ғалымдар.

Мейманым толар төрімде,  
Шырайлы күнді хоштадым.  
Мәскеуден келді менің де,  
Қарт ұстаз, қимас достарым.

“Алақай! Әке, қараңыз!”  
Даладан шырқап келді өнін.  
“Тазарды - деп қаламыз”,  
Бес жасар менің Ерланым.

Көркейді сансыз көше де,  
Салтанат жасар күн туды.  
“Баланың сөзі” - десе де,  
Жезқазған бүгін құлпырды.

Жиналды сансыз адамдар  
Ұласты ұрпақ нар құзбен.  
Ұшағы қонған алаңда,  
Қарсы алды ел-жұрт дәм-түзбен.





Домбыра қызды күмбірлеп,  
Шашылды гүлдер жұпардай.  
Бұраң бел шықты би билеп,  
Ажары көзді жұтардай.

Ашылды аспан арайы,  
Жердегі сыйлап серкесін.  
Секілді Ғылым Сарайы,  
Сарыарқа жайды кең төсін.

Ұлытау күтті, баптанды,  
Ежелден құтты қорған бел.  
Кен артқан Жезді шаттанды,  
Жеңіске желкен болған жер.

Сәтбаев үшін құлын, тай,  
Алшақ та емес арасы.  
Жезқазған үлкен ұлындай,  
Ал, Жезді - кіші баласы.

Түрленіп шықты әріде,  
Киелі дабыл мазалы.  
Жез қайнар басты өніне,  
Қарсақбай қара қазаны.

Қарсы алды Арқа желі де,  
Кеншілік асыл атасын.  
Ұлытауда жатқан Едіге,  
Бергендей болды батасын.

Толқыған айдын жұлқынып,  
Естілді Кеңгір тасқыны.  
Қаныш тұр көңілі құлпырып,  
Есіне түсіп жас күні.

Жезқазғанға қонғандай,  
Ғарыштан ғылым ордасы.  
Жиналған халық ормандай,  
Ашылды сәтті жол басы.

Маралдай тоғай шетінен,  
Көз салған қиыр ұзаққа;  
Қатира сүйді бетінен,  
Оранып үлкен құшаққа.

Өтсе де жылдар зымырап,  
Бұзбапты сұлу тұлғасын.  
Ажары тұрған тым ұнап,  
Құдағи үшін бұл да сын.

Талай кен көзін табысқан,  
Достары келді ағылып.  
Төс басып, қол алысқан,  
Қызық-ау мезет сағынып.


Көзінен көктем білінер,  
Келіп тұр ескі достары.  
“Жүргенге жөргем ілінер”,  
Кезбелер қырда қостары.


Шарлаған жандар алысты,  
Кен іздеп қиыр бел асып.  
Құшақтап жатыр Қанышты,  
Бірімен бірі таласып.

Қарсы алды Гурба - директор,  
Штифанов кезек қаламай.  
Сол топқа бізден ілекті  
Мұхит пен Ғазиз, Далабай.

Келгендей Қаныш жазды алып,  
Шашылды дала жұпары.  
Зоя-апай күлді назданып,  
Сыр бермей, үнсіз сыпайы.

Қасында тұрды өршіл ер,  
Әбдірәсіл - жездем жақындап.  
Баяғы ескі көршілер,  
Дәм-тұзға үйге шақырмақ.





Әбекем сәлем арнады,  
Ежелгі ескі қалпымен.  
Сәлемге сауал жалғады,  
Қазақтың ата салтымен.

Не десек те ол сонда,  
Өзінше қимас досы ғой.  
Қай періште болсаң да  
Сыйластық сыры осы ғой.

Аруақ жебеп пақырын,  
Әбекем жеңді қиынды.  
Сол үйдің дәмі ақыры,  
Бір кеште көпке бұйырды.

Тас қопарып, кен қазған,  
Қарсы алды аймақ арысын.  
Қарсақбай, Жезді, Жезқазған,  
Ұлытау көсем Қанышын.

Бөрімен еркін кеңеспек,  
Қырандай дана түледі.  
Өткен күн көзге елестеп,  
Сағыныш кернеп жүр еді.

Ерекше жайнап тұрды алаң,  
Шаттықты қай күш тежетсін.  
Ханнан да артық сыйлаған,  
Халқыңа шіркін, не жетсін!

## 2. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ДАБЫЛЫ

Жарқырады кең залда,  
Құтты күн жарқын шырағы.  
Бастарлық біздің көшті алға,  
Ғалымдар кеңес құрады.

Айтылды нұсқа, ақ ниет,  
Жезқазған жаяр қанатын.

Үр жана алдык өсиет,  
Жас ұрпақ тағат табатын.

Ашылды жолы арманның,  
Аршындап алға бет түзер.  
Жас едім мен де тандандым,  
Жобаға өрге жеткізер.

Осында Үлкен Жезқазған,  
Тұсауы бүгін кесілді.  
Ер кенші, жойқын кен қазған,  
Сауалы талай шешілді.

Қанекен қозғап әріден,  
Сөз бастады зор баппен.  
Сырласты жұрттың бәрімен,  
Жез қойма сырын толғап кең.

- Кез келді - деп - түйіндеп,  
Ғылыми болжам байланар.  
Жезқазған зерлеп күйін көп,  
Жорыққа келдік сайланар.


Көп жүрдік бұрын бәріміз,  
көз салып шыған алысқа.  
Жеткенше қуат, әліміз,  
Басайық елдік намысқа.

Жез теңіз дабыл жәйді үні,  
Сұратар бізге сүйінші:  
Жезқазған асыл байлығы,  
Әлемде болды бірінші.

Қияға сермеп молынан,  
Ашылды қыран қанаты.  
Кем түсті кен қорынан,  
Әйгілі Чуки-Камато.

Бұл сайыс айтсақ мол дастан,  
Дәлелдеп талай шекістік.





Көшелер қаулар көрікті,  
Бау-бақша толы гүлденген.  
Осыған жаным сеніпті,  
Жезқазған жайнар гүлденген.

Тілекті жүрек бірлесер,  
Әндетер қымбат тастағы.  
Кең дала құрған оркестр,  
Табылар барлық аспабы.

Ертістің суын соңыра,  
Жезқазғанға тартамыз.  
Толықсып, толқып мол мұра,  
Кеніді сонда арқамыз.

Ал, бүгін ойлан, кім қалай,  
Жезқазғанды асырар?!  
Бермейді босқа шу пайда,  
Сырым жоқ көптен жасырар.

Аз екен бақсақ шамалап,  
Электр күш пен қуаты.  
Ошағын салу жаңалап,  
Бүгінгі күннің мұраты.

Металлург достар, сенетін,  
Байытушы мамандар.  
Жезден де басқа беретін,  
Көп металл алар амал бар.

Мыс емес жалғыз мұрасы,  
Толқыту кентас сабасы.  
Жиырмаға жетті түрлі асыл,  
Біз білген металл шамасы.

Күміс, мырыш, қорғасын,  
Қазына мыстан кейінгі.  
Орнатып зауыт болғасын,  
Салармыз соған зейінді.

Байлығы ұшан кен-теңіз,  
Қол жетпей жүрміз арманда.  
Көрсетер бойын бұл кеніш,  
Рений, осмий алғанда. -

Арайлы сөзді ұғындық,  
Жүрекке үміт сепкендей.  
Бізге де бітті мығымдық,  
Жүрекке жалын жеткендей.

Жиырма шақты металдың,  
Үшеуін әрең игеру,  
Байлықты шашып беталды  
Ұят-ау кемшін күн көру.


Осылай сілтеп іріден,  
Көп айтты бағыт, белесті.  
Әр маман өзінің тілімен,  
Дәлме-дәл жатық кеңесті.


Серпіліп қалдық қаншама,  
Атадан бата алғандай.  
Жеткенше қызар бар шама,  
Тұлпарға қамшы салғандай.

Осыдан кейін тағы да,  
Ағамыз кетті ағындап.  
Келісті, кемел бабында,  
Мәнерлеп, зілдеп, шағындап.

Тербелді сарай кең залы,  
Салғандай бізге заман жүк.  
Қозғалды бүкіл ел қамы,  
Бастықтар ғибрат аларлық.

Сөз болды күткен ертеңгі,  
Аурухана, мектеппен.  
Басқандай көк шөп өртенді,  
Көп екен дерек зерттеткен.





Салыстырды шет елмен,  
Қазақтың барша тұрмысын.  
Ақ қанат байлық әкелер.  
Көргендей болдық жыл құсын.

Талғажау етіп құр шайды, -  
Деді ол - көптеу “жұтыппыз”.  
Сүт, жұмыртқа, ет, майды,  
Екі есе аздау тұтыппыз.

Азықтың әлі тапшысы,  
Көрсетті қамқор келтесін... -  
Обкомның сонда хатшысы,  
Қасыды жұмыр желкесін.

Қарады көзі тескендей,  
Совнархоздағы “жуанға”.  
Мәртебеміз өскендей,  
Дүр сілкіндік бұған да.

Содан соң кетті зор ғалым,  
Кеншінің барлап тағдырын.  
Сөзінде зерек мол дарын,  
Ашқандай ақыл сандығын.

Деді ол: - кенші қолында,  
Бұрғыны ертең тастаймыз.  
Жаңаша жабдық жолында,  
Зор өзгеріс бастаймыз. -

Мәнерлеп берді суреттеп,  
Болашақ забой өмірін.  
Біз отырдық құрметтеп,  
Асыл сөз, мырза көңілін.

Техника сырын мол ашты,  
Забойда заулап жүретін.  
Кеншіге жаңа жол ашты,  
Кітаптан ғана білетін.

Осының көбін біз көрдік,  
Аңыз демес бос қиял.  
Жетекке жегіп үлгердік,  
Көп құралды көз тұнар.

Айтқанын бүгін жұрт көрді,  
Іске асты әрбір түйіні.  
Жезқазған үшін құт берді,  
Ғалымдар осы жиыны.

## БАРЛАУШЫЛАР АЙТЫСЫ


Келесі күні басталды,  
Сан сала жеке талқысы.  
Үлкендер бастап жастарды,  
Әр топқа кетті бар кісі.


Электрик, сушы бір бөлек,  
Кеншілер дербес орында.  
Геолог достар жүр ерек,  
Президенттің соңында.

Металлургтер өсем тобы да,  
Бөлінді жеке химиктер.  
Байытушылардың жолына,  
Туды күн сыйлы гүл бітер.

Механиктер там-тұмы,  
Толқыды шыңы өскендей.  
Экономистер шалқыды,  
Есерке дүние көшкендей.

Кеншілердің жиынын,  
Тыңдадым сөзге жеткенше.  
Аңғардым уақыт қиынын,  
Барлаушыларға кеткенше.





Осындай айтыс басталар,  
Жетесін айтар табыстың  
Көрмесе ақын аш қалар,  
Келбетін дана Қаныштың.

Дүлдүлдің өр бір қимылын,  
Жақыннан көру арманым.  
Төңірім берген сый бүгін,  
Айтайын түгел ар жағын.

Самғауын көрші, сұңқардың,  
Даналық дархан табысқан.  
Шабысын байқа тұлпардың,  
“Шаппай бер” келген жарыстан.

Ынта көп ойлы бітімде,  
Құмардан көңілің шығардай.  
Толқыған орман ішінде,  
Отырды зәулім шынардай.

Бармайды қатаң ызғарға,  
Жасқанып адам тұрардай.  
Арасында көп қарға,  
Отырды алғыр қырандай.

Көз алмай ұзақ қарадым,  
Сыпайы өзін ұстайды.  
Жоталы тауда дара шың.  
Ұлытауға ұқсайды.

Мақтаныш қаулап көңілде,  
Данышпан деуге таяндым.  
Жасыбай жатыр өңінде,  
Келбеті сұлу Баянның.

Заңғайыр құзарт биікпен,  
Таласты сырын ұқпастар.  
У-ланып іші күйіктен,  
Қойнына тыққан зіл тас бар.



Ниеті дұрыс орыстың,  
Ескі Одақ өншен ірісі.  
Жобасын барлап жөн істің,  
Деп түйді: елдің ырысы.

Қойсан да қанша тұмарлап,  
Тумайды-ау ыза, кек тегін.  
Поповтар жоққа шығармақ  
Ғалымның үлкен мектебін.

Қырғыздай бауыр елімде,  
Жүрсе де Попов алыста.  
Тиісті тектен тегінге,  
Шәкірттері Қанышқа.


Бақастың сөзін шын көріп,  
Іштері жасар таршылық;  
Жезқазғанда “күн көріп”,  
Өскендер де баршылық.


Қарсыласқа қамшы боп,  
Көк езу жоққа үміткер.  
Білдірмей ғана жаршы боп,  
Жүр қақсауық жігіттер.

Игерген шала ғылымды,  
Сөз қонбас “бүлік” бастар бар.  
Орташа-маман білімді,  
Айғайға құмар жастар бар.

Уақыт та кең, жер де кең,  
Таласы қызық күн кештік.  
Өрелі тұлға кем де кем,  
Білемін бәрін, бірге өстік.

Жарышшыл жас пен көрі де,  
Жамырап дауға кірісті.  
Бармаса да өріге,  
Жасауға бөгет тырысты.





Жезқазған асыл кендері,  
Қай тасқа қалай шөккені;  
Талқылап қызу терледі,  
Мұқатпақ Қаныш мектебін.

Мен шахтыда бастықтың,  
Ішінде біздің “Гоша” бар.  
Тасқыны ойнап жастықтың,  
Тұщыға ащы қоса алар.

Шахтыда “Гоша” барлаушы,  
Көп ынта салып жетілді.  
Шығатын шапшаң жан дауысы,  
Есенин Сергей секілді.

Бір кезде қызу, бірде мас,  
Жан еді асқақ үміті.  
Өткір көз, бойшаң, бұйра шаш,  
Орыстың сылқым жігіті.

Жасқанды білем данадан,  
Кеңеске Попов келмеді.  
Қаладан емес даладан,  
“Гошалар” сойыл сермеді.

Младенцев “Гошамыз”,  
“Бөпебаев” - дейтінбіз.  
Жігіт қой елге аты аңыз,  
Кете алмас қиып көркін қыз.

Құлшынтқан бойын құр егес,  
“Қой” - десең кетер еліріп;  
Зарлауық аса тың емес,  
Сөйледі “жерді тебініп”.

Поповты жөптеп жүретін,  
Серіктес бірге “қостары”,  
Табылды тағы бір, екі,  
Сыбайлас, ымдас достары.

Дерек те жоқ, қалды уәж,  
Бәрі де босқа лепірді.  
Президентке  
Бүгінгі,  
“Альтернатива” секілді.

Түсініп отыр зал күтіп,  
Тереңге батпас тебенді.  
Қанекем отыр шалқытып,  
Демократия - дегенді.

Өткерген асау ғасырды,  
Түскен ғой ұқсас мың дауға.  
Жалықпай ақыл асырды,  
Шыдады ұзақ тыңдауға.


Рухы мығым екен-ау,  
Отырды мығым данышпан.  
Желіктірмеді жеке дау,  
Көрінген оттай алыстан.

Мінбеге шықты бір кезде,  
Штифанов нар қасқа.  
“Гошаны” алды ол лезде,  
Сылқитып соғар жамбасқа.

Күлімдеп жүзі жарқырап,  
Қырандай шыққан шатқалдан.  
Поповты терең талқылап,  
Тебрентті жұртты Шахмардан.

Шындыққа салған сара жол,  
Сол жолдан ғалым қайтпады.  
Сәтбаевтың деді ол, -  
Түп-тура келді айтқаны. -

Сөйледі Ғариф ағамыз,  
Шахтада ол Бас барлаушы.





Түспейді - деді - бағамыз,  
От салды - деп аңдаушы.

Ұтымды сөзбен жігерлі  
Өшірді аз-мүз еленді.  
Мытып, мытып жіберді,  
Наркелжон жолдас - дегенді.

“Поповшылы дүрмек” - деп жатыр,  
Құлаштап соғып шоқтарын.  
Ойнақы тілмен бал татыр,  
“Гошаның” ұрды достарын.

Көгалды жайпап көктесін,  
Қамысты көрдік ашқанын.  
Шығарды жоққа бөспесін,  
Даурықпа талай “қасқаның”.

Сөз бастап Қаныш байыпты,  
Ағылтты даусыз білгенін.  
Ешкімге тақпай айыпты,  
Бекітті жігін іргенің.

Түзеді үздік шабысын,  
Жүйріктей тойлы алаңда.  
Зерлетті берік бар ісін,  
Отырған самсап адамға.

Әр сөзіне күш кіріп,  
Ақылдың кені байқалды.  
Жібергендей үшкіріп,  
Есесін кеткен қайтарды.

Айыра білмей айқындап,  
“Бай” тастан кені жоқ тасты;  
Токтады - деді - “қарқындап”,  
Дәлсіз Попов шоқ басты.

Сын артты - деп алыстан,  
Ашынып бекер саспаймын.  
Шындыктан жүрдай қалысқан,  
Ғалымды жөнге бастаймын.

Дау, намай соңын төмемдер,  
Жеңіліс бар, жеңбек бар.  
Жезқазған сырын дәлелдер,  
Дәйекті тірі еңбек бар. -

Құлшынтып бастап, бізді өрге,  
Жүрекке шырақ тұтатты.  
Жеткізген даңқын шың-төрге,  
Көрсетті үлкен кітапты.


Ол кітап - Үлкен Жезқазған,  
Белгілі тома өр тасы.  
Жайылды залға жүлде алған,  
Металлогения картасы.


Жағылды өлем таныған,  
Қаныштың шыңда шырағы.  
Осылар бойға дарыған,  
Дананың тозбас құралы.

Ол кітап - барлық үндеске,  
Ақ байрақ - асыл ұраным.  
Беу, достым бізбен тілдес те,  
Ұғып ал кенші құранын.

Сол кітап берді айғақтап,  
Ғылыммен істің бірлігін.  
Қазақтың атын ардақтап,  
Көтерді көкке түндігін.

Жезқазған мен сол карта,  
Қаныштың алтын қазығы.  
Біле де білсек, ол барша  
Адамзаттың азығы.





Сәтбаев көпке білдірді,  
Алғысын, айтар тілегін.  
Әзілмен кейде күлдірді,  
Серпілтіп адам жүрегін.

Аңыздай асыл ойлатты,  
Әр сөзден жайнап із қалған.  
Суреттеп көзге орнатты,  
Сымбатын Үлкен Жезқазған.

Болашақ жолын талдады,  
Тәсіл көп бәрін нәштеуде.  
Шын алғыс бізден арнады,  
Алматы мен Мәскеуге.

Мұқиттай шалқар мол зерде,  
Күн туды еркін құлшынар.  
Бәрімізді сол жерде,  
Тілегі етті тым құмар.

Ол да бір үлкен құрметі,  
Жанары залды шарлады.  
Дананың дара міндеті,  
Қорытынды сөзді жалғады.

Барлаушы - кеннің анасы,  
Барлаушы - кеннің атасы.  
Бізге аян кенші бағасы,  
Аз емес “әттең” қатасы.

Барлаушы - деген кеншінің,  
Қолында компас - білгірі.  
Кеншіге қажет тек шыным,  
Болмастай қазба ділгірі.

“Ірілік” құрмас атағым,  
Шындықты керек ескеру.  
Тимейді менің “шатағым”,  
Мақсатым “барды” тексеру.

Балталай берсен таусылар,  
Қиырсыз қалың орман да.  
Ысырапқа қандай жан шыдар,  
Болмасақ қожа, қорған да. -

Шындықтың бетін ашқандай,  
Күшейтті сөздің татымын.  
Пернені дәлдеп басқандай,  
Биікке кетті ақырын.

Ұмтылған бұлттай жасынға,  
Найзағай отын лақтырып;  
Желпінді сонда басында,  
Шәші де қалған ақ кіріп.


Ашылды жазық қабағы,  
Әжімдер өшті біріндеп.  
Есі бар кенші санады,  
Жебеушім, осы пірім - деп.


Үлкені сырдың білінбек,  
Жетердей үні ұзаққа.  
Данагөй ұқтық сырын көп,  
Әр сөзі қонды құлаққа.

Москва содыр жоспарлап,  
Байлықты бейқам түгеспек.  
Талаппен таза жол барлап,  
Күш керек мығым күреспек.

“План-ай” әнін құрамай,  
Бағытты жедел жөңдейік.  
Жел жоқта үнсіз құламай,  
Шындыққа құлаш сермейік.

Бай кенді жылдам қылғытып,  
Жайпағыш жоспар далбаса.  
Тілек сол: жерде қыл түтік,  
Түйір кен қақас қалмаса.





“Бай” кен де, “кедей” жәй кен де,  
Туған ел құты барлығы.  
Көз салмасақ “аз”, “кем” - ге,  
Ол - өрістің тарлығы.

Кім түзер зымран желісті,  
Кең зерлеп, қолға алмасақ.  
Не бітер байтақ кенішті,  
Жалындай жұтып, жалмасақ.

Алтын, жез - елдің мұрасы,  
Сыйлағыш ата салты бар.  
Жасатпас бекер шығысы,  
Көз тіккен қазақ халқы бар.

Ақиқат көкірек жарады,  
Сұрауы бар тастың да.  
Қисынсыз қалып барады,  
Талай кен жердің астында.

Бір жоғалтсақ ол кенге,  
Жақындау қайта - қиямет.  
Не дейміз жас өркенге,  
Қинайды сол бір қиял-өрт.

Дегенде күйік басқандай,  
Тыңдадым ауыр суретті.  
Өзімді өзім басқармай,  
Сескенген денем дір етті.

Шұқшиып сонда үнілді,  
Банников ойнап сақ түсі.  
Ішінен үнсіз түнілді,  
Обкомның “тентек” хатшысы.

Сіз не дейсіз дегендей,  
Байғалиевке қарады.  
Рахым-аға тежелмей,  
Бәрін де дұрыс санады.

Партиямызға ол кезде,  
Пенде едік берік бағынған.  
Күмілжімей жөн сөзге,  
Көшетін жанды сағынған.

Қазсовнархозда төраға,  
Ол кезде Рахым ағамыз.  
Көп жылдар өтті-ау арада,  
Айтарлық сыр көп бөрі аңыз.

Ұнады бүкіл қауымға,  
Қолдаған жері Қанышты.  
Ескермей хатшы дауын да,  
Қорғады біздің намысты.


Саңқ етіп хатшы жалтыр бас,  
“Байқайық - деді - Жоспар бар.  
Бола алмас оған әркім қас,  
Бұзар - деп жоспар тоспандар“.

Қанекен сонда тіл қатты:  
- Жоспарда да жоспар бар,  
Шалағай ұғар бұл затты,  
Мәскеулік пысық “достар“ бар.

Таң атпай жатып күн батар,  
Секілді олар зорлайды.  
Госпланды тыңдатар,  
Партия шындық қорғайды.

Металға жоспар берілсін,  
Көлемі кеннің біздің іс.  
Қос көлік қатар жегілсін,  
Дос санаймыз сізді біз. -

Дегенде күлді Банников,  
Айнала қарап қаркылдап.  
Бірге күлді әл бітіп,  
Отырған үнсіз зал тыңдап.



“Пай-пай!” - дедім ішімнен,  
Қанекен ақыл асырды.  
Ғалымның күшін түсінген,  
Шәлкестеу хатшы бас ұрды.

Құрылтай бітті талқысы,  
Сәтті күн қалды есімде.  
Дән разы болдық бар кісі,  
Алынған ақтық шешімге.

Естелік тозбай қалатын,  
Сол Кеңестің қаулысы.  
Ақыл сол жауап табатын,  
Қиырсыз істің даулысы.

Жезқазған өсер түрленіп,  
Бағыт бар әрбір сөзінде.  
Жарғыдай қолда күнделік,  
Көріп ем көп жыл өзім де.

Сол қаулы болды бас құрал,  
Жорыққа кеткен басталып.  
Аяқты андап бастырар,  
Қаланы жүрген басқарып.

Қайталап оқы, жас достар,  
Шындықпен келсе табысқың.  
“Көшпелі Кеңес” жол бастар,  
Қалды ізі өшпей Қаныштың.

Шығысқа да осындай,  
Барғанын білем Батысқа.  
Айқаста жүрді шошынбай,  
Түссе де қанша тартысқа.

Бетпе-бет ұқты кездесіп,  
Өз аға көптің тілегін.  
Алсын - деп байтақ ел несіп,  
Үзімдеп берді жүрегін.

Сол үзімдер көрінер,  
Кентастай жайнап тауларда.  
Сол үзімнен жеңілер,  
Желігі жөнсіз жаулар да.

Жұрт қол соқты лепірттіп,  
Шатырды нөсер соққандай.  
Айтқанын әрман жетілттіп,  
Сөйледі Қаныш тоқтамай.

Жезқазған кенін қазайық,  
“Кедейін”, “байдан” бөлместен.  
Осындай шешім алайық,  
Зиялы қауым сөз кескен.


Жердің де бабын табындар,  
Кен шашып, кім байыған.  
Барлаушы, кенші, ғалымдар,  
Осыған жөн сайыған! -


Содан соң айтты мың алғыс,  
Алқа топ, мейман - баршаға.  
Тыңдаған құлақ-құн алғыш,  
Қызыққа баттық қаншама.

Істелген іске бір шама,  
Есеп пен жауап берілді.  
Жеңіске ортақ әр сала,  
Ақылға азық терілді.

Әй, не керек, қарқындап,  
Ғалымдар шындап серпілді.  
Жезқазған жолын айқындап,  
Жүйеге ортақ келтірді.

Жүз жерден келген мың адам,  
Қалғаны үнсіз кем де кем.  
Ақылға зерек тың алаң,  
Нәрлі сөз бәрің зерлесен.





Бұл Кеңес - зор жаңалық,  
Бүгінгі байқа, ғалымдар.  
Қалада қалмай қадалып,  
Данадан ғибрат алыңдар.

Шоқаннан шықса жол басы,  
Данадан дәріс мол татты.  
Қанекең  
Ғылым ордасы -  
Академия орнатты.

Мақсатын түпкі анықтай,  
Көп шәкірт ертті моңына.  
Бастады елді жалықпай,  
Өндіріс - өркен жолына.



Ғалымдар оған - армия,  
Энциклопедия - өзі де.  
Тетігін тапты әр қия,  
Жатталып қалды сөзі де.

Аз күнде қанша іс бітті,  
Білгірлер бекем біріксе.  
Біздерге үлкен күш бітті,  
Құлшынып кірер тың іске.

“Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болды кез”.  
Дананы сонда көрді көз,  
Айтқаны қымбат - алтын, жез.

“Жас баладай қуандық”,  
Ақылдың дәмін татқанда.  
Шешімін алдық тұмар ғып,  
Азабы көп әр таңға.

Қанекең сырын айтуға,  
Ақын боп біз де жарасак:

Ол - мінезге бай тұлға,  
Нар бойы толған парасат.

Құрылтай бітгі жұмысы,  
Тыныстан үш күн көз жазған.  
Молаяр қазақ ырысы,  
Ұраны - Үлкен Жезқазған.

Ең соңында директор,  
Гурба айтты алғыс татымды.  
Ықлас пен қимас ерек бір,  
Дастархан - дәмге шақырды.

### ЖЕЗДІДЕГІ КЕЗДЕСУ

Құрылтай күндер бір кеші,  
Жездіде өтті бір ауық.  
Жез балқытқан нұр көші,  
Марганец жаққа тұр ауып.


Кішкентай қала Жездіге,  
Ғасырдың ұлы тұлғасы.  
Келгенін дала сезді ме,  
Теңселіп кетті шың басы.

Досынды сыйлау - асыл заң,  
Кен берген қосар болатқа.  
Тоқтыбаев Әбдірахман,  
Етті ізет үлкен қонаққа.

Кезінде қызу соғыстың,  
Құрышқа қуат берген жер.  
Көне көз достар тоғысты,  
Жанталас күнді көргендер.

Сәлем алды көктемде,  
Үлкен Жезді өткелі.





Шен емес таққан шекпенге,  
Қаныштың Жезді - өз төлі.

Өзі ашып, өзі орнатқан,  
Әйгілі кеніш, бұл кеніш.  
Түбіне жетіп сорлатқан,  
Атағын білді сұм неміс.

Никопольде марганец,  
Түскенде жаудың қолына.  
Бой көрсетіп бел-белес,  
Туған жер жеңіс қорына.

Шағын ғана кеніштің,  
Қосылған күші тосынға;  
Желбауы болған Жеңістің,  
Қасиетті кен бар осында.

Күреске үлес көп болса,  
Даңғаза емес даңқымыз.  
Жезқазған мысы - оқ болса,  
Жездінің кені - танкіміз.

Жезді де - кеніш біртума,  
Білген жөн бүге, шігесін.  
Фашизмді құртуға,  
Қаныштың қосқан үлесі.

Аласапыран, ақ құйын,  
Ел білді қызу қарқынды.  
Қанекен бастап мықты ұйым,  
Құрылысшы, кенші сап құрды.

Барлаушы, ғалым, кенші де,  
Құрылысшы болды Сәтбаев.  
Қауырт іс тиіп еншіге,  
Басқарып жүрді-ау қасқайып.



Тез ашты шалғай жер кенін,  
Үміт пен сенім бірікті.  
Сол күштің қалай келгенін,  
“Мұртты көсем” біліпті.

Фашисті қалай жеңер ең?!  
Құрышсыз құрдым айлаң да.  
Сәтбаевты теңер ем,  
Жуковпен жүрген майданда.

Қазақтың айтам өкпемді,  
Парызын Қаныш ақтады.  
Сұрапыл күндер өткерді,  
Маршалдай алғы саптағы.


Мінеки, сол кез датталды,  
Әйгілі кенші үйінде.  
Ғұлама көріп шаттанды,  
Директор - достың күйін де.


Жездінің кенін барласқан,  
Богданчиков осында.  
Жігіт екен алдаспан,  
Қаруы болған қасында.

Қарлықтан келген отырды,  
Асаттың ұлы Қасым да.  
Көрсеткен өнер не түрлі,  
Ұлытау жақта жасында.

Келтірсе кезбе қалыпқа,  
Ертеде қазақ данасы;  
Отырды кенші Садық та,  
Қасымның үлкен баласы.

Сөз қылды Қасым кезекпен,  
Қызықты Қаныш аңдытқан.





Түйір тас шыққан тезекті,  
Жартасқа қыран санғытқан.

Кен барлау - қызық жетегі,  
Қайтсын ол құнсыз арзанда.  
Тауыпты сонда екеуі,  
Ақиық жұтқан маржанды.

Штифанов жалтыр бас,  
Біледі көптен дос бабын.  
Барлаушы қызбен балғын жас,  
Жыр етті Қаныш қосқанын.

Сөзі нық Василий-ағаның,  
Жүйріктей өрде екпінді.  
Дананың әрбір қадамын,  
Мен жақсы білем - деп тынды.



234

Студент күннен бата алды,  
Бақыты сол ғой жолдың да.  
Еңбек Ері ол атанды,  
Қаныштың құтты орнында.

Күлімдеп, әсем жымыып,  
Төлкенов сөзге кірісті,  
Аллаяр-аға тұңғыық,  
Әріден алды тынысты.

Ақиқатқа сақ кісі,  
Данамен дара зерлесті.  
Еске алды райком хатшысы,  
Шөріпұлы Зейнешті.

Қанекен де тебіренді,  
Толқыды көзі тоғандай.  
Жас досы сезім меңгерді,  
Соғыстан кеткен оралмай.

Сағынды-ау саңлақ қыранды,  
Көре алмай кеткен ел-жұртты.  
Бір жылы кеңес құралды,  
Ақ орамал көз сүртті.

Содан соң қызық басталды,  
Түсіпбек кірді Кеңеске.  
Қарқынды кәрі, жастарды,  
Әкетті басқа белеске.

Жайдары мінез бай көңіл,  
Түсіпбектің тас тілі.  
Ол бұрынғы Байқоңыр,  
Көмірлі өңір бастығы.


- “Тиегіден құр қалар,  
ақылсыз жігіт” - деген бар.  
Қанеке сізге бір сауал,  
Естелік болар менен де ал.


Беу, жігіттер! Токтандар,  
Қояйық ұзақ шабысты.  
Сағындық досты - көш барлар,  
Тыңдайық - деді - Қанышты. -

Қарап тұр саспай қырағы,  
Ойы мен сөзі жарысқан.  
“Асыл неден шығады?” -  
Деп сұрады Қаныштан.

Тілегі түзу, білген сөз,  
Алысқа үнсіз қаратты.  
Құлағын қауым түрген кез,  
Бастады Қаныш жауапты:

- Асыл кен тастан шығады,  
Асыл күш жастан шығады.  
Абайдай асыл данышпан,  
Ақылды бастан шығады.





Асыл құс көлден шығады,  
Асыл ой зерден шығады.  
Асанқайғы айтқандай,  
Асыл сөз шерден шығады.

Ақылы - теңіз дегізген,  
Ел-жұрттың қамын жегізген.  
Асыл мінез қашан да,  
Шығады асыл негізден.

Дидарын көрсе дір еткен,  
Жолына құштар гүл еккен.  
Туады асыл махаббат,  
Айнымас асыл жүректен.

Көрінер жүйрік шабыстан,  
Береке, байлық - табыстан.  
Ерліктің ерен асылы,  
Шығады ішкі намыстан.

Бос желіктен сақтана,  
Асылдық - терең болжауда.  
Асылдық - ұлттық салт, сана,  
Мәні мен сәнін қорғауда.

Арманын асқақ тимаған,  
Айқаста туын жимаған.  
Асылдық - ата аруағын,  
Адамда мәңгі сыйлаған.

Асылдық - тәңірін ұмытпау,  
Шын достың көңілін суытпау.  
Асылдық - тіл мен діліңе,  
Титімдей кіршік жуытпау.

Асылдық - өрде ағытқан,  
Өлгенше қайтпау шабыттан.  
Асылдық талант табысы,  
Әлемге атын танытқан.

Асылдық туар талашпан,  
Ұмтылсаң бақыт таңы атқан.  
Асылдық - бойда дарынды,  
Орынды жерге жаратқан.

Асыл істің бастауы,  
Туады асыл мақсаттан.  
Ұсақ пайда шашпауы,  
Қағылар ұсақ мансаптан.

Асылдар нағыз алдаспан,  
Ел жолын тынбай барласқан.  
Батырда нағыз асылдық,  
Алысқан тыным алмастан.

Асылдық - талмай өрлеген,  
Ғалымда төңірек зерлеген.  
Асылдық есті қазақта,  
Бір елді үшке бөлмеген.


Қарсақбай жиі кел дейді,  
Байқоңыр қолын сермейді.  
Бірге өскен, асыл жастық шақ,  
Түсеке... қайтып келмейді. -

Дегенде қайта жаралып,  
Шапалақ соқтық дуылдап.  
Канекен айтқан кемел сөз,  
Көкейге қонды туындап.

Ғаламатқа табыстым,  
Абаймен қатар жүргендей.  
Кім екенін Қаныштың,  
Болдым ғой жаңа білгендей.

Тыңдаған жұрт болды мәз,  
Сұрақ та қызық, жауап та.  
Басталды қайта өзіл, наз,  
Қол салдық қайта табаққа.





Думанды әрі өрлетті,  
Білмейді Қаныш тежеуді.  
Ескі досы сөйлетті,  
Далабаев Шенеуді.

Содан соң тынды өңгіме,  
Тоқтаған көштей найқалып.  
Келгендей ғана өлгіде,  
Хош айтысып тарқадық.

Жездіге барып қайтқаны,  
Дән разы етті халықты.  
Дананың дәріс айтқаны,  
Есімде мәңгі қалыпты.

## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Ғалымдар, сыйлы білімгер,  
Той-төбе туды ардақты.  
Дастарқан - көктем гүліндей,  
Жезқазған төрін жайнатты.

Жан - жақтан келген меймандар,  
Жайлады кенші кең төрін.  
Жасалды еркін сайрандар,  
Дәм-тұзы, салты өлкенің.

Ұлытау келді тебіреніп,  
Бас тартар сойып марқасын.  
Қарсақбай жетті тербеліп,  
Жайнатып қазы, қартасын.

Шарап пен шырын сан түрлі,  
Жаудырап көзді ойғандай.  
Бас, жамбас, жая тартылды,  
Сыбаға, сыйға тойғандай.



238



Ғалымдар отыр көшелі,  
Көрінген талай сөтті ісі.  
Қаланың келді “көсемі”,  
Алдында обком хатшысы.

Алматыдан зор әкім,  
Байғалиев Рақым бар.  
Бәрі де көңіл толатын,  
Ғалымға жаны жақындар.

Ортада маңғаз Қанекен,  
Бір көру тағат табардай.  
Нар десен, нағыз нар екен,  
Бітімі есте қалардай.


Сократ маңдай даладай,  
Салалы кірпік, қара қас.  
Қойдырмас қайта қарамай,  
Данаға біткен дара бас.

Кейпінде бөгде жоқ кірбең,  
Отырды ернін жиырып.  
Барады бозғылт ақ кірген,  
Толқын шаш ептеп сұйылып.

Ұшқыр сөз жастай баққаным,  
Арманым - дәріс татымдау.  
Бастықтары шахтаның,  
Жайғастық төрге жақындау.

Танытты игі жақсыны,  
Сол думан сырын ұқты ақын.  
Жадында қалар тәтті үні,  
Данаға қонды құс жақын.

Қарысты алыс санадым,  
Таласып титім, сүйемге.  
Келеді жөндеп қарағым,  
Адасып қалмай иенде.





Сөз бастап Гурба алғыстан,  
Жайылды қолда барымыз.  
Қонақтар келген әр тұстан, -  
Деді ол - дәм-тұз алыңыз.

Алғашқы сөзді берейік,  
Имантайұлы Қанышқа.  
Соңынан тағы ерейік,  
Шатты кеш жаңа шабыста. -

Қарсы алды қауым дүркіреп,  
Қол соғып, қарқын шарықтап.  
Сайма-сай түсті бұл тілек,  
Үлкенге ізет танытпақ.

Қанекен айтты: - мырза Күн,  
Сөт берді бізге атқан таң.  
Рахмет, мен дән ырзамын,  
Жезқазған жайса дастарқан.

Арманы ортақ мың жүрек,  
Бір кісідей баршамыз.  
Бір жұтымға мың тілек,  
Сияды қабыл алсаңыз.

Табысты кеңес шешімін  
Ақ қымызбен жуайық.  
Кеншілер қызық кешінің,  
Әдемі салтын құрайық.

Құладың құзда құтты жер,  
Көтерейік бары үшін.  
Жезқазғанға құт-жігер,  
Әкелген достар бөрі үшін!

Құмардан шықты жұрт тыңдап,  
Толағай сөзге тамсанды.  
Қол соғып, хрусталь сыңғырлап,  
Ду қошамет қарсы алды.

Содан кейін сөз тиді,  
Банниковке арнайы.  
Суық жел, әлде “көз тиді”  
Жараспай тұрды-ау жағдайы.

Қасқа бас, көзі-көк тана,  
Болатын қырғын сөзі өртті;  
- Құрылтай үшін - деп қана,  
Қысқаша тосты көтертті.

Сөйтті де сұрап рұхсат,  
Парызы бардай өтелген.  
Соңынан ерген жылыстап,  
Дудар бас кетті “көсеммен”.


Қалалық атком ағамыз,  
Жәңгір де жаны жаралы;  
“Құшаққа симай барамыз”, -  
Деп қана бізге қарады.


Қыжылы бар ғой оның да,  
Қадірлі кісі Жанасов.  
“Сусаниннің соңында”,  
Кеткендей болды адасып.

Жарасқан ерте сырымыз,  
Әкетті-ау ертіп ағамды.  
“Сусағанда су-қымыз”,  
Кештік қой бодан заманды.

Шұбыртып көп сөз қылады,  
Деменіз істі шамалы.  
Партияның қырағы,  
Ол кезде қас пен қабағы.

Дөңкиіп “дөкей” отырған,  
Қанекеннің қасында,  
Кеткенде  
Үнсіз нөпір жан,  
Қарандай қалды асылға.





Сыр білдірмей ғұлама,  
Болған жоқ еш бір құндаған.  
Қасына сонда ұлы-аға,  
Жақындап қалдық бір табан.

Көз көріп оснау шындықты,  
Қайран қалдық, таңдандық.  
Байқағыш жастар сұмдықты,  
Үндемей іштен шамдандық.

Ыңғайсыз мезет меңгеріп,  
Аңырап қалса бәрі де.  
Гурба да аз-маз сенделіп,  
Жылжытты көшті өріге.

Содан соң аса желпінбей,  
Бір-екі ғалым сөз алды.  
Даланың жүрдек өртіңдей,  
Бастапқы қарқын жоғалды.

Хатшының кетіп қалғаны,  
Көрінді тойды бүлдірген.  
Оразбек тілек арнады,  
Ісі жоқ күңкіл-шүңкілмен.

“Петрода” ол бастық,  
Дүйсембаев дүбірлі.  
“Покрода” мен бастық,  
Кешіп ек қызық ғұмырды.

“В ажуре дело” - дер,  
Құлығы ептеп бар еді.  
Шахтыға төккен қара тер,  
Саба қарын сары еді.

Сол кезде біреу санқ етті,  
- Қанекен үшін алайық! -  
Көтер - деп - достар, халайық, -  
Бөпежанов жарқ етті.



Қызықты думан лезде,  
Қарқынын қайта бастады.  
Салғандай үлкен мінезге,  
Қанекен, шіркін, саспады.

Қырандай қырда жосыннан,  
Жанары қалмас тысқары.  
Өлең-жыр жазып отырған,  
Гетеге сонда ұқсады.

Кезі жоқ өңін суытқан,  
Біркелкі отыр жарқыным.  
Әп-сәтте болды ұмытқан,  
Қасқа бастың жарқылын.


Мұхаңа біздер сөз қостық,  
Бергендей жылы жөн, көмек.  
Тесірейген көп бастық,  
Кеткені қалдым жөн бе - деп.


Банниковтың кеткені,  
Тез қалды көпке еленбей.  
Қызықты сөздер көптеді,  
Әр бунағы өлеңдей.

Қанекен әсем жымиып,  
- Домбыра бар ма жігіттер?  
Дем алайық, суыйық,  
Биге де көп қой үміткер.

Дегенде дереу Мұхаң да,  
“Хаке! Тез, давай” - деп қалды.  
Бастық қой салмас бұлтаңға,  
Көршіміз ымдап көз салды.

Атымды менің атап тұр,  
Сөзі өткір, сөзден көзі өткір.  
Мұхит-ағай атақты,  
Рудникте директор.





Домбырама жібердім,  
Кішірек жасы жігітті.  
Артық сәт одан тілер кім,  
Ән күйшіл салтты тірілтті.

Қарады өлгі жігітке,  
Ешпанов пен Омаров.  
Тез орал деген үмітке,  
Болатын қызық оралып.

Қалт еткенді шолатын,  
Қимыл көп аздау тынысы,  
Ол ағайлар болатын,  
Кенші қауым ірісі.

Академик ... домбыра...  
Кім ойлар тарта білерін.  
Сөз еттік ауыз толғыра,  
Ақылын, ынта, жігерін.



244



Би басталды вальстен,  
Үдере шықты жас-кәрі.  
Қосаққа қосар өдіспен,  
Мамырлап саспай бастады.

Канекен күтті өдеппен,  
Рақила сұлу апайды.  
Кім таяр салтты ғадеттен,  
Апай да құшақ тақайды.

Ақ ботадай қос жанар,  
Тудырар сезім не түрлі.  
Төсінде жатты қос анар,  
Тойынған қоян секілді.

Қыр мұрынды қара қас,  
Еріндер нарттай қып-қызыл.  
Қара көз, қалың қара шаш,  
Құлпыртып тұр нұр жүзін.

Рақила апай қымсынып,  
Билеп жүр Қаныш-ағаймен.  
Біз отырдық сүйсініп,  
Тоғжанды көріп Абаймен.

Аида мен Зоямен,  
Заулады биле не түрлі.  
Жүгірді залда Ай, әлем,  
Думанның сәні жетілді.

Қосақталған айдында,  
Қос қайық жеңіл қалқыды.  
Ғажатты көріп алдымда,  
Билемей бойым балқыды.


Құр емес талай өнерден,  
Ғалымға оқшау көз салдық.  
Па, шіркін! - деді көрермен,  
Королі бидің - деп қалдық.


Оралып биден Қанекем,  
Қыздарды кезек мақтады.  
Алғандай бойға дәнекер,  
Әл бітіп, жігер баптады.

“Би деген - қызық құбылыс,  
“Алты бақан“ тепкендей.  
Қол тисе етем жүгініс,  
Рахатқа жаным жеткендей.

Көремін - деді үлкен сый,  
Сеземін дүние кеңдігін;  
Тұрғандай ұстап ән мен күй  
Кең жалған тепе-теңдігін.

Домбыра жетті күмбірлеп,  
Сұлу саз тәтті басталды.  
Қанекең шертіп бір-бірлеп,  
Төгілтті әуен астарлы.





Сүйсіндім жатық қолына,  
Су жорға әсем басқандай.  
Ғалымдар үлкен жолына,  
Күй шашу арнап шашқандай.

Қым-қуыт асау тірліктен,  
Көшкендей тойлы өмірге.  
Ай күлімдеп, түндіктен,  
Ақ боз үй келді көңілге.

Басталып кетті асыл ән,  
Тебіреніп жаның нұр алған.  
Жезқазған жезді тасынан,  
Жанғандай сазды шырағдан.

Жусаған сайда еліктей,  
Аңсаған нәзік гүл құшып.  
Беріле тыңдап жеріктей,  
Отырдық ғажап үн құшып.

246

“Бүркітбай әкем аты, ағам Омар,  
Ауылым айдын шалқар көлге қонар“.

Деп толқып қоңыр қаз дауыс,  
Шарықтап өуен түрленді.  
Саусақтар сырғып, дәл қағыс,  
Кең жалған кербез үнденді.

Ләм-мим демей жамиғат,  
Қанышқа тақау төніпті.  
Байсалды, бапты, бай ырғақ,  
Сұлулық сырын төгілтті.

“Сұрасаң біздің Ақбет қасын кergen,  
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген“.

Көрінді көңіл төтесі,  
Елестеп көзге ақ бет қыз.

Төгілді әннің көкесі,  
Теңселгендей “Ақбет” құз.

Шындық па, асыл арман ба?!  
“Тілінді жүрек қақ шеті:  
Әркімнің бар ғой жалғанда,  
Өзінің асыл “Ақбеті”.

Көшкенде соңғы “гөй-гөй” - ге,  
Тамсандық бойға жан кіріп.  
Даусы ма?  
Қос ішек сөйлей ме?  
Тыңдадық үнсіз мәңгіріп.

Елікпей қалмас еш пенде,  
Нақышқа сансыз мәнерлі.  
Әншілік қуып кеткенде,  
Тамсантар еді-ау өлемді.


Шалыпині қазақтың,  
Осы екен өнер танысам.  
Көңілдің тотын тазартты,  
Таңданып ескі таныс өн.

Тебіренді, қауым қарсы алды,  
Қаздардай қалқып өтті үндер.  
“Бүркітбайдан” басқа өнді,  
Айта алмай жүрдім көп күндер.

Бәйбішелерді үйдегі,  
“Бүркітбай” болып шалқытып;  
Басардай бүлкіл бүйрегі,  
Қаныштай жүрдік балқытып.

Жөлел мен Садық, Балғабай,  
Әсерлі өнге жетікпіз.  
Өзгені әнтек аңдамай,  
“Бүркітбай” болып кетіппіз.





“Жүз теңгелік айнасын”,  
Мың теңгелік - деп айттық.  
Мұстапаның айласын,  
Қанекенше молайттық.

Күн шегіл әншіл тамаша,  
Көкірек қалды жаңарып.  
“Бүркітбай” болды жаңаша,  
Ағадан алған төбөрік.

Домбырам - үйде мол мұра,  
Сыйлығы қайран анамның.  
Қанекен тартқан домбыра,  
Серігі болды санамның.

Ой-хой! - дейміз досым-ай,  
Қызығын көріп жалғанның.  
Кетпейді естен осылай,  
Қанекен әнге салған күн.

Кеш бітті. Біз де тарқадық,  
Өтті ғой үш күн мезеттей.  
Дананы білсін бар халық,  
Шыдамай кеттім сөз етпей.

Жақыннан көрсем дананы,  
Кемеңгер кейпі таңдантты.  
Өзендей сансыз салалы,  
Жан екен нағыз жан-жақты.

### СОҢҒЫ СӨЗ ҮШІН

Кей бір күн есте қалады,  
Теңесіп өткен жылыңа.  
Дананың сәтті қадамы,  
Өзгенің татыр маңына.

Бір сапар ғана айтқаным,  
Ақиқат анық көргенім.  
Сүйсініп көзбен баққаным,  
Жалғады өлең өрнегін.

Кеншілік пен әкімдік,  
Ұзартса ақын жылдарын.  
Жүз кітапқа татырлық,  
Киелі кеңес тыңдадым.


Көрсетсе кейбір пасық бой,  
Өресі аз, құлқы тар екен.  
Асылдың ісі асыл ғой,  
Дес бермеді Қанекем.


Бас исе жолда мың белес,  
Ақиқат тозбас құраны.  
Әкімдік емес, күш емес,  
Ақыл, ой берік - құралы.  
Жүрген соң соңғы бір сапта,  
Жүрекке нәрін ілеміз.  
Кетейін айтып ұрпаққа,  
Біздер де қанша жүреміз...

Қисапсыз қосқан үлесі,  
Кен атасы Қанышым.  
Қолдаса асыл киесі,  
Түзелер достым, шабысың.

Сақтаға биік мұратын,  
Өмірдің сол ғой ғашығы.  
Мың жылда бір туатын,  
Адамның зерлі асылы.

Өзі де кенші болған соң,  
Отыр ғой деме тым мақтап.  
Көкірекке нұры толған соң,  
Жыр қоймас өтпей сымбаттап.





Танырқап толқып көңілім,  
Ұққаным аз ба тектіден.  
Қаныштың ғибрат өмірін,  
Танымсыз өрлеу деп білем.

Ұлытау барсам алдымнан,  
Күлімдеп қарсы шығады.  
Бейнесін көріп әр шыннан,  
Арманын жаным ұғады.

Биікке бірге қарашы,  
Елестер қыран әрдайым.  
Сарыарқа таулы даласы,  
Көрсетер маңғаз маңдайын.

Қанекем - десем сырымды  
Түсінер айдың орағы,  
От-жасын көкте ұғынды,  
Найзағай алтын жолағы.  
Ғашықтар кезіп маңайды,  
Махаббат тапса шешімін.  
Ғарыштан жұлдыз қарайды,  
“Сәтбаев” атты есімі.

Естірмін мақтау өлде сын,  
Толғантар мені бәрі де.  
Сол жұлдыз сәнбес бейнесін,  
Жайната берем өлі де.

Жер емшегін жолдады,  
Тасытар ерен табысты.  
Жезқазғанды көр - дағы,  
Есіңе ал, достым, Қанышты.

Толтырар кенім қолдағы,  
Менделеев кестесін.  
Мұнайды “құдай” көр - дағы,  
Есіңнен Қаныш кетпесін.



Кені мол талай нар отау,  
Айтуға атын құмар-ақ.  
Сарыбай, Алтай, Қаратау,  
Теміртау, Қарашығанақ.

Жер сырын ашып түсті алға,  
Болжағыш карта - ірі ісі.  
Таусылмас Қазақстанға,  
Сәтбаев қосқан ырысы.

Қинамас сәтті сөз кесу,  
Шабыт-құс қонса бағыма.  
Әрдайым аңсап кездесу,  
Бұйырсын достым, тағы да.

Толассыз көңіл толғағы,  
Жол салды бастау негізге.  
Қоса алсам үлес болғаны,  
Тамшыдай тамған теңізге.

1998.

Алматы.



251



## “ЖЕР СЕРІГІ”

“Қаныш-жұлдыз” қарсы алды  
/Токтар Әубәкіровке арнадым/

“Жер серігі” - деген зор ғаламатты,  
Көріп, тындап,  
таңырқап дала жатты.  
“Пик - пик” - деген нәресте, нәрлі дыбыс,  
Қызыл тана жарқырап бара жатты.

“Пик - пик” - деген әдемі ән тамады,  
Сансыз жұлдыз самсаған тамсанады.  
Жер-Ананы шалғайда айналып жүр,  
Осы еді ғой адамзат аңсағаны.

Әлем естіп  
Сол дыбыс өктемдеді,

Токтар Әубәкіров



Жұлдыз көшiн көркейттi көктем лебi,  
Қызыл нүкте, қызық үн  
қызықтырды,  
Көңiл өстi, ақыл, ой өркендедi.

Елендеттi жаңартып бар ғұрпымды,  
бара жатты оятып ару-түндi.  
Бара жатты...  
Жыр жазып, ән оралған,  
Бастайтындай бiр жаңа тарихымды.

Тiрi пенде сәт туды үнiлетiн,  
Шаттық құрып, шатырға ту iлетiн.  
Бара жатты...  
Ғаламға паш еткендей,  
Адамзаттың айқындап құдiретiн.

Жер жебесе қанатын ашқан елдi,  
Дәуiрдi өлшер табылмас басқа белгi.  
“Жер серiгi” - деген сөз естiлгенде,  
Бiздiң Тоқтар дәл он бiр жасқа келдi.

Етпейдi онда жанталас ештемеге,  
Қолмен ұстап көрмесе  
Көз сене ме.  
Көршi қыздың жарқ етсе от-жанары,  
Басқа қызық боларын ескере ме.

Бал құрайға қараса бұрып көзiн,  
Тiрi жанға сездiрмес  
қылып төзiм.  
Сол кездерде оянды-ау жүрегiнде,  
“Пик... пик” - деген сиқырлы уыз сезiм.

Межелесек өткерген ғұмыр нәрiн,  
Ұмытпаппыз алғашқы сыбырларын.  
“Жер серiгi” секiлдi  
айналдырды-ау,  
Ес кетiрiп кей ғажап құрбыларым.

Бір түскен соң  
қояр ма шок дарымай,  
Қыз құрғыр да кетпейтін көп танымай,  
Қайдағыны есіме түсірдің-ау...  
Доп қағымпаз қақпаға Тоқатрым-ай.

Ерке мінез, елгезек аңғал жаны,  
Құбылысқа қызық қой  
таң қалғаны.  
Ересектеу балалар “жер серігін”,  
Талдап жатты, сол еді аңғарғаны.


Көп тындамай ескірген ертегіңді,  
Кейінгілер ғажапты ерте білді.  
Біздей емес  
тандантқан велосипед,  
“Жер серігі” ойлантты ерке күнді.

## АДАМ ҰШТЫ ҒАРЫШҚА

“Жер серігі” үмітшең үлгісімен,  
Ұшты кеме  
ғарышқа бір кісімен.  
“Пик-пик” - деген  
алғашқы жер өуені,  
Ашықтанды Гагарин күлкісімен.

Ерекшелеу көрінер мың кісіден,  
Адам жаны түрленер түр, түсінен;  
Гагариннің күлкісі  
аумай туған  
Қаныш-аға мейірбан күлкісінен.


Қандай қызық адамзат шаттанғаны,  
Шебін тапты Жер-Ана сәтті арманы.  
Жеңіс күнгі  
алақай секілденіп,



253



Уағдалас Сағат



Ураладык, қуаныш шақталмады.  
Елмен бірге Тоқтар да күйіп-жанды,  
Арманның да абзалы тұйықтанды.  
Шіркін, сондай болсам - деп,  
есі кетіп,  
Бір сұлудың бетінен сүйіп те алды.

Құлшынтқанда адамзат кемеңді өрге,  
Дүр сілкінді  
тереңдер, ерендер де.  
Сұңқарланды Олжастар  
жыр-парнаста,  
Ағыл-тегіл төгілді өлендер де.

Шөге қағып жаттыққан  
сан күдікке,  
Жоқтаушы боп жолыққан сан “бүлікке”,  
Гагаринмен ғарышта жарысқандай,  
Жап-жас Олжас қол созды мәңгілікке.

Сүйсіндіріп ел білер дүйім жұртты,  
Ай, әлемге  
Жеткізді жырын құтты.  
Ескі Одақтың оқ тимес ақындары,  
Дым деместей,  
Дара озып,  
Дымын құртты.

Солай салды ортаға адам барын,  
Талай тарлан түзеді қадамдарын.  
Галлактика ұғынды тұңғыш рет,  
Жер бетінде жасампаз адам барын.

Содан кейін жарысып жыл құсымен,  
Ғарышкерлер көбейді үрдісі кең.  
Қай қиядан ұшса да  
Көрінді олар,  
Жаралғандай Гагарин күлкісінен.

Күлкіге де, үнге де тамсанып ем,  
Көппен бірге қуанып,  
Жар салып ем.  
Жезқазғанда өскенім қандай жақсы,  
Ғарышкердің талайын қарсы алып ем.


Бойын жазды жаңаша ғасыр, ғалам,  
Гүл қалмады реңі ашылмаған.  
Жас ұрпаққа  
Жаңаша арман туды,  
Мен ғарышкер болам - деп жасырмаған.


Көрдім талай қыранды ұшқан Күнге,  
Іле тартар қомдандық құстай бірге.  
Жылдар өтті...  
Кездестім Тоқтарменен,  
Бір самғауға ерекше құштар күнде.

Москвада наурыз салтанатын,  
Дәстүр туды қазақтар қарсы алатын.  
Есте қалды сол бір сөт  
Мәриямгүл  
Бибігүлмен қатарлас ән салатын.

Самғап кетті сахнада қырдың үні,  
Есі кетпей  
Сау қалды мыңның бірі.  
Анасынан перзенті аумайды екен,  
Туды алдымда тамаша гүлдің гүлі.

Әу-дем сәтте құттықтап жыр гүлімен,  
Дүйім жұртты әзілмен күлдіріп ем.  
Сауық кештім...  
Қазақтың сұңқарымен,  
Жұмақ кештім замана бұлбұлымен.





## ҚАЗАҚ ҰШТЫ ҒАРЫШҚА

Өтті күндер...  
Құбылыс құнды ізі көп,  
Шын тіледік қазақтың ұл, қызы боп.  
Сол тілекпен,  
Ғарышқа Тоқтар ұшты!  
Адамзаттың үр жаңа жұлдызы боп.

Тоқтар ұшты...  
арманын анық тапты,  
Қазақ атын әлемге шарықтатты.  
О, зымыран уақыт-ай,  
тез заулайсың,  
Ол күндерге талай жыл болып қапты.  
“Жер серігі” нәр алған дыбысынан,  
Қанаттанды  
шығыстан шын мұсылман.  
- Қазақ неге ұшпайды? - деп қағытқан,  
Күндер өтті Әзілден шын қысылған.

Қытығына тимеді қай көңілдің,  
Дей көрмендер сәуегей жөй төгілдің.  
Тоқтар ұшқан мезетте  
Қайтарылды,  
Жанға батқан есесі Байқоңырдың.

Ғарышкермін - деп мен де күш аламын,  
Құлагермін, құс болып ұша аламын.  
Мақтаныш сол - ұшырды жұлдыздарға,  
Жұлдыз қосып,  
Өз ұлын өз Алаңым.

Толқып кетті туған жер Қарқаралы,  
Жұпар шашты ерекше таң самалы.  
Осы еді ғой  
Мұң жұтқан Мәди-аға,



Қайсар ақын Қасымның аңсағаны.  
Талай заман бұлқынтқан таза күшті,  
Айғақ етті  
Басылды азап ішкі.  
Көтерілді маң дала мәртебесі,  
Қазақ ұшты ғарышқа, қазақ ұшты!

Дыбыстар мен аспанда  
оттарменен,  
Құбылысқа жыр қосып тоқтай берем.  
Ғарышкерлік заманын бірге кешіп,  
Жүргендеймін бұл күнде Тоқтарменен.

Дыбысынан баяғы “Жер серігі”,  
Ғарышкердің әлемге келсе мыңы.  
Мен Тоқтарды  
Жырлауға жалықпаймын,  
Ол - біз үшін ақталған ел сенімі.

Ұшырса - деп қазағым өз түлегін,  
Ұлытауға табынып көп тіледім.  
Мен Тоқтарды Қобыланды, Алпамыстың,  
Ең тамаша жалғасы - деп білемін.

Тоқтар ұшса қуанды ауыл қандай!  
Тына қалды Сарыарқа дауылданбай.  
Мен Тоқтарды көремін ер Төлеген,  
Батыр Мәлік, дауылпаз Бауыржандай.

Дала кенде болған жоқ батыл жаннан,  
Байқоңырда ақталды хақым қалған.  
Күлкісі де аумайды, мінезі де,  
Рейхстагқа ту тіккен Рахымжаннан.

Өрге тепсем бұлт тескен тасыма да,  
Сүйінішім, шаттығым басыла ма.  
Өз қолымен көремін ұшырғандай,  
Ер Сағадат, партизан Қасым-аға.



Қарқын алып аспанда дара құстан,  
Сен ұшуға сай тудың жаралыстан.  
Бар жүрегі лүпілдеп, сәт тіледі,  
Тоқтар саған туған ел -Қазақстан.

Өмір - деген жалықпас - жарыс алаң,  
Даналардың дарыды қаны саған.  
Сен ұшқанда  
Ұйқыдан оянғандай,  
Аунап түсті-ау пейіште Қаныш-ағам.

Аңыз болдың жетерлік мың ғасырға,  
Ерлігіңе құлшынды құрдасың да.  
Бір ақсақал: “О, Алла, тәуба” - деді,  
Тақым қысып отырған қыр басында.  
Шашу қайда  
Сол сәтте шашылмаған,  
Қыз қалпында құлпырған ашылды алаң.  
Тәттімбеттің тербеліп “Саржайлауы”,  
Қайта құшты туған ел, жасыл далаң.

## ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЛДЫЗ ҚАРСЫ АЛДЫ

Жылдар өтті.  
Тоқтармен кездесіп ем,  
Мол кеңестік  
болған соң кең несібем.  
Бүкіл қазақ отырдым жерлесімен.

Ғарыш-ғалам отырдым сұлтанымен,  
Жүздескендей сезіндім нұр-таңымен.  
Егемен ел сырластым саңлағымен,  
Қаз дауысты Қазыбек ұрпағымен.  
Сайрап жатты сан сұрақ ойымдағы,  
Кезектесті, кездестік  
Мұхтар-аға,

Мәртебелі жүз жылдық тойындағы.  
Болды ма екен толқыған жырым кіндік,  
Ғарышкерлік қиялдың сырын білдік.  
Дайындалып жүр екен  
“Жер серігі”,  
Салтанатты тойына қырық жылдық.

Біледі екен өрдегі, төрдегімді,  
Айтады екен “Жезкиік” - өрдегі үнді.  
Ұмытпапты  
Үміткер күндерінде,  
Сол алғашқы наурызда көргенімді.


Ұнамадым, сөз емес ұнадым мен,  
Көңіл аштым кең жүрек шырағымен.  
Көкейімнен кетпейтін талай жылдар,  
Қинап қалдым  
тым суыт сұрағыммен.

- Қаныш-аға жұлдызын білесің бе?  
Ұшып жүр ғой планета бұл есімде.  
Ол - ғажайып ерекше дара жұлдыз,  
Ғарыш төрі қазақтың үлесінде.

Қаныш-аға  
Ол - біздің жұлдыз - дарын,  
Оған мәңгі табынар шың, құздарым.  
Ел біледі белгі еткен есіміне,  
“Сәтбаев” - деген әсем жұлдыз барын.

Орындалып қалардай соңғы міндет,  
Ұшып жүрген ғарышта сол күнде деп,  
Сұрай қалдым  
ауылдың шалдарынша,  
Қаныш-аға жұлдызын көрдің бе? - деп.

Бір қарады күлімдеп Рахымжанша,  
Дүр сілкінді жыр оқыр ақындарша.  
Көрмесе де  
Шіркін-ай, деп жоримын,



Құдай ондап қасына жақын барса.  
Бар жұлдызды бір елең еткізсе - деп,  
Тауып тұрмын жетеге жеткір себеп.  
Өкініш қой ғарышта ғаламатты,  
Сөлем бермей танымай өткізсе - деп.

- Аға - деді  
тамаша сұрағыңыз,  
Кірсіз мөлдір сұрақпен ұнадыңыз.  
Өзімнің де арманым қарсы алу ғой,  
Жүзі жылы ғарышта бұла жұлдыз.

Білем, білем,  
Бір көру сынақ еді,  
Іздеп барған мен едім мұрагері.  
Көрінсе - деп аңсап ем қыр жұлдызы,  
Жұлдыздардың ғарышта Құлагері.



260



Ретімен табиғат көшелеген,  
Өтті жұлдыз қисапсыз нешелеген.  
Көп үңілдім  
табар - деп өз жұлдызым,  
Қазағыма бұйырған пешенеден.

Өтті ірі жұлдыздар,  
тым кішілер,  
Өтті бірі ғарыштың түлкісі дер.  
Көп толғандым,  
Япырмай, көре алмасам,  
Өкінішті өрт салған кім түсінер.

Сенімім аз, япырмай, жасықтың ба,  
Үмітім көп  
ерекше ғашықтың ба?!  
Көп жұлдыздың шашылған саф алтындай,  
Бөрі бірдей екен - деп асықтым ба?!

Болдым сондай кей кезде ауыр жайда,  
Көзім түсіп

ет-жүрек дамылдай ма?!  
Әлде, шіркін, болумен әуре-сарсаң,  
Іздегенім алдымда табылмай ма?!

Бірде кемем ағысын биіктетті,  
Жұлдыз көші іргелес тиіп те өтті.  
Алыстағы бір шырақ жанды ерекше,  
Жан шыдатпай қинаған күйік те өтті.


Аққан жұлдыз тым-тырыс нәл көктегі,  
Сәуле шашты алыстан дәлдеп мені.  
Адам сенбес арпалыс жеңіп кетті,  
Аялады қуаныш жер-көктегі.


Ғарыш, ғалам төрінде мәні бардай,  
Күлім қақты бір жұлдыз жаны қалмай.  
Жарқыл қағып алыстан  
Заулап өтті,  
Қаныш-ағам ғарышта танығандай.

Сонда толқып кеткендей  
әлем кеңіп,  
Жүк түскендей денемнен пәлен көлік,  
Ассалаумағалаяйкүм - деп жар салдым,  
Салмақсызда салмақты сәлем беріп.

Көз алдымда  
Ғажайып тасып елең  
Деп те ұмтылдым  
бір сәтке қасына ерем.  
Ұштасқандай жарқ етті жарық сәуле,  
Ыршып шыққан көзімнің жасыменен.

Бұра алмадым  
межелі жолды алысқа,  
Оранғандай қуандым мол табысқа.  
Әлгі жұлдыз  
есімде қалды мәңгі,  
Көргендей боп тебірендім толғаныста.





Сәт осы ғой кәсіле мақтанатын,  
Мақтанатын әлемге жар салатын.  
Қандай жақсы Қаныштай аға бары,  
Жұлдыз болып ғарышта қарсы алатын!

Жұбанамын  
Көрдім - деп сену үшін,  
Сергектенді сол сәтте сері күшім.  
“Көрдім“, “көрдім“ - дей бердім.  
Қаныш-аға, Құшағына ғарышта ену үшін

Сансыз жұлдыз  
Құпырған гүл-көктемдей,  
Шарықтадым жанымды түрленткендей.  
Сәті түсіп “Сәтбаев“ - деген жұлдыз,  
Дәл қасында бір мезет бірге өткендей.

Ағат сөйлеу жоқ менің мінезімде,  
Ағып өтті жұлдыздар ілесінде.  
Бірақ сонда түсіндім  
Қаныш-аға,  
Қанша құдірет болғанын бір өзінде.

Жайна, жайна!  
Данышпан жұлдыз-дарын,  
Қандай жақсы түнде де күндіз барың.  
Мақтан етем аңыздай әңгімелеп,  
Ғарышта да Қаныштай жұлдыз барың. -

Деп тоқтады әр сөзге маңыз беріп,  
Нұры жайнап тебіренді жаны ізденіп.  
Мен отырдым  
Ғарышта жүргендей боп,  
Ол отырды шын жұлдыз тәрізденіп.

Мұхтар тойы толқыса манайымда,  
Абай-ата аңғардық арайын да.  
Үзілісте үмітім үкі шашты,  
Қаныш салған ғылымдар сарайында.

Жүрегімде мың жұлдыз жарысқандай,  
Жан толқытқан мезетте  
меніс қандай?!  
Тоқтарменен әдемі сұхбаттастым,  
Ортамызда данышпан Қаныш бардай.

16.X.97 жыл.

**ҚАНЫШ ЖӘНЕ ҚАРСАҚБАЙ**  
(Қ.И.Сәтбаевтың 100 жылдық тойына)

1


“Қара-қазан” - Қарсақбайы қазақтың,  
Қанышты айтсам,  
Мыс қызулы наз арттың.  
Жұлдыз бейне жүзге келген дананың,  
Рухымен жан-жүректі тазарттың.

Кеңдеу апсам  
Көңіл сырын дестерлі,  
Тәуелсіздік туған елге дес келді.  
Ізін көріп, тебіренемін Қаныштың,  
Жүзін айқын көрсеткендей көп белгі.

Тасқындаса өмір-майдан жарысы,  
Қарсақбайда  
Қолдау тапты намысы.  
Қызғанбандар Баянауыл, Жезқазған,  
Ол - кемеңгер бүкіл қазақ Қанышы.

Әнге ораса Баянауыл мың сырын,  
Қарт Ұлытау құшақтатты қыр гүлін.  
Ойлы көзбен  
Жер-Анамен сырласса,  
Кербез дала естіртті мыс сынғырын.

Естеліктер  
Ерте оятса мені де,



Ер салайын өлең-құлагеріме.  
“Қара қазан” алаулатсын жалынын,  
Ақиқатты дабыл еткен еліме.

Жас Қанышты жетелесе мың арман,  
Осы өлкеде бақыт жолы құралған.  
Жезқазғанды бар ғаламға паш етті,  
Дұшпан шошып,  
Дос шығардай құмардан.

Қарсыластар бөгет құрса, қаншалық,  
Ол да қызды  
Өршеленіп соншалық.  
Қарсақбайды мекен етті он бес жыл,  
“Шет түкпірден” жер шарына жар салып.

Бұхар-Жырау сырын ұқса балалық,  
Бұла күшпен өріс тапты даналық.  
Абай, Шоқан, Сұлтанмахмұт арманын  
Ұлытауға алып келді нар-алып.

Сарыарқалық Венеция саналып,  
Жас Жезқазған ұшты аспанға өн алып.  
Сұлу сөулет  
Шексіз дәулет ордасы,  
Өсіп еді-ау Қарсақбайдан нәр алып.

Жаңа шаһар етсе аймаққа ағалық,  
Беу, ағайын! Бір төубе айтып алаалық;  
Көктен түсе қалғамыз жоқ  
Бәріміз,  
“Қара қазан” Қарсақбайдан тарадық.

2

Қаныш-аға жүзі қоймас тамсантпай,  
Үлкен, кіші үңілетін қас қақпай.  
Батыр тұлға,  
Батыл туған, мейірбан,  
Бұйра шашқа ғашық болды Қарсақбай.



Десе біреу:

- Сен мактауға мырзасын, -  
Бас иемін. Бірақ байқа сырласым.  
Өз келбетін жеткізе алмай келемін,  
Ақ сәулелі күлкісімен нұрлы, асыл.

Аңыз адам біткен бойға ерендік? -  
Сансыз қырлы, біз таңырқар көп ерлік.  
Жезге толы  
Ашты сиқыр сандықты,  
Жиһазына бүкіл әлем сенерлік.


Нағыз тарлан талас, тартыс көп көрген,  
Таймай өтті талай мұздақ өткелден.  
“Серго” - дейді  
ағамызды серпілтіп,  
Сақ қыранның самғауына сеп берген.

Қажу білмес  
Жас арыстан төзірді,  
Сыры берік үні қандай маңызды.  
Сенді Нарком жас ғалымға көзі өткір,  
Сөз бен ісі бауырласқан жаны ізгі.

Жақсы адамға үйір келер жақсы арман,  
Қанышты да ерлік жолы басқарған,  
Жез қоймасы  
Торсық емес томпайған,  
Ол - сарқылмас саба - деуден басталған.

Ағылшындар жасырған да ашынған,  
Мыс көбейді  
Қалды сонда ғасыр таң.  
Есебінен Мәскеуменен Лонданның,  
Қарсақбай мен Қаныш өнер асырған.

Кемеңгерге арнап сөздің нұрлысын,  
Алтын зерлі жасай алмас жыр-мүсін:  
Жез-таулардың қыз-қойнауын кең ашып,  
Ол көрсетті шын даналық үлгісін.



Кемел ойын  
Терең сырға арнапты,  
Кең далаға көк тұмансыз таң да атты.  
Қарсақбайдың жартасында тұрған үй,  
Жас қыранды құзарт шынға самғатты.

Құтты жылдар сәтті күнін санадық,  
Қаныш жолын - бақыт жолын баладық.  
Көктен түсе қалғамыз жоқ  
Бәріміз,  
Қарсақбайда сол “Ақ үйден” тарадық.

3

Қолдарында сүнгі, балға, қайласы,  
Қайласына сай еді ғой айласы.  
Алға басса  
Деев және Сәтбаев,  
Кең ашылды мыс-дария арнасы.

266

Бәрі солай...  
Тағдыр бірге қосқаны,  
Күш көбейді барлаушылық қостағы.  
Түсіпбектер, Әбікендер,  
Шенеулер,  
Шендіні емес, Қаныш сөзін хоштады.

Шектен шығып  
Көп кетпейін тереңге,  
Төлкеновтер алыс сілтер менен де.  
Сексен жасын ұмытты ғой Аллаяр,  
Шәріпұлы Зейнешті айтып берерде:

-Қаныш ойын  
Қастерлеуге қымсынбас;  
Сол еді ғой жас ғалыммен шын сырлас.  
Қарсақбайда Райкомның хатшысы,  
Қан майданда  
Қаза тапты қыршын жас. -

Деп ағамыз  
Дана сырын көп тізді,  
Соқпақтары тастап кеткен жоқ бізді.  
Қаныш-аға  
Кен іздегіш табысы,  
Бар аймақты мол ырысқа жеткізді.

Өзіне ұқсар зор бағандар жондағы,  
Кен барлағыш

мұнаралар орнады.


Көп аспапты оркестрге айналды,  
Даладағы жалғыз гудок сондағы.

Талай көрдім “Желді адырды” еңсеріп,  
Көп киікті жолды кескен белсеніп.  
Дөңгеленіп кетуші еді  
Кең дала,  
Қара көздер жарқылынан теңселіп.

Жас қалаға тамсап көңіл бөлесің,  
Жаңа зауыт апай төсін көресің.  
“Орбитаның” шар айнасы  
Байқап тұр,  
Байқоңырдан ұшқан ғарыш кемесін.

Асыл аға бар қиялы тұр тұнып,  
Алғыс айтты гүлзардағы гүл шыбық.  
Нар шахтылар Қанышпын деп қасқайып,  
Көк тіреп тұр,  
Кен тасытып құлшынып.

Солай, достым,  
Бас шайқама, бәрі анық,  
Осы өңірден шықты ерен сан алып.  
Көктен түсе қалғамыз жоқ  
Бәріміз,  
Сол шахталар қалқанынан тарадық.



Мыс ордасын жырлауы бар жырлаудың,  
Сүмбіледей күз келгенде бір жаудым.  
Өзі өлең ғой “Сәтбай” деген бір сөздің,  
Керегі жоқ сөзбұйдалап сырлаудың.

Беу, Ұлытау, Құт береке бөктерің,  
Елге ұран,  
ұрпаққа аңыз өткенің.  
Ер Едіге аруағы қолдады,  
Сәт септескен Қаныш-аға мектебін.

“Қара қазан”  
қайнатқаны жер кені,  
“Қара мұрын” балқытушы терледі.  
Қара мұртын Ақын Тайжан бір сипап,  
Қара сырнай  
Сақ-сақ күліп желдеді.

268

Бірге күлген  
дүлдүл ақын келді үні,  
Қаныш-аға зор құрметі белгілі.  
Мәскеуді де тамсандырды Тайжекем,  
Жыр боратып Қарсақбайдың ерлігі.

Өзге ақынның неде десең кемдігі,  
Тар шеңберлі ұшар қанат кеңдігі.  
Ауыл үйден айналшықтап шықпайды,  
Арық малдай талды ықтаған жел күні.

Отырсың - деп - кімді қатты жаншылап,  
Қайран қалма  
Беу, оқушым! Хал сұрап.  
Ақындықтың туын жықпай өтем деп,  
Өзімді өзім келем қатты қамшылап.

Тарландардың тоздырмаспын таңбасын,  
Беріп кетем бойға біткен барды асыл.

Кен іздеген Қаныш-аға секілді,  
Ағынды жыр сөз сарасын тандасын.

Серпілемін соның бәрін ескеріп,  
Оған куә тап осынау естелік.  
Қарсақбайдан  
құтты жерді жырлауға,  
Жүруші едім жүрексініп, сескеніп.

Ақын болсам сөзімнің зор беделі,  
“Жезкігім“ заулап, жүйткіп келеді.  
Кеншілігім маған бақыт арнаса,  
Қаныш-аға аруағы жебеді.

Кең шарласам бүгін өмір белесін,  
Арқау еттім Қаныш-аға елесін.  
“Қам көңілді өн басады“ – деген бір,  
Өз аузынан естіп едім кеңесін.

Күй күмбірлеп,  
Жыр ескенде даладан,  
Қарсақбайдан шалқып көкке барады өн.  
“Қызыл ішік“, “жез қанатты“ өуендер,  
Ақын Тайжан сырнайынан тараған.

## 5

Арыстарды арқау етіп сөзіме,  
Зер саламын алғыр сұңқар кезіне.  
Штифанов, Гурбалармен пара-пар,  
Деев кейде көп түседі көзіме.

Жеңіс көрсек қызу өмір-майданнан,  
Аға жолы ақыл сезім, ойды алған.  
Аңыз дастан  
Бақыт құсы бар болса,  
Деевтерге Қарсақбайда байланған.

Деев жайлы қызық хабар көп алдым,  
Тағдырына шын құмартқан болармын.  
Молақов пен Мамақовтан естіп ем,  
Сәтін тапты  
Біздің де оқ жонар күн.

Ол жылдарда жеңілістен жеңіс көп,  
Мақсат емес бәрін айту тегістеп.  
Шалабай шал сипаттайтын  
Деевті,  
“Нағыз қазақ, өттең діні орыс” - деп.

Шарықтатса ағаларым жыр құсын,  
Ізет тұтам ізі сөнбес тың күшін.  
Дәл келді де  
Әл берді ғой Сәтбаев,  
Сөндендірер сөтте елдің тұрмсын.

Деев десең ақиқатшыл мән тауып,  
Кетем кейде өлең түгіл өнге ауып.  
Қарсақбайдан Байқоңырға жол салған,  
Қызықтырды өр мінезі самғауық.

Ардагерді мадақтау да керек бір,  
Неге? - десең  
шындық айқын жебеп тұр.  
Қанекеме шын қамқорлық көрсеткен,  
Қарсақбайда Деев тұңғыш директор.

Бүкіл аймақ ардақтайды арысты,  
Иваным да иман етті Қанышты.  
Сол екеуін қадір тұтып жас күнде,  
Болжай білдік шалғай шеп пен алысты.

Дана үшін айтар табыс жетерлік,  
Жол да түсті Жезқазғанға жетер тік.  
Жас ғұлама жан аямай тер төкті,  
Жер байлығын ел байлығы етерлік.

Қайдан десең асылдықтың арнасы,  
Беу, металлург!  
Ақиқатты жалғашы!  
Бексұлтанов, Әбдірахманов, Мәткенов,  
Дегендерің Деевтердің жалғасы.

6

Қарсақбайдың азайтуға бар дертін,  
Септесіп ем жеткенінше қауметім.  
Бүгін жырға  
Жалау еттім Қанштың  
Металлург боп туған асыл әулетін.


Сыпыра мадақ  
Сидан сөзбен шектелмен,  
Намыскерміз ауыр күнді өткерген.  
Ғарышкерміз дей алмайын... дұрысы:  
Жарыскерміз Қаныш жолын өткерген.

Әсем жырды әлдилесе ұзақ түн,  
Өшті ізі көңілдегі сызаттың.  
Қуанышбек, Мырқы, Қадыр, Төлеген,  
Сендерге арнап жүрек құсын ұзаттым.


Жүрсем дағы талай жылдар жырақта,  
Көзде - өздерің  
Сөздерің жүр құлақта.  
Қаныш - десем Ер Едіге елестер,  
Ұлытауым киелі төр бас ұрған.

Қаныш - десем көшкен бұлтқа ұмтылған,  
Жыр тасыды, көкірегімде бұлқынды ән.  
Қай қияда жүрсем дағы таймаймын,  
Мыс қайнарлы Қарсақбайшыл ғұрпымнан.

Қаныш - десем болашаққа шарықтар,  
Мұқан, Бәубек  
Естен кетпес алыптар.  
Жақсыкелді, Шымболаттың дүбірі,  
Киелі өлке атын талай танытар.



Ғабдулқадір Сәлімов



Не бітірдік десең достым, не білдік,  
Кең қопардық, мыс пен күміс өндірік.  
Армандадым оралсын деп жырыма,  
Қанып-аға көңіліндегі мөлдірлік.

Беу, жолаушы!  
Бір қарашы далаға!  
Ұқсап тұр ғой  
Тау да, көл де данаға.  
Күн күлкісі Қанекемнен аумайды,  
Әз бейнесі тұрар жайнап санада.

Сарыарқадан ескен самал сыбыры  
Осы еді ғой  
айтар сөздің тұғыры:  
Жезқазғаным - ол ақиық Сәтбаев,  
Қарсақбайым - жас қыранның тұғыры.



## ОЛ - АДАМЗАТ АҚЫНЫ

*“Халық біздің өзімізді, кітаптарымызды  
және ойларымызды еске алады.  
Кей надандар бізді түсінбейді, бірақ  
түсінер де күн туар”.  
Олжас Сүлейменов.*

1

- Осы Олжасың кім? - дегенге  
Не деймін:  
Қалықтасын қарқыны мол мерейлі үн.  
Құдай берген Олжас - біздің олжамыз,  
Ең ардақты перзенттерге теңеймін.

Түсінбестер:

- олжаң - десе ол, қандай? -  
Токтау қайда бар күдікті тойтармай.  
Олжас бітті маңдайына қазақтың,  
Олжа-жұлдыз дара туған Шоқандай.


Шоқан - жұлдыз  
Жарқыл қақса аспаннан,  
Жерде Олжас  
Жалт қаратты жас тарлан.  
Тайбурылдай ол құйғытып барады  
Тұяқтары тау теңселтіп, тас жарған.

Алыс емес қос жұлдыздың арасы,  
Оған болмас  
еш адамның таласы.  
Елестейді еске алғанда екеуін,  
Тостағандай көздің ақ пен қарасы.

Ұқсап тұр ғой:  
Қарыс маңдай бастары,  
Қара ормандай төгілмелі шаштары.  
Екеуі де жаңалықтың жартасын,  
Жас күнінде күрт орнатып тастады.

273

Ұқайымбек Сағатқар



Тұлғасына,  
тұрпатына қарашы,  
Секілді ғой бір ананың баласы.  
Ұқсастық көп,  
Бәрінен де ұқсастау,  
Албырт, қайсар,  
Жеңбей тынбас санасы.

Көз жүгіртші,  
Армандастық мәнерге,  
Екеуінде қайсарлық бар тән ерге.  
Екеуінде кім қазақты танытты,  
Жас басынан бүкіл байтақ әлемге.

2

Ол орысша жазса тартты кім залал,  
Озғын ойды оқып көр де,  
тындап ал.  
Заманында көнді Олжастай ақынға,  
Биік төрден орын бермес мырзалар.

Орыс, қазақ  
арасынан қыл жүріп,  
Кетердей-ақ жасамадық дым күдік.  
Дәлдеп айтсақ “нағыз ақын осы” - деп,  
Мақтап кетті Константин Симонов.

Ақыны - дер - кешегі өткен Одақтың, -  
Білем ойын кейбір жөнсіз олақтың.  
Біздің кіндік Азияда  
сол ғана,  
Маханбеттей ереуілшіл орақтым.

Олжас - десен  
сырым жоқ қой ақтармас,  
Тәуелсізбін шырқау шебім шақталмас.  
Бодан күнде бар қазақта сол болды,  
Одақ құрған тосқауылдан жасқанбас.



Шаңқай түсте қырғи шолып қасқырды,  
Кей пәлекет ішпей, жемей мас қылды.  
Ұлтшыл - деді  
Ұлттың тілін қорғаса,  
Ал, оларды Олжас ондап састырды.

Діл дінгегі бір қалтырап кеткендей,  
Мәскеу қайтсын  
ол заманда жек көрмей.  
“Аға ұлттың” азулысы сескенді,  
Төбесінен қыран саңғып өткендей.

“Игорь полкі жайында Сөз” - дегенде,  
Бүкіл орыс түсті ызалы елеңге.  
Алыпқашпа  
“ұлтшыл” - деген түбірі,  
Намыс қозғар жетті түпсіз тереңге.


Білмеді олар  
бір екенін аспаным,  
Түсінбеді озық ойдың астарын,  
Төзу қайда, сезу деген болмады,  
“Сөзді ойлап көз ашқанын басқаның”.


### 3

Ортақ мирас сырын Олжас қозғаса,  
Айып тағу  
болды үлкен далбаса.  
Қандай ғана жазығы бар десеңші,  
Көне тілдер түбірін мол қармаса.

Мөрт ақынды алай-дүлей тілдеді,  
Саясатшыл дүмпу туды іргелі.  
Жырын талдап  
жандайшаптар шатақшыл,  
“Гу-гу” - лері түпкі сырын білмеді.

Шыдап бақты асау кезде Олжекем,  
Жас болса да





Мөрлі сөзге зерлі екен.  
Туған жоқ қой ешбір қару ақынды,  
Қамшы астына қаймықтырып, шерлі етер.

Бұл мінезі мәрт боздақтың үлгі еді,  
Қайнап жатты ішінде оның зіл кегі.  
Мәскеудегі Партияның штабы,  
Не десе де құлағына ілмеді.

Кешті Олжас нән дауылдың дөкейін.  
Бәрін қалай тізбектетіп өтейін,  
Тек айтарым:  
жығылмады, жықпады,  
Шындық жеңді шапқыншылық көкейін.

Кетгі ыдырап партия мен үкімет,  
Сөз тоқтады  
желеулеген үкілеп.  
Олжас “Сөздің” түбіріне тік жетті,  
Қалды аңыз боп осынау озыр хикімет.

Шындық сыры - ақындардың тірегі;  
Өңі суық...  
Селк етпеді жүрегі.  
Кен қопарған кеншілердей намыскер,  
Сөз қыртысын қаза берді күрегі.

Түркі тектес  
тілді бекем зерттеді,  
Ғұламалық ерен ойға беттеді.  
Әліптені әлмисақтан ақтарған,  
Бекер тірлік болмай шықты шеккені.

Тұсау түскен “Аз и Я”-сы қайтадан,  
Сапқа тұрды құтты ұлдай майтабан.  
Мерейі өсіп, дүр сілкінді қазақтар,  
Олжасының өжет күшін байқаған.

Түркі, Славян халықтары кең ізі,  
Тарлан тарих болып шықты егізі.  
Ойы ғажап  
Тірек болған тарихи,  
Евразиялық бауырластық негізі.

“Аз” - дегені бағы заман емес пе?  
“Я” - десе,  
Қазақ кірді кеңеске.  
Евразиялық ұқпай сонда ұғымды,  
Түсті о жарлар бекер дабыл егеске.


Олжас сөзін қайталасам мен неше,  
Ортақ деді  
тіл тамырын меңзесе.  
Ерте ойлады қос құрлықтың шектескен,  
Туыстығын нығайтуды көздесе.

Асқақ дарын - ерте ұғады негізді,  
Көп “надандар” бос сапырды теңізді.  
Сол кезде ол  
тілмен, сөзбен қадалап,  
Евразияны ортақ мекен дегізді.

Түсінбеген ұғым қалды арттағы,  
Кер заманның зым, зия өшті тартпағы.  
“Аз и Я”-сы кетті әлемді аралап,  
Ел сенімін ақын Олжас ақтады.

Әне, солай бәрі қайта қолдасты,  
Еш бір ұлтқа  
Лақтырмапты ол тасты.  
Көне заман сырын ашты тағдырлас,  
Қаталасты жазғырғандар Олжасты.


Көкірегі көне сөздің қоймасы,  
Қат-қат шежіре тілден тапқан олжасы.



277



Олжас Олжасов



Тармақ-уық, шумақ-шаңырақ  
Күмбездеп  
Сөз сарайы-оның құрған ордасы.

Ұлтшыл емес ол ұлтжанды азамат,  
Жұқпайды оған титімдей де жаманат.  
Тіл ғылымы  
барлаушысы, білгірі,  
Ол бүгінгі әлем сүйген азамат.

## 5

Ақын деген аңғал халық қашан да,  
Мықты өнер ғой бұйырмаған нашарға.  
Шалқар шабыт  
соқтырмайтын жері жоқ,  
Сергек сезім бір ғаламат ашарда.

Жыр - дария шалқып кетті тасқыны,  
Шын қазақы өр мінезге басты үні.  
“Арғымақтары”  
асфальттарды пергілеп,  
Алтын сынғыр елеңдетті шапқыны.

Ол басқан жоқ пәс мінезді күйбеңге,  
Әр өлеңі нәр алды асқақ күйден де.  
Қазақ ісі  
әр тенеуден аңқыды,  
Ерен жырлар ел қолына тигенде.

Таңбалардай бекіп қалған тастағы,  
Әр тармағы  
жан жылыта бастады.  
Орысша өлең жазатындар ішінде,  
Ұлтын сүйген одан ақын аспанды.

Талай сөзі байтақ елге жайылып,  
Тік сілтейтін текті жырға байыдық,  
Оза шапқан

Олжас сонда құйғытып,  
Жабылардың берді басын қайырып.

Махаббатқа  
Сұлу жырлар арнады,  
Ақтарылды талай ішкі арманды.  
Ол жігіттің сұлтаны боп серпілсе,  
Сұлулар да қыр соңынан қалмады.

От ойнаса сақ қырандай көзінде,  
Ұшқыр еді Төлегеншіл сезімге.  
Асауға да  
қамыт түсті бір күні,  
Жібермеді босбелбеулік төзімге.


Құштарлықтың құшағына қанықты,  
Сертке берік серілігін танытты.  
Қарындасқа қол салуға ұялып,  
Басқа ұлттың Қыз Жібегін алыпты.


Өктем жыр ғой бар қиялы саналы,  
Поэзия алынды сан қамалы.  
Аспандағы үркер жерге көшкендей,  
Дастандары тізбек, тізбек тарады.

6

Сыйламасын ақ ниетті досты кім,  
Жалғады өмір көрші көңіл хоштағын.  
Әнтек басты  
- деп біреулер сөксе де,  
Қорғай білді орыс, қазақ достығын.

Сан сайыста тік көтеріп түндігін,  
Олжас айқын асқақтата білді үнін.  
Қазағым - деп  
Қабырғасы қайысса,  
Ойлап жүрді адамзаттың бірлігін.





- Осы Олжасың кім? - дегенге  
Не деймін:  
Қалықтай бер қаз дауысты мерейлі үн.  
Құдай берген Олжас - біздің олжамыз,  
Жонда жортқан жолбарысқа теңеймін.

Оның өзге  
тұздығының татымы,  
Ол - сұрапыл әуел бастан заты ірі.  
Қазағымда ақын бүгін аз емес,  
Олжас деген ең атақты ақыны.

Түсінбестік ұғым қалды ескіріп,  
Ғұмыр алда жатыр алыс кешкілік.  
Бірақ, әлі  
көкірегі көр соқыр,  
Жек көргіштер бар ғой жүрген тепсініп.

Елге мерей әкелсе де азат күн,  
Бықсымасы біте қоймас қазақтың.  
Кей күншілдер  
тіл тигізген Олжасқа,  
Қалып та жүр күлкісіне мазақтың.

Түсінбейді оны кей бір “надандар”,  
Көңілі кір, кісілікке сараңдар.  
Батпағынан шыға алмайтын өмірде,  
“Надан” - деген іші былық адамдар.

Беу, ағайын! жіті зерлеп байқандар!  
Қаймықтырса атағымен қайсарлар,  
Қатар жүріп теңдесуге жарамас  
“Надандардың” кеудесінде сайтан бар.

Олжас десе баса берер надұрыс,  
“Надан” - деген оқуы бар нақұрыс.  
Кей бірінде атақ та бар, ат та бар,  
Бірақ, ашық жасай алмас қақтығыс.

Қасақана түсінбейді “надандар”,  
Сұр жыландай сырттан ғана болар дал.  
Бір дұрысы кең жалғанда  
Көптеу ғой,  
Олжас десе отқа түсер адамдар.

Оны толық түсінетін елі бар,  
Тайсақтайтын емес оның өрі тар.  
Олжас деген  
отбасының құлы емес,  
Оның шыққан адамзаттық төрі бар.

Кең өрісі айқастарда жетілді,  
Отты үні жау мазасын кетірді  
Онда Гамлет  
“болу, болмау” серті бар,  
Ол мейрімді Чайльд Гарольд секілді.

Ол бой ұрмас  
піскендерге тарысы,  
Күйзелгенге қуат беру бар ісі.  
Уайымшыл болған емес ешқашан,  
Пайымшыл жан жүйе тапқан әр ісі.

Содан болар ел ұғынды мақсатын,  
Даңқы шықты жалау етіп жақсы атын.  
Махамбеттің өруағы қолдаған,  
Оған бітті сегіз өрім таста тіл.

Ол - самғауық құшақтаған ғарышты,  
Ол - киелі жақындатқан алысты.  
Сыйлайды оны Римский Папа да,  
Арлы адамдар ардақтайды арысты.


Сыйлайды оны дін, мұсылман үмбеті,  
Неге десең адал, таза міндеті.  
Түркі тектес елдердің ол зерлісі,  
Күннен күнге  
Өсе түскен құрметі.



281



Ұжымдық Сапарлар



Ақын болсақ отты жырмен қымбатпыз,  
Кідірмедік ақиқатты жырлап біз.  
Түлкі заман  
Ақ иыққа жол берсе,  
Қансонарда қалып жатыр қымбатты із.

8

Зор шындық бар қадап айтар бір тағы,  
Онсыз толмас тасқындаған жыр бабы.  
Абылай ханның  
Ту ұстаған батыры,  
Олжабайдың Олжас асыл ұрпағы.

Түгел текті  
Ата, анасы, жан, жағы,  
Бүгін де нық жора, жолдас тармағы.  
Әруақ қолдап  
Қайда жүрсе өнерін,  
Бабалардың арманына арнады.



282



Заман өзге, заң да өзге бүгін де,  
Ділі айқын,  
сыйлай білді дінін де.  
Кірсіз жанды кінәлауға кім барар,  
Өлең жазса ол орыстың тілінде.

Орысша - деп білдірмеймін сұсты рең,  
Ол ғарышкер Гагаринмен түсті тең.  
Бірге ұшып, бірге қонған  
деп білем,  
Олжас атты алтын қанат құсты мен.

Өзге ақыннан оның кеңдеу аймағы,  
Қиялдаған іске берік байламы.  
Ол - қазақтың аяулысы ақжолтай,  
Бұзылмаған сүт бетінде қаймағы.

Ол - жігіттің арғымағы еңселі,  
Телегей теңіз төккен тердің мөлшері.  
Қай сайысқа салсаңдағы жалтармас,  
Ол - қазақтың алмас қылыш семсері.

Құшақ жайып ашық туса аспаны,  
Жалт қаратты Күнге қадам басқаны.  
Тұңғыш туған ғарышкерге арналған,  
Жұлдыз жақты мәңгілікке дастаны.


Ойланайық төс қағымпаз жігіттер,  
Аз болды ма  
Сол дастанға үміткер.  
Білікті ерді  
бар адамзат ішінен,  
Кезек туды ғарыш-ғалам іріктер.

Жаратқанның өзітірек асылға,  
Сүйіктісі бар ғой әр, бір ғасырда.

Баяғыда  
таңдағандай Шоқанды,  
Адамзатқа Қашғарияны ашуға.  
Заңнан биік  
парасатшыл ғұрып бар,  
Беу, ағайын! Киелі істі ұғып қал:  
Ұлты емес, құлқы таза адамды,  
Табиғаттың өзі тандап сұрыптар.

Жалын атса  
Отты жыры лаулаған,  
Жер бетінде таңданбаған бар ма адам?!  
Гагаринмен жарысуға жаралған,  
Берді Олжасқа ақ батасын кең далам.

Орысша - деп,  
Салар сонда жортақ кім,  
Ең сәттісін алды ақындық зор тақтың.  
Байқоңырдың егесі боп



283



Ғабділқайыр Сәтінқұлов



Жар салған,  
Мен Олжастың табысына ортақпын.

Осы болар дауылпаздық мектебі,  
Шабыт берді  
Зымран-кеме көктегі.  
Ғаламат қой қыл қаламның ұшымен,  
Зор дауысы жер-жаһанға жеткені.

Дәл сол түнде  
Қанбаса да ұйқысы,  
Қолға қонды алтын қанат жыл құсы.  
Адамзаттың  
Жаңа таңын бірге ашты,  
Олжас-жыр мен Гагариннің күлкісі.



284



Тірелгені Алматыға ат басы,  
Жақсы ақынның ішкі намыс жақтасы.  
Арамызда өзімізбен тең жүрген,  
Олжас болды  
ақындықтың патшасы.

“Ақын ірі кейіпкермен қашан да”,  
Деген сөзі өзіне жол ашарда  
Жанарына ғарыш-ғалам сиыпты,  
Дастанымен сөнбес жұлдыз жасарда.  
Жан толқытқан қуанышқа не дейік,  
Шалқар шабыт қызуына ерейік.

Дәл сол күні аунап түсті-ау, Абай да,  
Өзі орнатқан жыр күмбезі кеңейіп.

Құлақ салды саналы үнге самғаған,  
Біз ғана емес қуанышты бар ғалам.  
Ақындықтың ғарышкері болды Олжас,  
Өлмес сөзбен Гагаринге арнаған.

Поэзия - нәзік, таза сезімдер,  
Селдей толқып кабаттасқан кезін көр.

Жердің шарын жырмен орап алды ол,  
Жасағандай ойын ұшақ, сөзін мөр.

Жаса, Олжас!

Әр қадамың ұнайды,  
Сен жарқ етсең - қасың ғана мұнайды.  
Ал, достарың  
ақ жүрегін кең ашып,  
Ғашық қыздар бола түсті шырайлы.

9

- Осы Олжасың кім? - дегенге

Не деймін:

Қалықтай бер қаз дауысты мерейлі үн,  
Құдай берген Олжас - біздің олжамыз,  
Дала шолған ақ сұңқарға теңеймін.

Кемеңгердің бүкіл әлем жақыны,

Қай тілде жаз

Шықпасын де жат үні.

Қазағымда қаламгер көп

Ал, Олжас,

дара туған

Ең даңқты ақыны.

Атқан тандай

Сүйер ойдың ашығын,

Құтаймайды саңқ еткізбей батыл үн.

Төбесіне дөлдеп бомба түссе де,

Сөйлемейді үйде бұғып жасырын.

Осы - деп біл шын турашыл кісіні,

Турашылдың келер өсте ісі ірі.

Ол - шындықтың досы, құлы, жаршысы,

Тоқтата алмас дүние-дүрмек қысымы.


Қара түнек орнағандай жер, көкте,

Полигондар қазақ жерін салды өртке.

Әне, сонда

Қажет болды Олжастар,

Атомсүйгіш індетке атой бермекке.



Тағылым тұтып,  
Тәрбие алған, сенгенін,  
Кұлшындырды құдай өзі бергенін.  
Жарылыс шеккен салды Семей  
айқасқа,  
Сәл тоқтатып жырдың әсем өрнегін.

Өлең қайда  
туды жаңа жол басқа,  
Әлемге әйгі түсті салмақ Олжасқа.  
Полигонда маскараны тоқтатар,  
Мен де сендім үзеңгілес қолдасқа.

Бой жазбады сол күндергі көңіл-гүл,  
Ішке тартты ажал сепкіш өңін нұр.  
Радиация - деген сұмдық тоқтамай,  
Тамұқ болды  
Жұмақ - деген өмір бұл.

286

Жарылыстар дүмпу күші серпеді,  
Тынысы жұт сезді дейсің жер нені.  
Қазағымның қасіретіне айналған,  
Жарылыстар адам жанын өртеді.

Әне, сонда Олжас шықты айқасқа,  
Топты жарды аты өйгілі марқасқа.  
Тап сол үшін сүйді қазақ күйзелген,  
Ере шықты алдында зор жартасқа.

Олжастарға ауды әлемнің назары,  
Болды әшкере  
Кім кіналы - жазалы.  
Көкірегінен ракеталар атқылап,  
Алаулатты қырдың ақын қазағы.

Гагаринше аты жетті әлемге,  
Дос көбейді ұраны бір әр елде.  
Орыстар да  
алға ұстады Олжасты,  
Ар жолында ерді адамзат сәлемге.

Туды сонда жер сілкінткен қозғалу,  
Тиді Олжасқа жеке дара сөзді алу.  
Алғыр ақын  
дауылтпаздық көрсетті,  
Заулап кетті төтеп бермес сөз-қару.


Күрт басталды атой салғыш қадамдар,  
Сапқа тұрды сансыз сарбаз - адамдар.  
Үлгі етеді осынау ісін Олжастың,  
Алда талай  
ғасырлар мен замандар.


Семейлердің ереуілші оттары,  
Аза салды,  
Шәйіттерді жоқтады.  
Дабыл қаққан ақын үні сескентіп,  
Жер астынан шыққан кесел тоқтады.

Қиян кескі аласапран жолдағы,  
Әне, сонда оны әруақ қолдады.  
Көзге түсті қай құрлықтан қарасаң,  
Самғап жетіп құзарт шынға қонғаны.  
Тағы да оны тарлан тарих таңдады,  
Ақын сөзі мың есе артты салмағы.  
Жеңбей тынбас жүрегінің лүпілін,  
Үзілместей болашақпен жалғады.

Жойды өмір бодандықтың сынын да,  
Егемен ел көрсетті өз қырын да.  
Олжастардың үлесі бар  
таза жел,  
Таза ауа мен Күннің таза нұрында.

Күрт тоқтатты кеселді бұлт жаңбырын,  
Шындық жеңді, түзеді өңін тағдырым.  
Сын сағатта  
туған елім салады,  
Айқастарға Олжастардай алғырын.





Асан-Қайғы өруағы қолдаған,  
Көкірегіне ел шері мол орнаған;  
Бар әлемнің  
тынысы үшін жауапкер,  
Қорқыт-баба көрінеді ол маған.

Ойлы ақынның не өтпейді басынан,  
Онда Бұхар қаны бар ғой тасыған.  
Кенесары мінезі бар намыскер,  
Қайсарлық бар ере туған жасынан.

Олжас деген бүгінгі ақын ірісі,  
Мығым туды бір ісінен бір ісі.  
Менің жаным  
ардақтауға жалықпас,  
Сырым айқын: Ол Қаныштың інісі.



Әлде кімдер  
созсын үнсіз айқасын,  
Байқа, ағайын,  
Бүкіл әлем байқасын!  
Олжас керек,  
Селк етпестей сірескен,  
Қиратуға Невадалар жартасын.

Ұлтым қазақ биіктеп тұр атымен,  
Тәуелсіз ел сүйсіндірді салтымен.  
Поэзия пырағына айналды,  
Ақын Олжас  
Парқы мен де даңқымен.

Көкірегімде ой тізбегі толып тұр,  
Қаулап кетті  
Ол өткерген жорық - сыр.  
Ерлігі мен ақындығы қос қолдап,  
Адамзатқа бергені мол болып тұр.

Біреу терең, біреу тайыз ойлайды,  
Аңыз аз ба елім таңсық ол жайлы.

Тірі жанға пәле, жала термеген,  
Олжастармен мәңгі бірлік орнайды.

Ереуілге қыл қаламын ұштаған,  
Ол әр сөзін  
бабаларша қыштаған.  
Түркі тектес әр қадамы ауған жоқ,  
Мағжан ағам салып кеткен нұсқадан.

Шын ақынның бүкіл әлем жақыны,  
Солқылдатсын  
Полигондарды қарқыны.  
Беу, мырзалар!  
Осы Олжасты кім? - десен,  
Заты қазақ  
Ол - адамзат ақыны.



2003.

289

Ұзақмұқ Салғанд

## МАЗМҰНЫ

|                                         |    |
|-----------------------------------------|----|
| Бөлім. Өлеңдер .....                    | 3  |
| Мақтаныш .....                          | 4  |
| Ағалар үшін алғысым .....               | 5  |
| Ұлылықтың мектебі .....                 | 6  |
| Қазақтың Қаныш-аға жер иесі .....       | 7  |
| Кенші сыры .....                        | 9  |
| Қанышты алғаш көргенде .....            | 10 |
| Жер ұраны - Ұлытау .....                | 11 |
| Төрт баған .....                        | 12 |
| Жас қарағай .....                       | 13 |
| Ұлытауға бардың ба .....                | 15 |
| Жаным сүйген жалғаныс .....             | 16 |
| Қаныш және сұлу саз .....               | 17 |
| “Бүркітбайшыл” болғаным .....           | 18 |
| Григорий Потанинге .....                | 19 |
| Ер Едіге .....                          | 20 |
| “Ел абызы Едіге жайлы айтқанды” .....   | 21 |
| Шорман би .....                         | 22 |
| Жезқазғаным - Қаныштың жан-жүрегі ..... | 23 |
| Қарсақбай .....                         | 24 |
| Үлкен қызы Қаныштың .....               | 25 |
| “Тың көтерген оранып егінге біз” .....  | 27 |
| Сәулелі әулет жұлдызы .....             | 27 |
| Бұхар жырауға .....                     | 30 |
| Қос жұлдыз .....                        | 31 |
| “Әлем сырын елім тез кетеді ұғып” ..... | 32 |
| Баянауылды көргенде .....               | 32 |
| “Кешіп келем туғалы өртті кілең” .....  | 33 |
| Естелік .....                           | 34 |

|                                                           |    |
|-----------------------------------------------------------|----|
| Домбырасы Қаныштың .....                                  | 35 |
| Қаныштың туған жерінде .....                              | 36 |
| “Таңсық етпей ұзақ күн “Ой-алланы“ .....                  | 37 |
| Қысқа ғұмыр .....                                         | 38 |
| Менделеев кестесіне түсінік .....                         | 39 |
| Көпір .....                                               | 40 |
| Шоқанға .....                                             | 41 |
| Алматының төрінде .....                                   | 41 |
| Кіші қызы Қаныштың .....                                  | 43 |
| Қаныш пен Мұхтар ұстазы .....                             | 44 |
| Балхаш таңы .....                                         | 46 |
| “Бала күнде балдырған еркем еді“ .....                    | 46 |
| Кісілік көркі - кішілік .....                             | 47 |
| Мұхтар-аға .....                                          | 48 |
| Ондай да ожар күн болған .....                            | 49 |
| Ардақты абыз ақсақал .....                                | 50 |
| Қазақстан - деген ел .....                                | 52 |
| Өткелдегі өрімдер .....                                   | 53 |
| Алыптар .....                                             | 54 |
| Құттықтау .....                                           | 55 |
| Қаныш-аға Жезқазғанға келгенде .....                      | 58 |
| Жасыбай желі .....                                        | 60 |
| “Ойнасам да“ .....                                        | 61 |
| “Сезсең сез кейде мекен қызғанышты“ .....                 | 61 |
| Марғұланмен кездесу .....                                 | 62 |
| Прометейге .....                                          | 65 |
| Жапондарға құмартам .....                                 | 66 |
| Өршелену .....                                            | 67 |
| “Қуанышта ағайын ағылады“ .....                           | 67 |
| Қарсақбайда мұражай .....                                 | 68 |
| Сұлтанмахмұт бейітіндегі сөз .....                        | 69 |
| Жездідегі мұражай .....                                   | 70 |
| Жайнап тұр Сәтбаев қаласы .....                           | 71 |
| “Кімге керек өсіре сөзбен көлегейлеу,<br>көлтірлеу“ ..... | 72 |
| “Күмбірлейді домбыра“ .....                               | 73 |
| Көсемдік пен даналық майданында .....                     | 74 |
| Ашық сыр .....                                            | 75 |

|                                               |     |
|-----------------------------------------------|-----|
| Жезқазғанға .....                             | 76  |
| Жезқазғандық кеншілердің көсемі .....         | 78  |
| Отыз екінші жылдардың түлектері .....         | 79  |
| Арал кеуіп кетпесін .....                     | 82  |
| Қырғилардың қырғыны .....                     | 83  |
| Абылай ханға сыйындық .....                   | 84  |
| Жарқын жұлдыздар .....                        | 85  |
| Тіршіліктің сыңғыры .....                     | 86  |
| Ақ пейіште қарсы алсын .....                  | 87  |
| “Мықты болсаң өрине намыскерсің” .....        | 88  |
| “Тарихпенен тірлікке кезек қара” .....        | 88  |
| Қаныш-аға інім деп қадірлеген .....           | 89  |
| Жабайханға .....                              | 90  |
| “Мен марқайдым, ел кездім, дала кездім” ..... | 90  |
| “Доспын, доспын” - дейтіндер жайға қалды ...  | 91  |
| “Сынамайды сұм тағдыр бізді тегін” .....      | 91  |
| Ойлайтыным .....                              | 91  |
| Алпысқа келген інілеріме .....                | 94  |
| Көріңіз Қаныш-аға алғысындай .....            | 95  |
| Қартаюды білмейді .....                       | 96  |
| Арқауыл .....                                 | 97  |
| “Жарық күннің ата-анам жолықтырған” .....     | 97  |
| Нар қазақ .....                               | 98  |
| Би алаңы Жасыбай жағасында .....              | 99  |
| Алғысымды ал, Қаныш аға атынан .....          | 100 |
| Дінгектері қазақтың .....                     | 101 |
| Шафық аға айтқан сыр .....                    | 103 |
| Құдағиы Қаныштың .....                        | 104 |
| Асыл тастар көрмесі .....                     | 106 |
| Еркек кіндік .....                            | 107 |
| Көкшетауда Қаныш-аға көшесі .....             | 108 |
| Ұлытаудың түлегі .....                        | 109 |
| Қос құдағи достығы .....                      | 110 |
| Жезкііктер тағдыры .....                      | 111 |
| “Кетті, кетті баяғы сері күнім” .....         | 112 |
| Мен сүйгенді ел сүйді .....                   | 112 |
| “Ұқсамайды жүйрікке” .....                    | 113 |

|                                         |     |
|-----------------------------------------|-----|
| Алма апайдың хаты .....                 | 113 |
| Бәйбішесі Қаныштың .....                | 114 |
| Жұлдыз - Ана, жұлдыз - қыз .....        | 117 |
| Қарт Ұлытау етегі .....                 | 119 |
| Теңдіктегі мұражай .....                | 120 |
| Хасен Нұркеевке .....                   | 121 |
| Құттықтаймын “Оқушылар Сарайын” .....   | 122 |
| Есіме салшы .....                       | 123 |
| Ол да бір аққан жұлдыз ғой .....        | 124 |
| Аталы сөз .....                         | 125 |
| Есімін Сәтбаевтың жарқыраттың .....     | 126 |
| Жолын қуған Қаныштың .....              | 127 |
| Далабай Ешпановқа .....                 | 128 |
| Жезқазғаның бас иіп тұр алдында .....   | 129 |
| Жолдағы көп хикая .....                 | 131 |
| Әбдіжәмилдің толғанысы .....            | 132 |
| Әбдіжәмилдің екінші толғанысы .....     | 133 |
| Қарындасы Қаныштың .....                | 134 |
| Әлемнің сегізінші ғаламаты .....        | 135 |
| Қарт Ұлытау жалғады .....               | 136 |
| Сәтбаевтың бәріміз шәкіртіміз .....     | 137 |
| “Тетігі бар текті өлең” .....           | 138 |
| Әкімнен шыққан батырсың .....           | 139 |
| Қаныш тойы Парижде .....                | 140 |
| Париждегі серілік .....                 | 141 |
| “Есінде ме Аманжол бала күнің” .....    | 142 |
| Қаниса Қанышқызының айтқаны .....       | 143 |
| Толғаныс .....                          | 144 |
| Төрегелдіге хат .....                   | 145 |
| Жезқазған - Қаныштың қаласы .....       | 146 |
| Мөңгілікке жол тартты .....             | 147 |
| Үміт, қауіп, уайым .....                | 148 |
| Кәкішевтің Оразайға айтқаны .....       | 149 |
| Қанекенді көргендер .....               | 150 |
| Ерланымның Қанышты сағынғаны .....      | 151 |
| “Жақсылыққа табиғат зерек болды” .....  | 153 |
| “Ұрындым - деп тіршілік кесіріне” ..... | 153 |

|                                            |         |
|--------------------------------------------|---------|
| “Халықта бар ханда жоқ” - дегенменен ..... | 153     |
| Қорқынышты қоңырау .....                   | 153     |
| Қарсақбайда ол бүгінгі директор .....      | 155     |
| Бүгінгі автопортрет .....                  | 156     |
| “Ақ сүт - адам жол басы” .....             | 157     |
| “Алма жесек қақ бөліп” .....               | 157     |
| Ұлытаудың гүлдері-ай .....                 | 158     |
| Тұманбайға .....                           | 159     |
| Ақбетке .....                              | 160     |
| Ортақ аға .....                            | 161     |
| Жезқазғанның ардақты азаматы .....         | 162     |
| Қолынан Қаныш дәм татқан .....             | 163     |
| Ауылдас академикке .....                   | 165     |
| Токмақ .....                               | 166     |
| Ғабит тойы қызғанда .....                  | 168     |
| Нежіп Фазыл күнінде .....                  | 169     |
| Ақ иықтар айқасы .....                     | 171     |
| Мұқит пен Қаныш .....                      | 172     |
| Қайырбек Шәкіровке .....                   | 173     |
| Кенші едің Қаныштың бір баласындай .....   | 174     |
| Қаныш аға көшінен .....                    | 175     |
| Ұлытауда ұлар құс .....                    | 176     |
| Өкініш .....                               | 177     |
| Оқыс қайғы .....                           | 178     |
| Екі ауылдың ұлымын .....                   | 179     |
| Жасай бер мұнайшылар .....                 | 180     |
| Сирек туған құбылыс .....                  | 180     |
| “Тайғақта мінген атың тағалы ма” .....     | 182     |
| “Ұлым-ау, сүрінгенді табалама” .....       | 182     |
| “Жүйткісін қыздырып жігер” .....           | 182     |
| Еслям ақынға ескерткіш .....               | 183     |
| Қазақтың партизандар көсеміне .....        | 184     |
| Ұстазымның ұлына .....                     | 185     |
| <br>Бөлім. Поэмалар .....                  | <br>187 |

|                                 |     |
|---------------------------------|-----|
| Ата, анасы Қаныштың .....       | 188 |
| Дананың сәтті сапары .....      | 202 |
| “Қаныш-жұлдыз” қарсы алды ..... | 258 |
| Қаныш және Қарсақбай .....      | 263 |
| Ол - адамзат ақыны .....        | 273 |

**Кәкімбек САЛЫҚОВ**

## **ДАНАЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ**

**Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер  
орталығында теріліп, беттелді**

**Баспа директоры Махмут ҚОСМАМБЕТОВ**

**Редакторы Гауһар ҚОШҚАРБАЕВА  
Тех.редактор Құралай РЫСҚАЛИЕВА**

**Компьютерде  
терген Айгүл КЕРІМЖАНОВА  
Дизайнер Ержан Жакупов**

---

**Теруге 04.08. 2003 жіберілді. Басуға 22.09.2003 қол қойылды.**

**Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$  . Қаріп түрі “Таймс”.**

**Көлемі 18,5 баспа табақ. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №17**

---

***480044 Алматы қаласы, Л.Хамиди 4,***

***“Үш Қиян” баспасы. Тел.факс: 34-93-73, 34-93-75.***